

Азаматтық авиацияда ұшуды және авиациялық радиобайланысты радиотехникалық қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 26 наурыздағы № 345 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2015 жылы 5 маусымда № 11285 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 29 маусымдағы № 402 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 29.06.2017 № 402 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңының 14-бабы 1-тармағы 41-17) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Азаматтық авиацияда ұшуды және авиациялық радиобайланысты радиотехникалық қамтамасыз ету қағидасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (Б.К. Сейдахметов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға көшірмелерін жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың

2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтері Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрінің
міндетін атқарушы

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі
_____ В. Школьник

2015 жылғы 24 сәуір

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушының
2015 жылғы 26 наурыздағы
№ 345 бұйрығымен бекітілген

Азаматтық авиацияда ұшуды және авиациялық радиобайланысты радиотехникалық қамтамасыз ету қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Азаматтық авиацияда ұшуды және авиациялық радиобайланысты радиотехникалық қамтамасыз ету қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) ұшуды және авиациялық радиобайланысты радиотехникалық қамтамасыз ету (бұдан әрі - ҰРТҚ және байланыс), ҰРТҚ және байланыс объектілерінің жұмыс істеу сенімділігін қамтамасыз етуге бағытталған техникалық пайдалану және жөндеудің негізгі қағидаларын анықтайды.

2. Осы Қағидалардың талаптарын өзінің қызметінде әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін және азаматтық авиация ұйымдарының (бұдан әрі - АА) өндірістік қызметін қамтамасыз ететін азаматтық авиация ұйымдарында радиотехникалық жабдық пен байланысты пайдалану (бұдан әрі - РТЖБП) қызметінің басшылық және инженерлік-техникалық персоналы іске асырады және қамтамасыз етеді.

3. ӘК ұшуын, авиациялық электр байланысын және азаматтық авиация ұйымдарында өндірістік қызметті радиотехникалық қамтамасыз ету жөніндегі функцияларды РТЖБП қызметі, қызметі осы Қағидаларда регламенттелетін басқа да бөлімшелер жүзеге асырады.

4. ӘК ұшуының қауіпсіздігі мен тұрақтылығы әуежайлардың, әуе жолдарының, жергілікті әуе желілерінің (бұдан әрі - ЖӘЖ), тірек қызметтерінің (пункттері) ҰРТҚ және байланыстың жердегі құралдарымен жабдықталуына, техникалық деңгейіне, осы құралдардың жұмыс істеуінің сенімділігі мен

автоматтандырылу дәрежесіне және ҰРТҚ мен байланыстың жердегі құралдарын пайдаланушы және қолданушы мамандардың дайындық деңгейіне байланысты болады.

5. Осы Қағидаларда мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) АА ұйымы — азаматтық авиация саласында қызметін жүзеге асырушы заңды тұлға;

2) абонент (желіні пайдаланушы) ҰРТҚ және байланыс — өзіне меншіктелген индексі бар және өзінің қызметінде электр байланысы желісін қолданатын ұйым, қызмет немесе лауазымды тұлға;

3) авиациялық бекітілген электр байланыс желісі станциясы - авиациялық бекітілген электр байланысы желісінің бөлігі болып табылатын және мемлекеттің рұқсатымен немесе бақылауында жұмыс істейтін станция;

4) авиациялық әуе электр байланысы - борттық және бекітілген авиациялық станциялардың арасындағы немесе борттық станциялардың арасындағы байланыс;

5) авиациялық бекітілген станция - жердегі авиациялық электр байланысы станциясы;

6) авиациялық радиобайланыс - негізінен аэронавигация қауіпсіздігін, сондай-ақ әуе қатынастарының тұрақтылығы мен тиімділігін қамтамасыз етуге арналған, белгілі бір бекітілген пункттердің арасындағы авиациялық әуе электр байланысы және радиобайланыс;

7) авиациялық электр байланысы - кез келген авиациялық мақсаттарға арналған электр байланысы;

8) авиациялық электр байланысы станциясы - авиациялық электр байланысының жердегі және әуе станциясы;

9) авиациялық электр байланысы арнасы (тарату арнасы) - ақпараттың жөнелтушіден алушыға берілуін қамтамасыз ететін техникалық құрылғылар мен электр сигналдарының және радиосигналдарының таралу ортасының жиынтығы;

10) авиациялық электр байланысы органы - авиациялық электр байланысы станцияларының бір немесе бірнешеуін пайдалануға жауапты орган;

11) авиациялық бекітілген электр байланысы желісі (бұдан әрі - AFTN) - авиациялық жердегі электр байланысының бөлігі болып табылатын және ұқсас немесе сәйкес келетін байланыс сипаттамалары бар бекітілген авиациялық станциялардың арасында хабарлармен және/немесе цифрлық деректермен алмасуды көздейтін бекітілген авиациялық тізбектердің әлемдік жүйесі;

12) ағымдағы жөндеу - бұйымның жұмыс істеу қабілеттігін қамтамасыз ету немесе қалпына келтіру үшін орындалатын және жекелеген бөліктерді ауыстыруды және (немесе) қалпына келтіруді қамтитын жөндеу;

13) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық және эксперименттік авиация қызметі саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

14) айырбастау қоры - тексеру мен жөнделуге жататын бұйымдар, тораптар, блоктар және қондырғыларға техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу кезінде объектілерге (бұйымдарға) орнатылатын, уақытында қызмет көрсетіліп, жөндеуден өткен, тексерілген бұйымдар, тораптар, блоктар және құрылғылардың тұрақты және жүйелі түрде жаңартылып отыратын қоры;

15) алмастыру арқылы резервтеу - негізгі элементтің функциясы резервтегіге негізгі элементтің істен шығуынан кейін ғана берілген кездегі серпінді резервтеу;

16) анықтаушы параметр (белгі) - бақылау объектісінің техникалық жай-күйі түрін анықтауды бақылау үшін қолданылатын объектінің параметрі (белгісі) (бұйымдар, электр байланысы арнасы);

17) апат - елеулі және/немесе тікелей қаупі бар және дереу көмек қажет болатын жағдай;

18) атқарым - бұйымның ұшу сағатымен, қонулар санымен, айналым, іске қосылу санымен, яғни ресурс шығысымен өлшенетін жұмыстың ұзақтығы немесе көлемі;

19) АҮЭ белгілі бір функцияларды орындау үшін қажетті элементтер мен бөлшектердің жиынтығына тұратын және шұғыл ауыстыруға арналған ауыстырудың үлгілік элементі.

20) аэронавигациялық ақпарат - әуе кемелерінің ұшуын қамтамасыз ету, әуе қозғалысына қызмет көрсету және әуе қозғалысын басқару мақсаттары үшін деректерді жинау, талдау және өңдеу нәтижесінде алынған ақпарат;

21) байланыс тізбегі - екі станция арасындағы барлық тура арналарды қосатын байланыс жүйесі;

22) байланыстың бұзылуы - пайдалану үшін маңызы бар уақыт ішінде байланыстың болмауы;

23) басқа ведомстволар - азаматтық авиацияда ұшуды және әуе қозғалысын радиотехникалық қамтамасыз ету мен электр байланысын ұйымдастыруды өз құзыры шегінде жүзеге асырмайтын мекемелер;

24) белгіленген ресурс - бұйымның жиынтық атқарымы, оған жеткен кезде мақсаты бойынша қолдану тоқтатылуы тиіс;

25) борттық станция - әуе кемесінің бортына орнатылған авиациялық әуе электр байланысының жылжымалы станциясы;

26) бұзылу - жұмысқа қабілеттілік жай-күйі сақталған кезде бұйымның жарамды жай-күйі бұзылуына байланысты оқиға;

27) бұйым - белгілі бір міндеттерді орындауға арналған топтап шығарылатын өнімнің бірлігі;

28) бұйымның құрылымдық схемасы - бұйымның негізгі функционалдық бөліктерін, олардың міндеттері мен өзара байланысын анықтайтын сызба;

29) бұйымның істен шығуы - бұйымның жұмыс істеу қабілеттілігінің бұзылуына байланысты оқиға;

30) біртіндеп істен шығу - бұйымның бір немесе бірнеше белгіленген параметрлері белгісінің біртіндеп өзгеруін сипаттайтын істен шығу;

31) жалпы резервтеу - резервтеу элементі тұтастай объекті болып табылатын резервтеу;

32) жарамсыз жай-күй (жарамсыздық) - бұйымның нормативтік-техникалық және (немесе) конструкторлық құжаттаманың талаптарының біріне сәйкес келмеу жай-күйі;

33) жарамды жай-күй (жарамдылық) - бұйымның нормативтік-техникалық және (немесе) конструкторлық құжаттаманың барлық талаптарына сәйкес келген кездегі жай-күйі;

34) жедел техникалық қызмет көрсету - объектінің (бұйымдар, авиациялық электр байланысы арнасы) жұмысқа қабілеттілігін қолдау және бақылау жөніндегі техникалық қызмет көрсету нұсқаулығында (регламентінде) белгіленген күрделі емес техникалық операцияларды тез орындауды көздейтін мерзімді техникалық қызмет көрсету;

35) жеке қорғаныш құралы - бір жұмыс істеушіні қорғауға арналған құрал;

36) жердегі радиосәулені таратушы құрал - радиожииліктерді таратуға арналған және бір немесе бірнеше тарату құрылғыларынан немесе қосалқы жабдықты қоса алғанда, олардың құрамаларынан тұратын жердегі радиотехникалық құрал;

37) жердегі авиациялық электр байланысы - негізінен аэронавигация қауіпсіздігін, сондай-ақ әуе қатынастарының тұрақтылығын, тиімділігін және үнемділігін қамтамасыз етуге арналған, белгілі бір тіркелген пункттердің арасындағы электр байланысы;

38) жүктемеленбеген резерв - негізгі элемент функцияларын орындау басталғанға дейін жүктемеленбеген резервтегі бір немесе бірнеше резервтік элементтерден тұратын резерв;

39) жылжымалы жердегі станция - алдын ала көзделмеген пункттерде қозғалу немесе тоқтау кезінде пайдалануға, борттық станция болып табылмайтын, авиациялық электр байланысы станциясы;

40) жоспарлы жөндеу - нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес жүзеге асырылатын жөндеу;

41) жөндеуге жарамдылық - бұйымның техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жүргізу арқылы жұмысқа қабілеттілік жағдайын қалпында ұстау және қалпына келтіру, істен шығу, бұзылу себептерінің алдын алу және анықтауға бейімделу болып табылатын қасиеті;

42) жұмысқа қабілетті жай-күйі (жұмысқа қабілеттілік) - бұйымның тапсырылған функциялық орындау қабілеттілігі сипатталатын барлық параметрлер мәні нормативтік-техникалық және (немесе) конструкторлық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін кездегі жай-күйі;

43) жұмысқа қабілетсіздік жай-күйі (жұмысқа қабілетсіздік) - бұйымның тапсырылған функцияны орындау қабілеттілігін сипаттайтын параметрінің біреуінің болсын нормативтік-техникалық және (немесе) конструкторлық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмеген кездегі жай-күйі;

44) индекс - телефон станциясының абонентіне тағайындалған нөмір, авиациялық тіркелген электр байланысының желісі станциясының индексі, радиожеліге шақыру белгісі;

45) кенеттен істен шығу - бұйымның бір немесе бірнеше белгіленген параметрлері мәндерінің секіртпелі түрде өзгеруімен сипатталатын істен шығу;

46) кепілдік берілген электр қоректендіру қалқаншасы - электр энергиясымен қоректендірудің бір көзі істен шыққанда, кепілдік уақыт өткен соң кернеу басқа көзден қалпына келтірілетін үлестіргіш құрылғы;

47) қауіпті өндірістік фактор - әсері белгілі бір жағдайда жұмыс істеушінің жарақаттануына немесе денсаулығының басқа да күрт нашарлауына әкеп соқтыратын өндірістік фактор;

48) қосылу схемасы - бұйымның сыртқы қосылуларын көрсететін схема;

49) конструкциялық істен шығу - белгіленген конструкциялау қағидаларының және (немесе) нормаларының жетілмегендігі немесе бұзылуы нәтижесінде туындаған істен шығу;

50) құрылғы - бірыңғай конструкцияны (блок, тақша, шкаф, механизм) білдіретін элементтер жиынтығы;

51) қызмет ету мерзімі - бұйымды пайдаланудың басынан немесе жөндеуден кейін қалпына келтірілгеннен бастап шекті жай-күй басталғанға дейінгі оны пайдаланудың күнтізбелік ұзақтығы;

52) қызметтің белгіленген мерзімі - бұйымды пайдаланудың күнтізбелік ұзақтығы, оған жеткен кезде мақсаты бойынша қолдану тоқтатылуы тиіс;

53) мерзімді бақылай отырып техникалық қызмет көрсету - техникалық жай-күйін бақылау нормативтік-техникалық құжаттамада (регламентте) белгіленген кезеңділікпен және көлеммен орындалатын, ал қалған

операциялардың көлемі техникалық қызмет көрсетудің басталу сәтінен бұйымның техникалық жай-күйіне байланысты анықталатын кездегі техникалық қызмет көрсету;

54) негізгі элемент - объекті, оның элементтерінің істен шығуы болмаған кезде талап етілетін функцияларды орындау үшін қажетті объект құрылымының элементі;

55) НОТАМ - электр байланысы құралдарымен таратылатын және кез келген аэронавигациялық жабдықтың, қызмет көрсету мен қағиданың қолданысқа енгізілгені, жай-күйі немесе өзгергені туралы ақпаратты немесе ұшуды орындауға байланысты уақтылы ескертілуі персонал үшін аса маңызды қатер туралы ақпаратты қамтитын хабарлама;

56) объектінің істен шығуы (байланыстың бұзылуы) - жол берілгеннен артық уақыт ішінде объектінің (электр байланысы арнасының) белгілі бір функциясының (функцияларының) орындалуын қамтамасыз ету үшін пайдаланыла алмауына әкелетін объектінің (электр байланысы арнасының) жұмыс істеу қабілеттігінің бұзылуы болып табылатын оқиға;

57) объектінің (бұйымның) техникалық жай-күйінің түрі - осы объектіге (бұйымға) техникалық құжаттамада белгіленген техникалық талаптарға объект (бұйым) сапасының сәйкес келуін немесе сәйкес келмеуін сипаттайтын техникалық жай-күй. Техникалық жай-күйдің мынадай түрлері белгіленеді: жарамдылық және жарамсыздық, жұмысқа қабілеттілік және жұмысқа қабілетсіздік;

58) объектінің (бұйымның, авиациялық электр байланысы арнасының) жұмысқа қабілеттілігін жедел бақылау - объектінің (бұйымның, авиациялық электр байланысы арнасының) жұмыс істеу процесінде жұмысқа қабілеттілігін технологиялық күрделі емес тексерулерді орындауды көздейтін бақылау;

59) Объектінің ауысым персоналы – ауысым кестесі бойынша жұмыс істейтін , ҰРТҚ және байланыс автоматтандырылмаған объектілерінің жұмысын бақылайтын радиотехникалық жабдық пен байланысты пайдалану қызметі объектілерінің жедел инженерлік-техникалық персоналы;

60) Объектілерінің инженерлік-техникалық персоналы – бескүндік жұмыс аптасына сәйкес жұмыс істейтін, осы Қағидаларға, ҚР пайдалану құжаттамалары мен нормативтік құжаттарына сәйкес жабдықтың пайдалануын қамтамасыз ететін, радиотехникалық жабдық пен байланысты пайдалану қызметі объектілерінің персоналы;

61) оңайлатылған резерв - негізгі элементке қарағанда аздау жүктемеленген режимдегі бір немесе бірнеше резервтік элементтерден тұратын резерв;

62) орташа жұмыс істеудің істен шығуы - осы жұмыс істеу кезінде бұйымның жұмыс істеу санына оның істен шығуының қатынасы;

63) орталықтанбаған электрмен қамтамасыз ету (электр энергиясымен қоректендіру автономиялы көздерінен электрмен қамтамасыз ету) - энергетикалық жүйемен электрлі байланысы жоқ немесе байланысы бар, параллельді немесе біржолды жұмысы қаралмайтын электрмен қамтамасыз ету жүйесі;

64) орталықтандырылған электрмен жабдықтау - тұтынушыларды энергетикалық жүйеден электрмен жабдықтау;

65) өзгертпей жөндеу әдісі - бұйымның белгілі бір данасына, қалпына келтірілген құрамдас бөлшектердің тиістілігі сақталмаған кездегі жөндеу жүргізу әдісі;

66) өлшем құралы - өлшем жүргізуге арналған және нормаланған метрологиялық сипаттамалары бар техникалық құрал;

67) өлшем құралдарын салыстырып тексеру - өлшем құралдарының белгіленген техникалық және метрологиялық талаптарға сәйкестігін анықтау және растау мақсатында мемлекеттік метрологиялық қызмет немесе басқа аккредиттелген заңды тұлғалар орындайтын операциялар жиынтығы;

68) өндірістегі қорғану құралы - қолданылуы бір немесе одан да көп жұмыс істеушілерге қауіпті және (немесе) зиянды өндірістік факторлардың әсер етуінің алдын алатын немесе азайтатын құрал;

69) өндірістік жабдықтың қауіпсіздігі - өндірістік жабдықтың берілген функцияларды орындау кезінде қауіпсіздік талаптарына сәйкес келуін сақтау қасиеті;

70) өндірістік санитария - жұмыс істеушілерге зиянды өндірістік факторлардың әсер етуінің алдын алатын немесе азайтатын ұйымдастырушылық іс-шаралар мен техникалық құралдар жүйесі;

71) өндірістік істен шығу - жөндеу зауытында орындалған бұйымды белгіленген дайындау немесе жөндеу процесінің жетілдірілмеуі немесе бұзылуы нәтижесінде туындаған істен шығу;

72) пайдалану істен шығуы - бұйымды пайдаланудың белгіленген қағидаларының және (немесе) шарттарының бұзылу нәтижесінде туындаған істен шығу;

73) пайдалану құжаттамасы - бұйымның техникалық пайдаланылуын регламенттейтін және пайдалану шектеулерін, рәсімдерді және ұсынымдарды қамтитын құжаттама;

74) параметрдің алдын ала рұқсат етілуі - пайдалану немесе жөндеу құжаттамасына сәйкес бұйымның жұмысқа қабілеттілігін сақтау кезіндегі оның жарамдылығы бұзылған параметрі мәндерінің өзгеру диапазоны;

75) параметрдің шекті рұқсат етілетін мәні - жұмысқа қабілетті бұйымда болуы тиіс параметрдің неғұрлым көп немесе неғұрлым аз мәні;

76) параметрдің (жоғарғы, төменгі) рұқсат етілуі (бұдан әрі - пайдалану рұқсат етілуі) - параметрдің жоғарғы (төменгі) шекті рұқсат етілетін және номиналды мәндерінің арасындағы айырмашылық;

77) резерв еселілігі - объектінің резервтік элементтері санының қысқартылмаған бөлшекте көрсетілген объектінің негізгі элементтерінің резервтелетін санына қатынасы;

78) резервке қосылудың (өтудің) рұқсат етілетін уақыты - ҰРТҚ және байланыс құралдарының жұмысқа толығымен қосылуын қоса алғанда, ҰРТҚ және байланыс құралдарының жабдықтың толық немесе жартылай жинағына қосылу кезеңінде өтетін бұйымға арналған пайдалану құжатында анықталған уақыт;

79) регламенттік жұмыс (операция) - техникалық қызмет көрсету регламентінде көзделген жұмыс (операция);

80) резервтеу - объектінің бір немесе бірнеше элементтері істен шыққан кезде оның жұмыс істеуге қабілетті күйін сақтау мақсатында қосымша құралдарды және (немесе) мүмкіндіктерді қолдану;

81) резервтік элемент - негізі элемент істен шыққан жағдайда оның функцияларын орындауға арналған объект элементі;

82) РТЖБП қызметінің ауысымдық персоналы - РТЖБП қызметінің кезекші ауысымдарының жұмысын ұйымдастыратын, ҰРТҚ автоматтандырылған және автоматтандырылмаған объектілерін жедел бақылауды және басқаруды жүзеге асыратын, сондай-ақ РТЖБП қызметінің сабақтас қызметтермен өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін ауысымдық кесте бойынша жұмыс істейтін радиотехникалық жабдық пен байланысты пайдалану қызметінің жедел инженерлік-техникалық персоналы;

83) сенімділік - бұйым талап етілетін функцияны берілген режимде және пайдалану жағдайында, техникалық қызмет көрсетуді, жөндеуді, сақтауды және тасымалдауды орындауға қабілетті болатын уақытқа байланысты бұйымның қасиеті;

84) сенімділік көрсеткіші - бұйымның сенімділігін құрайтын қасиеттердің бір немесе бірнеше мөлшерлік сипаттамасы;

85) схема элементі - бұйымның белгілі бір функциясын атқаратын және дербес функционалдық мақсатқа ие болған бөлшектерге (резистор, трансформатор, сорғы, жалғастырғыш) бөлінбейтін схеманың құрамдас бөлшегі;

86) техникалық жай-күй - белгілі бір уақыт аралығында осы бұйымға техникалық құжаттамада белгіленген параметрлермен (белгілермен) сипатталатын, пайдалану процесінде өзгеріске ұшыраған бұйым қасиетінің жиынтығы;

87) техникалық жай-күйін бақылау - техникалық жай-күйін анықтау;

88) техникалық жай-күйі бойынша жөндеу - техникалық жай-күйін бақылау нормативтік-техникалық құжаттамада белгіленген мерзімділікпен орындалатын, ал жөндеудің басталуы мен көлемі бұйымның техникалық жай-күйімен анықталатын кездегі жөндеу;

89) техникалық қызмет көрсету регламенті - радиотехникалық бұйымға техникалық қызмет көрсету мерзімділігі мен көлемін белгілейтін құжат;

90) техникалық қызмет көрсету (ТҚК) - бұйымды мақсаты бойынша пайдаланған, сақтаған және тасымалдаған кезде оның жұмыс істеу қабілеттілігін немесе жарамдылығын ұстап тұру жөніндегі операциялар кешені (немесе операция). Техникалық қызмет көрсету (жөндеу) түрі деп мынадай белгілердің біреуі: бар болу кезеңі, мерзімділігі, жұмыс көлемі, пайдалану шарттары, регламенттелуі бойынша бөлінетін қызмет көрсету (жөндеу) түсініледі;

91) техникалық қызмет көрсетудің (жөндеудің) мерзімділігі - техникалық қызмет көрсетудің (жөндеудің) осы түрі мен одан кейінгі сондай түрі немесе аса күрделі басқасының арасындағы уақыт немесе атқарым аралығы;

92) техникалық қызмет көрсетудің технологиялық картасы - регламенттік операцияларды орындау тәртібін, техникалық талаптарды, қолданылатын құралдарды және қажетті еңбек шығындарын қамтитын құжат;

93) техникалық ресурс (ресурс) - белгілі бір түрді жөндеуден кейін бұйымды пайдаланудан немесе қалпына келтіруден бастап шекті жай-күйге өткенге дейінгі атқарым;

94) тоқтаусыздық - бұйымның біршама уақыт немесе біршама атқарым ішінде жұмысқа қабілеттілігін үздіксіз сақтау қасиеті;

95) трансформаторлық қосалқы станция - трансформатордың көмегімен электр энергиясын бір кернеуден екінші кернеу энергиясына айналдыруға арналған қосалқы электр станциясы;

96) түбегейлі электр схемасы - элементтердің толық құрамы мен олардың арасындағы байланысты анықтайтын және бұйым (қондырғы) жұмысының қағидаттары туралы егжей-тегжейлі түсінік беретін схема;

97) ҰРТҚ және байланыс жұмысқа қабілеттілік қоры - бұйымның бекітілген техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүйесінде шекті жай-күйге түскенге дейін жұмысқа қабілеттілігін сақтау қасиеті;

98) ҰРТҚ және байланыс радиотелефондық желісі - біртектес жиілікте жұмыс істейтін және осы жиіліктерді тыңдайтын, сондай-ақ екі жақты байланыстың және "әуе-жер" трафигінің барынша сенімділігін қамтамасыз ету үшін бір-біріне нақты көмек беретін радиотелефондық авиациялық станциялар тобы;

99) ҰРТҚ және байланыс объектісі - ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету және авиациялық электр байланысы құралдарының, стационарлық немесе ұтқыр нұсқада орналастырылған, инженерлік-техникалық персонал қызмет

көрсететін және әуе қозғалысына қызмет көрсетудің, сондай-ақ ұйымның өндірістік қызметінің бірыңғай жүйесінде белгілі бір міндетті атқаруға арналған қосалқы және технологиялық жабдықтардың (автономиялық электрлік қоректендіру құралдары, байланыс, басқарма желілері) жиынтығы;

100) ҰРТҚ және байланыс объектісін электрмен жабдықтау жүйесі - электр энергиясы көздерінен және (немесе) түрлендіргіштерінен, электр желілерінен, тарату құрылғыларынан, олардың параметрлерін берілген шектер ұстап тұруды қамтамасыз ететін басқару, бақылау және қорғау құрылғыларынан тұратын электр энергиясын өндірудің және (немесе) түрлендірудің, берудің және таратудың жалпы үдерісімен біріктірілген жүйе;

101) ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету (ҰРТҚ) - ӘҚ ұшу қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында РТЖБП қызметі мен АА басқа да қызметтері ұйымдары жүргізетін ұшуды радиотехникалық қамтамасыз етудің жер үсті құралдары мен электр байланысының және ұйымдастырушы-техникалық іс-шаралардың кешенін білдіреді;

102) ҰРТҚ және байланыс құралы - өндірушінің шарттарына сәйкес әзірленетін және жеткізілетін және әуе қозғалысына қызмет көрсетудің бірыңғай жүйесінде ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету және (немесе) авиациялық электр байланысы жөніндегі белгілі бір міндетті және (немесе) азаматтық авиация ұйымының өндірістік қызметін қамтамасыз етуге арналған техникалық құрал (бұйым);

103) үздіксіз бақылаумен техникалық қызмет көрсету - нормативтік-техникалық құжаттамада көзделген және техникалық жай-күйін үздіксіз бақылау нәтижелері бойынша орындалатын техникалық қызмет көрсету;

104) үнемі резервтеу - объектінің құрылымын оның элементі істен шыққанда қайта құрусыз резервтеу;

105) функционалдық схема - бұйымның (қондырғы) жекелеген функционалдық тізбектерінде немесе бүтін бұйымда болып жатқан белгілі бір процесті түсіндіретін схема;

106) функционалдық тізбек - белгілі бір бағыттағы желі, арна, жол (дыбыс арнасы, бейнеарна, өте биік жиілік жолы);

107) хабарлама - байланыс желісі арқылы өтетін және осы желі белгілеген форматы бар ақпарат;

108) шамадан тыс артылған резерв - негізгі элемент режиміндегі бір немесе бірнеше резервтік элементтері бар резерв;

109) шекті жағдай - бұйымның одан әрі оны бағыты бойынша қолдануға болмайтын немесе қолданылуы орынсыз, не оның жарамды немесе жұмыс істеуге қабілетті жай-күйін қалпына келтіру мүмкін емес немесе орынсыз жай-күйі;

110) электр байланысы (электр байланысы) - белгілерді, дабылдарды дыбыс ақпаратын, жазбаша мәтінді, бейнелерді, дыбыстарды өткізгіш, радио-, оптикалық және басқа да электрмагнитті жүйелер арқылы беру немесе қабылдау;

111) электр беру желілері - электр станциясы немесе қосалқы станция аумағынан шығатын және қашықтықта электр энергиясын беруге арналған электр желісі;

112) электр энергиясынан қуат алу көзі - тұтынушының немесе тұтынушылар тобының электр энергиясынан қуат алуы жүзеге асырылатын электр қондырғысы ;

113) электр энергиясымен тәуелсіз қуат алу көзі - басқа қуат көзінде немесе көздерінде жоғалуы кезінде кернеу тогы сақталатын электр энергиясынан қуат алу көзі;

114) электр энергиясын қабылдаушы (электр қабылдағыш) - электр энергиясының энергияның басқа түріне өзгеруін жүргізетін қондырғы;

115) электр энергиясынан резервтік қуат алу көзі - негізгі қуат көзінің ағытылуы кезінде қосылатын электр энергиясының қуат көзі;

116) электрлі таратушы құрылғы (таратушы құрылғы) - бір кернеулі токты электр энергиясын қабылдау және таратуға арналған, сондай-ақ коммутациялық аппараттар, қосалқы құрылғылар және оларды қосушы элементтері бар электр қондырғысы;

117) ADS-B - радиохабар тарату режиміндегі автоматты тәуелді бақылау;

118) TIS-B - in – әуе қозғалысы туралы ақпараттық радиохабар тарату қызметі . TIS-B out деректер көзі беретін бақылау деректерін қабылдау және өңдеуді қамтамасыз ететін бақылау функциясы;

119) TIS-B - out – әуе қозғалысы туралы ақпараттық радиохабар тарату қызметі. TIS-B out мүмкіндіктері бар қабылдағыштар үшін қолайлы форматтағы жер үсті датчиктері беретін бақылау ақпаратын кезеңдік радиотаратуды қамтамасыз ететін жер үсті функциясы.

2. ҰРТҚ және байланысты ұйымдастыру

1-параграф. ҰРТҚ және байланыс құрылым мен құралдары

6. ҰРТҚ және байланыс құрылымы - ӘК ұшу қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында РТЖБП қызметі мен АА-ның басқа да қызмет ұйымдарымен пайдаланатын ҰРТҚ және байланыстың радиотаратушы жер үсті құралдарының кешені.

РТЖБП қызметі ҰРТҚ және байланыс объектілерінен (құралдарынан) тұрады , олар ұйымдастырушы және техникалық инфрақұрылыммен бірлесіп, жұмыстардың көлемі мен түрлеріне байланысты мынадай кешендерді құрады:

- 1) радиолокация;
- 2) радионавигация;
- 3) радиолокация мен радионавигация;
- 4) электр байланысы;
- 5) ӘҚБ (бұдан әрі - әуе қозғалысын басқару) автоматтандыру құралдары.
- 6) ұшуды электр-техникалық қамтамасыз ету.

7. Осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген кешендерді біріктіру ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету кешендерін (ҰРТҚК) құрады. Аэронавигациялық қызмет көрсетудің қолданылу аймағын кеңейту үшін ҰРТҚК қашықтықтағы позициялары жасалады.

8. ҰРТҚ және байланыс құралдары техникалық-пайдалану құжаттамасына (бұдан әрі - ТПҚ) сәйкес қатаң қолданылады. ҰРТҚ және байланыс құралдарының техникалық сипаттамалары ТПҚ-да келтірілген параметрлердің мәндеріне сәйкес болады және пайдалану процесінде берілген шектерді ұстанады.

9. ҰРТҚ және байланыс құралдарын объектіде орналастыру пайдалану және жобалау құжаттамасының талаптарына жауап береді.

10. ҰРТҚ және байланыс құралдары объектілерінің инженерлік-техникалық персоналының саны ҰРТҚ және байланыс нақты құралдарын, белгіленген нысандарды, техникалық қызмет көрсетудің әдістерін ескере отырып белгіленеді және оны АА ұйымы анықтайды.

11. Электрмен жабдықтаудың негізгі көздері ретінде электр энергиясын орталықтандырылған электрмен жабдықтау жүйесінен алатын көздер пайдаланылады. Резервтік көздер ретінде резервтік электр желісі, дизель-генераторлары, аккумуляторлар және басқа да электрмен жабдықтау көздері пайдаланылады.

12. ҰРТҚ және байланыс объектілерін электрмен жабдықтау жобалау құжаттамасымен құрылыс нормалары мен қағидаларына (ҚНЖҚ) сәйкес қамтамасыз етіледі.

13. Ұшуды қамтамасыз етумен тікелей байланысты емес электр энергиясын тұтынушылардың ҰРТҚ және байланыс құралдарының кепілді электрлік қоректендіру қалқанына қосылуына жол етілмейді.

14. Метеорологиялық жабдық пен ҰРТҚ және байланыс объектілерінің жабдығы жұмысының қалыпты жағдайларын (жылу беру, желдеткіш, кондиционерлеу, авариялық жарықтандыру) және жарық - техникалық жабдықты қашықтан басқаруды қамтамасыз етуге арналған жабдықтарды бұл жүктемелерді тоқтан тиісті қорғауы бар жекелеген автоматты ажыратқыштарға бөлу шартымен қосуға жол беріледі.

15. Бастапқы кірісу, қону және рөлдеу диспетчерінің жұмыс орындарында резервтік дизель-генераторларының қуаттылығы жеткілікті болған кезде шыныны жылыту элементтері қосылады.

2-параграф. ҰРТҚ және байланыс объектілерінің жұмысын бақылау

16. ҰРТҚ және байланыс құралдары қозғалыс қызметінің ұшу басшысымен (диспетчермен) келісім бойынша және РТЖБП қызметінің ауысымдық персонал журналына осы Қағиданың 1-қосымшасында көрсетілген және құжаттау құрылғысына міндетті түрде жаза отырып ауыстырып қосылады, қосылады және ажыратылады. РТЖБП қызметінің ауысымдық персоналы журналында ҰРТҚ және байланыс құралдарының жұмыс сапасы, олардың жұмысында ескертулердің бар болуы немесе жоқтығы туралы жазу жазылады.

17. ҰРТҚ және байланыс объектісінің жұмысқа қабілетсіз күйінің ұзақтығы жұмысты тоқтатқан сәттен бастап жұмыс істеу қабілеттігі қалпына келтірілгенге дейін есептеледі және РТЖБП қызметінің ауысымдық персоналы журналына жазылады.

18. ҰРТҚ және байланыс құралының істен шығуының әрбір жағдайын, себептеріне қарамастан, АА ұйымының басшысы тағайындаған комиссия тексереді. Тексеру нәтижелері осы Қағиданың 2-қосымшасындағы нысанға сәйкес көрсетілген істен шығуды тексеру актісімен ресімделеді.

19. Инженерлік-техникалық персоналдың тұрақты емес қатысуымен жұмыс істейтін ҰРТҚ және байланыстың автоматтандырылған объектілерінің жұмыс істеу қабілеттілігін бақылауды РТЖБП қызметінің ауысымдық персоналы (саны кемінде 2 маман тәулік бойы жасайтын әуеайлақтарда) қашықтан бақылау және басқару жүйесінің дабылдары, диспетчерлік және ұшу құрамының шақырулары бойынша жүзеге асырады.

20. ҰРТҚ және байланыстың автоматтандырылған объектілерінде қосымша мыналар болады:

- 1) жұмыс істеу қабілеттілігін қашықтықтан басқару мен бақылау жүйесі;
- 2) резервтік электрлік қоректендіру көзін автоматты іске қосу және қашықтықтан ажырату құрылғылары;
- 3) күзет және өрт сигнализациясы.

21. Объектілердің инженерлік-техникалық персоналы бар ҰРТҚ және байланыс объектілерінде ҰРТҚ және байланыс құралдарының жұмыс істеу қабілеттілігін бақылауды объектінің конструкциясы мен мақсатына байланысты, электр байланысы арнасына байланысты автоматтандырылған құралдардың дабылдары, қондырылған бақылау-өлшеу аспаптарының, бақылау

индикаторларының көрсеткіштері бойынша, ұшуларды және байланысты радиотехникалық қамтамасыз етуді пайдалану абоненттеріне сұрау жүргізу, олардың сөздерін тыңдау нәтижелері бойынша авиациялық электр байланысы арналарының жұмыс сапасын бағалау бойынша РТЖБП қызметінің ауысым персоналы жүзеге асырады.

22. Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін диспетчерлер қызметі мен лауазымды тұлғалардың сөйлесулерін міндетті құжаттандыру, сондай-ақ радиолокациялық ақпаратты құжаттандыру РТЖБП қызметінің техникалық құралдарының көмегі мен жүргізіледі. Құжаттандыруды жүргізу тәртібі осы Қағиданың 3-қосымшасында белгіленген.

23. Азаматтық авиация ұйымының (бөлімшенің) басшы құрамы ҰРТҚ және байланыс объектілерінің жай-күйін және оларды техникалық пайдалануды мынадай сирек емес кезеңділікпен:

1) РТЖБП қызметінің бастығы (басшысы) - жарты жылда 1 рет;

2) қызмет бастығының орынбасары (объектілер мен кешендердің жетекші инженері) - тоқсанына 1 рет бақылайды.

24. Бақылау нәтижелері объектінің жедел журналында белгіленеді.

3-параграф. РТЖБП қызметінің кезекші ауысымдарының жұмысын ұйымдастыру

25. ҰРТҚ және байланыс құралдарының сенімді қызметін қамтамасыз ету үшін АА ұйымы (бөлімшесі) басшысының шешімі бойынша РТЖБП қызметінің ауысым бойынша инженерлік-техникалық персоналдың кезекшілігі ұйымдастырылады.

26. ӘК ұшуын радиотехникалық қамтамасыз ету жөніндегі жалпы міндетті орындайтын ҰРТҚ және байланыс объектілерінің ауысым персоналы мен инженерлік-техникалық персоналы пайдаланымдық топты білдіреді және жедел қатынаста РТЖБП қызметінің ауысымдық персоналына тікелей бағынады.

27. РТЖБП қызметінің ауысымдық персоналы жердегі ҰРТҚ және байланыс құралдарының істен шығусыз және сапалы жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі қызмет объектілерінің жұмысына жедел басшылықты жүзеге асырады, ҰРТҚ және байланыс құралдарының жұмысы жөнінде ұшу және диспетчерлік персоналдың ескертулерін талдайды және олардың істен шығулары мен жарамсыздығы себептерін жою жөнінде шұғыл шаралар қабылдайды, РТЖБП қызметі объектілерінің және ауысымдық кезекшінің жұмысын бақылайды, автоматтандырылған объектілерді басқаруды және олардың жұмыс істеу қабілеттігіне жедел бақылауды жүзеге асырады.

28. ҰРТҚ және байланыс объектілерінің ауысым персоналы мен инженерлік-техникалық персоналының авариялық жағдайдағы іс-әрекетін АА ұйымының (бөлімшесінің) басшысы белгілейді.

29. ҰРТҚ және байланыс құралдарының жұмыс істеу қабілеттілігі бұзылған кезде объектілердің кезекші инженерлік-техникалық персоналы мыналарды:

1) резервтік жабдықты, резервтік электрлік қоректендіру көздерін, байланыс арналарын резервке қою жөніндегі жергілікті нұсқаулықта көрсетілген нормативтік уақыт ішінде жұмысқа қосуды қамтамасыз етеді;

2) РТЖБП қызметінің ауысымдық персоналына қалыптасқан жағдай мен қабылданған шаралар туралы баяндайды;

3) жедел журналға объектінің (байланыс арнасының) жұмысындағы үзілістің басталу және аяқталу уақытын белгілейді;

4) объектінің (байланыс арнасының) жұмыс істеу қабілеттілігі бұзылуының себептерін анықтау және жою үшін шаралар қабылдайды;

5) қалпына келтіру жұмыстары аяқталған соң РТЖБП қызметінің ауысымдық персоналына объектінің жұмыс істеу қабілеттілігінің қалпына келтірілгені туралы баяндайды.

30. ҰРТҚ және байланыс құралдарын резервтеу жөніндегі нұсқаулықта:

1) негізгі жабдық (байланыс арналары);

2) резервтік жабдық (байланыс арналары);

3) резервтік жабдыққа көшу тәртібі (байланыс арналары);

4) резервті енгізу уақыты;

5) резервтік жабдықты тексеру тәртібі (байланыс арналары) көрсетіледі.

31. РТЖБП қызметі мен ӘҚҚ қызметінің өзара іс-қимыл жасау тәртібі АА ұйымының (бөлімшесінің) басшысы бекіткен өзара іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықпен белгіленеді.

32. ҰРТҚ және байланыстың негізгі құралдары зақымданған жағдайда РТЖБП қызметінің ауысым персоналы ҰРТҚ және байланыс құралдарын резервтік құралға ауыстыру жөнінде шаралар қабылдайды, ол туралы ӘҚҰ қызметінің ұшулар басшысына (диспетчерге) баяндайды.

33. Радиотехникалық қамтамасыз ету объектілерінің (байланыс арналарының) негізгі электрлік қоректендіру көздері зақымдалған кезде РТЖБП қызметінің ауысым персоналы резервтік электрлік қоректендіру көздеріне ауыстыру жөнінде шаралар қабылдайды, ол туралы ұшулар басшысына, РТЖБП қызметінің бастығына хабарлайды және электрмен жабдықтау ұйымының персоналына хабардар етеді.

34. ҰРТҚ және байланыстың автоматтандырылған объектілерін қашықтықтан басқару мен электрлік қоректендіру байланыс желілерін қалпына келтіру жөніндегі жұмыс кезінде мамандардың тұрақты кезекшілігі белгіленеді, олар

үшін РТЖБП қызметінің ауысым персоналымен байланыс тәсілдері белгіленеді және құралдары бөлінеді.

35. Қалпына келтіру жұмыстарының аяқталғаны туралы РТЖБП қызметінің ауысымдық персоналы ұшулар басшысына (диспетчерге) баяндайды және оның рұқсатымен ҰРТҚ және байланыстың автоматтандырылған объектілерін қашықтан басқаруға және электр энергиясымен қоректендірудің негізгі көздеріне ауыстыру туралы нұсқау береді.

36. ҰРТҚ және байланыс құралдары жұмысындағы ӘК ұшуларының қауіпсіздігі мен тұрақтылығының бұзылуына әкелетін барлық өзгерістер туралы РТЖБП қызметінің ауысым персоналы РТЖБП қызметі басшылығына және ұшулар басшысына (қозғалыс қызметі диспетчеріне) дереу баяндайды.

38. РТЖБП қызметінің ауысым персоналы АА басшы ұйымдары (бөлімшелері) бекіткен лауазымдық нұсқаулықты, ҰРТҚ және байланыс құралдарын резервте сақтау жөніндегі нұсқаулықты, осы Қағиданы және басқа нормативтік құжаттарды басшылыққа алады.

39. РТЖБП қызметінің ауысымдық персоналы ҰРТҚ және байланыс құралдарының жұмысы көрсетілген журналды жүргізеді осы Қағиданың 4-қосымшасына көрсетілген.

40. РТЖБП қызметі объектісінің ауысым персоналы ауысымды қабылдау кезінде:

1) ҰРТҚ және байланыс құралдарының қызмет көрсететін негізгі және резервтік жиынтықтарының бар болуын, жағдайын және жұмысқа қабілеттілігін;

2) электр қуатымен қоректенетін резервтік көздердің дайындығын;

3) мүліктердің, пайдалану құжаттамасының, өлшейтін аспаптардың, керек қосалқы бөлшектерінің шұғыл жиынтықтарының құрал-саймандарының тізілімі бойынша болуын.

4) жеке қорғаныс құралдарының және олардың дұрыстығын, өндірістік жабдықтардың қауіпсіздігін, жазатайым оқиғалар кезінде зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету үшін дәрігерлік қобдишаның болуын;

5) өрт сөндіру құралдарының дұрыстығын және бар болуын, объектінің өртке қарсы қауіпсіздік жағдайын тексереді.

Кезекшілікті қабылдау және тапсыру объектінің ауысым персоналының РТЖБП қызметінің ауысым персоналы үшін осы Қағидаларға "- журналында 1-қосымшаға және объектінің ауысым персоналы бар объектілер үшін осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес ресімделеді.

41. Объектінің ауысым персоналы кезекшілікті қабылдау мен тапсырудың нәтижелері мен объектінің жұмысқа (жабдықтың) дайындығы туралы РТЖБП қызметінің ауысым персоналына баяндайды.

42. РТЖБП қызметінің ауысым персоналы автоматтандырылған объектілердің бақылау құралдарынан, объект бойынша кезекшілердің баяндамаларынан алынған ақпарат негізінде осы Қағиданың 5-қосымшасына сәйкес кезекшілікті қабылдау мен ҰРТҚ және байланыс құралдарының жұмысқа дайындығы туралы ӘҚҰ қызметінің ұшу басшысына баяндайды.

43. РТЖБП қызметінің ауысым персоналы ӘҚҚ қызметінің кезекші ауысымының нұсқамасына қатысады.

4-параграф. Пайдалану және авариялық жағдайлар үдерісінде РТЖБП қызметінің азаматтық авиацияның басқа қызметтері мен ұйымдарымен өзара іс-қимылы

44. Өндірістік қызметті қамтамасыз ету үшін РТЖБП қызметіне техникалық ғимараттар, құрылыстар, өндірістік және қойма үй-жайлары бөлінеді.

45. РТЖБП қызметі бастапқы талаптарды әзірлеуге, жобалауға қажетті техникалық тапсырмаларды келісуге, іздеу жұмыстарына, жобалау құжаттамасын қарау мен келісуге, құрылыс-монтаж жұмыстарын техникалық қадағалауға, сондай-ақ қабылдау және пайдалану сынақтарына қатысады.

46. Әуеайлақтың ҰРТҚ және байланыс объектілеріне радиомаяк жүйесі, кіреберіс жолдар объектілерінің ауыспалы аймағын таңбалауды және күтіп ұстауды әуеайлақтың қызметі қамтамасыз етеді.

47. ҰРТҚ және байланыс объектілерін орталықтандырылған электрлік қоректену көздерінен және әуежайдың жергілікті электр станциясынан электрмен жабдықтауды энергиямен жабдықтаушы ұйымдар қамтамасыз етеді.

48. ҰРТҚ және байланыс объектілерінде, ӘҚҚ пункттеріндегі энергиямен жабдықтаушы (энергия таратушы) ұйым мен РТЖБП қызметі арасындағы теңгерімдік тиесіліліктің аражігін ажырату шекарасы энергиямен жабдықтаушы (энергия таратушы) ұйыммен келісілім бойынша белгіленеді және осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес актімен ресімделеді.

49. Радиотехникалық объектілерге және желілік-кәбілдік құрылыстарға жақын жердегі учаскелер аумағындағы жер қазу жұмыстарын бөгде ұйымдардың орындауы РТЖБП қызметімен келісуді талап етеді. Жұмыстар РТЖБП қызметі өкілдерінің қатысуымен орындалады.

3. ҰРТҚ және байланыс құралдарының жұмыс істеу сенімділігін қамтамасыз ету

1-параграф. Сенімділік көрсеткіштері

50. ҰРТҚ және байланыс құралдарының жұмыс істеу сапасы оның белгіленуіне сәйкес құралдарын белгілі бір функцияларды орындау қабілеттілігін сипаттайтын қасиеттерінің жиынтығымен айқындалады.

51. Жердегі ҰРТҚ және байланыс құралдарының жұмыс істеу сенімділігі мыналармен:

1) схемалық-конструктивтік орындаумен, қолданылатын жинақтаушы элементтердің сапасымен;

2) автоматтандыру дәрежесімен, резервтеумен, электрмен жабдықтау сенімділігімен, байланыс және басқару жолдарымен, техникалық пайдалануды ұйымдастырумен, техникалық қызмет көрсетудің және жөндеудің сапасымен, инженерлік-техникалық персоналдың кәсіби даярлығымен және тәртібімен;

3) пайдалану шарттарымен, электромагниттік жағдаймен, климаттық және метеорологиялық факторлармен, ионосфералық құбылыстармен, радиотолқынның өтпеуімен;

4) тасымалдау және сақтау шарттарымен анықталады.

52. ҰРТҚ және байланыс құралдарының істен шықпауы істен шығуға (зақымдануға) арналған орташа жұмысымен сипатталады.

53. Істен шығуға (зақымдануға) арналған істелген (жиынтық) жұмысы осы Қағидаларда 7-қосымшада келтірілген формула бойынша анықталады.

54. ҰРТҚ және байланыс құралдарының жөндеуге жарамдылығы оның жұмыс істеу қабілеттігін қалпына келтірудің орташа уақытымен сипатталады.

55. Жұмыс істеу қабілеттігін қалпына келтірудің орташа уақыты осы Қағидаларға 7-қосымшада келтірілген формула бойынша анықталады.

56. ҰРТҚ және байланыс құралдарының жұмыс істеу қабілеттігін қалпына келтіру уақыты істен шығудың (зақымданудың) себептерін іздестіруге және істен шығудың (зақымданудың) салдарын жоюға жұмсалған уақытты қамтиды. Құралдардың жұмыс істеу қабілеттілігін қалпына келтіру кезіндегі ұйымдастырушылық кідірулер жеке ескеріледі.

57. ҰРТҚ және байланыс құралдарының сенімділік көрсеткіштері ұшу қауіпсіздігі талаптарын негізге ала отырып белгіленеді, оларды әзірлеу, шығару кезінде негізге алынады және пайдалану үдерісінде қамтамасыз етіледі.

58. ҰРТҚ және байланыс құралдарының жұмыс істеу қабілеттілігі ресурсы пайдаланудың басынан немесе жөндеуден кейін қалпына келтірілгеннен бастап атқарылған шығарылғанға дейінгі істеген жұмысы (ресурстар) мен күнтізбелік пайдаланумен қызмет ету мерзімімен сипатталады.

59. Көрсеткіштер құралдың формулярында (паспортында) келтіріледі және пайдалану тәжірибесінің негізінде нақтылануы мүмкін.

60. ҰРТҚ және байланыс құралдарының қосылу, ажыратылу уақыты, жұмыс ұзақтығы РТЖБП қызметінің ауысым персоналының журналында осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес есепке алыну тиіс.

61. Атқарылған жұмысты есепке алу құралдың электр қоректенуін басқару элементін "Қосылған" деген қалыпқа ауыстыру сәтінен бастап жүргізіледі.

62. Атқарылған жұмысты есепке алу бұйым формулярында мыналар үшін:

1) санауышпен жабдықталған құралдар үшін - санауыштың көрсеткіші бойынша;

2) жүктелген немесе жеңілдетілген резерві бар (әзірлеуші кәсіпорынмен көзделген) құралдар үшін - барынша көп жұмыс істеген құрал (негізгі немесе резервтік) санаушының көрсеткіштері бойынша;

3) өнім беруші көздеген, жүктелмеген резерві бар құралдар үшін - көрсеткіштері қосылып есептелетін санауыштар бойынша жүргізіледі.

63. Санауыштармен жабдықталмаған ҰРТҚ және байланыс құралдары үшін олардың істелген жұмысы РТЖБП қызметі ауысым персоналының журналынан алынған деректер бойынша тәулік бойғы жұмысы кезінде күнтізбелік деректер бойынша жүргізіледі.

64. ҰРТҚ және байланыс құралдарының пайдалану үдерісіндегі жарамдылығы, жөндеуге жарамдылығы және қолданылу ұзақтығы істен шығулар мен зақымданулар жөніндегі статистикалық деректерін талдау, сондай-ақ олардың туындау себептерін талдау нәтижелері бойынша бағаланады.

65. ҰРТҚ және авиациялық электр байланысы құралдарының істен шығулары мен зақымдануларын есепке алу мен талдау мынадай:

1) топтап шығарылатын ҰРТҚ және байланыс құралдарының сенімділігін оларды пайдалану нәтижелері бойынша бағалау;

2) істен шығулар мен зақымданулардың себептерін және іске асырылуы тиіс топтап шығарылатын және жаңадан әзірленетін ҰРТҚ және байланыс құралдарының сенімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстар мен іс-шаралардың әзірленуін талдау;

3) ТҚ мен жөндеудің көлемдерін және мерзімділігін оңтайландыру;

4) пайдалану және жөндеу құжаттамасын жетілдіру, ҚАҚ құрамы мен шығыстық нормаларын оңтайландыру;

5) пайдаланылатын ҰРТҚ және байланыс құралдарының техникалық ресурстарын (қызмет ету мерзімдерін) негіздеу мақсатында жүргізіледі.

66. Құралдардың барлық істен шығулары мен зақымданулары, олардың пайда болу себептері және жұмыс істеу қабілеттілігін қалпына келтіру уақыты ҰРТҚ және байланыс құралдарына берілген формулярлар мен паспорттарда ескеріледі. Формулярды жүргізу қағидасы осы Қағиданың 8-қосымшасында келтірілген.

67. Жабдық формулярсыз (паспортсыз) келіп түскен жағдайда формулярды РТЖБП қызметі жүргізеді.

68. ҰРТҚ және байланыс құралдарының жарамдылығының көрсеткіштерін талдау үшін осы Қағиданың 9-қосымшасына сәйкес қызмет ету мерзімі ішінде құралдардың істен шығулары мен зақымдануларының жинақтауыш картасы толтырылады.

2-параграф. ҰРТҚ және байланыс құралдарын резервке қою

69. Ұшу қауіпсіздігі талаптарын негізге ала отырып, ҰРТҚ және байланыс құралдарының істен шықпауының қажетті деңгейіне резервке қою арқылы қол жеткізіледі.

70. Аса жоғары жиіліктер мен жоғары жиіліктер (бұдан әрі - АЖЖ, ЖЖ) ауқымындағы радиолокация, радионавигация, әуе радиобайланысы құралдарының, радиолокациялық ақпаратты бейнелеудің немесе әуе қозғалысын басқаруды автоматтандырудың (бұдан әрі - ӘҚБ АЖ), сондай-ақ АЖЖ ауқымындағы авиациялық әуе байланысының арналары радиотаратқыштарының резервіленеді.

71. Диспетчерлік пункттердің АЖЖ ауқымындағы авиациялық әуе байланысының арналарында "Метео", "Іздестіру-құтқару" (123,1 МГц), "ӘҚБ радиобайланысының резервтік жиіліктері" (арна ӘҚБ радиобайланысының жиілігін блоктау кезінде қолданылады), "Бірлесіп орналастыру әуеайлақтарының бірыңғай командалық жиіліктері" (арна мемлекеттік авиация ӘК-мен радиобайланыс үшін қолданылады) арналарын қоспағанда, АЖЖ диапазонындағы әрбір арнада антенналық-фидерлік жүйесі (бұдан әрі - АФЖ) бар қабылдау және тарату құрылғыларының немесе қабылдау-тарату құрылғысының (трансивердің) негізгі және резервтік жиынтықтары көзделеді, радиобайланыс құралдары жиынтықтарының біреуі үшін химиялық ток көздерінен ұзақтығы кемінде 2 сағат болатын авариялық электрмен қамтамасыз ету көзделген.

72. 71-тармақта көрсетілгеннен басқа, авиациялық электр байланысының өзге де арналары үшін резервтік жабдық саны (радиостанциялар, радиотаратқыштар, радиоқабылдағыштар, АFTN автоматтандырылған жұмыс орындарын ұйымдастыруға арналған жабдықтар) осы Қағиданың 7-қосымшасында келтірілген формула бойынша анықталады.

73. Азаматтық авиация ұйымының тәулік бойғы жұмысы кезінде құжаттандыру жүргізу мақсаттарына арналған көпарналы құрылғылар ақпаратты құжаттандырудың бір объектісіне бір құрылғы есебімен резервтеледі.

74. Пайдаланымдағы ҰРТҚ және байланыс құралдарын резервке ауыстырып қосудың (өткізудің) рұқсат етілген уақыты осы құралдарды жасаушы кәсіпорындардың (жеткізушілердің) пайдалану құжаттамасында көрсетіледі. Қажет болған жағдайда, осы не басқа ҰРТҚ және байланыс құралын пайдалану құжаттамасында резервке ауыстырып қосудың (өткізудің) рұқсат етілген уақыты туралы деректер болмаған жағдайда, РТЖБП қызметі мен ӘҚҰ қызметінің мамандары бірлескен хаттаманы ресімдей отырып, осы құралдарды резервке ауыстырып қосудың (өткізудің) рұқсат етілген уақытына хронометраж жүргізеді.

75. Резервке ауысу (бұрылу) ҰРТҚ және байланыс құралдарын резервке қою жөніндегі нұсқаулықта белгіленген аз уақыт ішінде жүзеге асырылады.

76. ҰРТҚ және байланыс құралдарын резервке (электр байланысының айналма арналарына) ауыстырып қосудың (өткізудің) нормативтік уақыты, сондай-ақ инженер-техникалық персоналдың іс-қимылы ҰРТҚ және байланыс объектілерін резервтеу жөніндегі нұсқаулықтарда көрсетіледі. Нұсқаулықтарға объекті басшысы қол қояды, ол ӘҚҰ қызметінің басшысы келіседі, оны РТЖБП қызметінің басшысы бекітеді және ол объектіде болуға тиіс. ҰРТҚ және байланыс құралдарын резервке (электр байланысының айналма арналарына) ауыстырып қосудың (өткізудің) нормативтік уақытының деректері АА ұйымының (филиалының) басшысы келіседі, бекітеді және қозғалыс қызметіне қол қойғыза отырып, осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес жұмыста пайдалану үшін беріледі.

77. ҰРТҚ және байланыс құралдарын резервке ауыстырып қосудың (өткізудің) нормативтік уақытының деректері РТЖБП қызметінің ауысым инженерінің жұмыс орнында болады.

4. ҰРТҚ және байланыс құралдарын техникалық пайдалану

1-параграф. ҰРТҚ және байланыс объектілерін техникалық пайдалануды ұйымдастыру

78. ҰРТҚ және байланыс объектілерін техникалық пайдалану ҰРТҚ және байланыс құралдарын оларға белгіленген қызмет ету мерзімі (ресурсы) кезеңінде олардың белгіленген сенімділік деңгейімен жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған ұйымдастыру және техникалық іс-шаралар кешені болып табылады. ҰРТҚ және байланыс құралдарының пайдаланылуы "Радионавигациялық құралдарды сынау жөніндегі басшылыққа" (Том 1, 2, 3) Doc 8071 және Чикаго конвенциясы 10-қосымшасының ИКАО ұсыныстарымен және құжаттарына (Том 1, 2, 3, 4, 5) сәйкес жүзеге асырылады.

79. ҰРТҚ және байланыс құралдарын техникалық пайдалану мыналарды қамтиды:

- 1) ҰРТҚ және авиациялық электр байланысы құралдарын пайдалануға енгізу кезеңіндегі іс-шаралар;
- 2) ҰРТҚ және байланыс құралдарына техникалық қызмет көрсету;
- 3) ҰРТҚ және байланыс құралдарын жөндеу;
- 4) қызмет ету мерзімін (ресурсын) ұзарту;
- 5) ұшу кезіндегі және жердегі тексерулерді жүргізу;
- 6) ҰРТҚ және байланыс құралдарына техникалық қызмет көрсетуді метрологиялық қамтамасыз ету;
- 7) ҰРТҚ және байланыс құралдарына өнеркәсіптік бюллетеньдер бойынша жетілдіру жүргізу;
- 8) инженерлік-техникалық персонал даярлау және олардың біліктілігін жоғарылату;
- 9) пайдалану құжаттарын тізбеге сәйкес жүргізу осы Қағиданың 11-қосымшасына сәйкес;
- 10) материалдық-техникалық қамтамасыз ету.

80. РТОП және байланыс құралдарына техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді метрологиялық қамтамасыз ету үшін өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы нормативтік құжаттармен белгіленген пайдалану шарттары мен талаптарына сәйкес келетін және өлшеулер бірлігін қамтамасыз ету саласындағы заңнамаға сәйкес қолданылуға жол берілетін өлшеу құралдары қолданады.

81. РТЖБП қызметінің басшылық құрамы басқарушы құжаттардың талаптарын инженерлік-техникалық персоналмен уақытында оқып білу мен орындауды ұйымдастырады, құжаттардың есебі мен сақталуын бақылайды.

82. ҰРТҚ және байланыс объектілерінің техникалық пайдалануы осы Қағидалардың, пайдалану құжаттарына сәйкестігі талаптарына және ҰРТҚ мен байланыс құралдарының Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясында әуеайлақтардың (тікұшақ айлақтардың) пайдалануға жарамдылығы нормаларының (бұдан әрі – ҚРАА ӘПЖН) талаптарына сәйкестігін бақылауды:

сала аясында — Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган;

АА ұйымы саласында — АА ұйымы мен РТЖБП қызметінің басшылығы жүзеге асырады.

83. РТЖБП қызметінің құрылымы осы Қағидаларда белгіленген міндеттерді ескере отырып әзірленеді.

2-параграф. ҰРТҚ және байланыс құралдарына техникалық қызмет көрсету

84. ҰРТҚ және байланыс құралдарына техникалық қызмет көрсету (бұдан әрі - ТҚК) белгіленген норма шегінде ҰРТҚ және байланыс құралдарының

пайдалану сипаттамаларын (параметрлерін) сақтап тұру және істен шығуды ескерту, қажетті сенімділікті сақтау мақсатында жүзеге асырылады және ұйымдастырылады, АА ұйымының РТЖБП қызметінің инженерлік-техникалық персоналы жүзеге асырады.

85. ҰРТҚ және байланыс құралдарына ТҚК техникалық қызмет көрсету регламентіне және жабдықты өндіруші ұйымның (жеткізушінің) пайдалану жөніндегі нұсқаулығына сәйкес орындалады. Техникалық қызмет көрсету регламенті болмаған жағдайда, аталған құжатты РТЖБП қызметі жергілікті пайдалану талаптарын ескер отырып әзірлейді және АА ұйымының (бөлімшесінің) басшысы бекітеді.

86. ҰРТҚ және байланыс құралдарына ТҚК жүйесінде қалыпты қызметін қамтамасыз ету бойынша жұмыс көлемі объектінің (байланыс арнасының) немесе жеке құралдың техникалық күйімен анықталады.

87. Техникалық күйін (жұмыс қабілеттілігі, жарамдылығы) анықтайтын параметрлер мәндерін бақылау нәтижелері бойынша, берілген қызметтің сапасын сипаттайтын белгілер бойынша бағаланады.

88. Анықтайтын параметрлерді олардың номиналды мәндерімен (талаптарымен) сәйкестікке келтіру жұмыстары анықтайтын параметрлер мәндерінің алдын алу рұқсатының шегінен ауытқып кеткен жағдайда орындалады.

89. Кезеңдік бақыланатын ТҚК, ТҚК (ТҚК-1) жұмыс істеуін жедел бақылауды, апта сайынғы (ТҚК-2, 170 сағат жұмыс көлемінен кейін), ай сайынғы (ТҚК-3, 750 сағат жұмыс көлемінен кейін), тоқсан сайынғы (ТҚК-4, 2250 сағат жұмыс көлемінен кейін), жарты жыл сайынғы (ТҚК-5, 4500 сағат жұмыс көлемінен кейін), жыл сайынғы (ТҚК, 8800 сағат жұмыс көлемінен кейін), маусымдық ТҚК (ТҚК-С) бақылауды көздейді.

90. Маусымдық техникалық қызмет көрсету, егер ТҚК-ның аталған түрі пайдалану-техникалық құжаттама бойынша көзделген болса, ҰРТҚ және байланыс құралдарының көктемгі-жазғы кезеңдегі (КЖК) және күзгі-қысқы кезеңдегі (ККК) жұмысқа дайын болған жағдайда жүргізіледі.

91. ҰРТҚ және байланыс құралдары үшін мерзімді ТҚК өткізу мерзімі регламент бойынша тек қана күнтізбелік белгісі бойынша анықталады (айына, тоқсанына, жартыжылдықта, жылына бір рет), осы уақытта атқарылған жұмыс көлемі аз болса, ҰРТҚ және байланыс құралдарының атқарылған жұмыс көлеміне сәйкес мерзімді ТҚК өткізуге рұқсат беріледі.

92. ҰРТҚ және байланыс құралдарының жұмыс қабілеттілігін жедел бақылау олардың жұмыс үдерісінде жүзеге асырылады. Шығу сипаттамалары (белгілері),

телемеханика сигналдары бойынша жұмыс қабілеттілігіне жедел бақылау жасағанда, объектінің (байланыс арнасының) жұмыс қабілеттілігі және мақсатқа қарай оны пайдалану мүмкіндігі анықталады.

93. Авариялық радиоарна радиостанциясының жұмыс қабілеттілігін тексеру " жақындау" және аудандық диспетчерлік орталықтың (бұдан әрі - АДО) арналарындағы жұмыс жиіліктерінде аптасына бір реттен кем емес жүргізіледі.

94. ТҚК түрлері, мерзімділігі, регламенттік жұмыс тізбесі, оларды орындау технологиясы, орындаушылардың біліктілігі, еңбек шығындары, қажетті өлшеудің құралдары, жұмсау материалдары, құрал-сайман, құрал, анықтайтын параметрлердің (белгілердің) номиналды мәндері, олардың пайдалану және алдын алатын рұқсаттары техникалық қызмет көрсету бойынша нұсқаулықта (техникалық қызмет көрсетудің регламентінде) көрсетіледі.

95. Радиолокация, радионавигация, қону және авиациялық электробайланыс құралдарына ТҚК - ӘҚҚК қызметімен келісілген және АА ұйымының (бөлімшесінің) басшысымен бекітілген ҰРТҚ және байланыс құралдарының ТҚК кестесі бойынша осы Қағидалардың 12-қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады.

96. ҰРТҚ және байланыстың басқа да құралдарының ТҚК кестелерін ТЖБП қызметінің бастығы бекітеді. Арна түзетін аппаратураға ТҚК кестесі басқаратын станциямен келісіледі.

97. ТҚК кестесін құру және жоспарлау үшін бастапқы деректер мыналар болып табылады:

1) ҰРТҚ және байланыс құралының техникалық жай-күйі, болжамды атқарым көлемі туралы деректер;

2) регламенттер немесе пайдалану жөніндегі нұсқаулықтармен белгіленген ТҚК бойынша жұмыс мерзімділігі мен көлемі;

3) радиолокация мен радионавигация құралдарының тоқтау жоспар-кестесі.

98. ТҚК жоспарлау және орындау кезінде техникалық қызмет көрсетуді бастау уақытының ТҚК-ның осы түрі үшін белгіленген уақыт кезеңділігінен 15% ауытқуына рұқсат етіледі.

99. ҰРТҚ және байланыс құралдарындағы тұрып қалуды азайту мақсатында ТҚК кезеңдік әдісі қолданылады, бұл кезде операцияларды орындау, объектіні жалпы өшірмей, ҰРТҚ және байланыс құралдарын негізгі және резервтегі жартылай жиынтығында кезекпен (уақыт бойынша тарату) жүзеге асырылады. ӘҚБ АС жұмысының үздіксіздігі оның қайта пішін үйлесімі есебінен қамтамасыз етіледі, бұл ретте радиолокациялық орныққан орында радиолокациялық станцияның бір арналы режимінде жұмыс істеуге рұқсат етіледі. ТҚК кезеңдік әдіспен орындау үшін осы түрге ТҚК-нің регламенттік жұмысының барлық

көлемі шамамен теңдей бөлікке бөлінеді. Әр бөліктің көлемі АА ұйымының жұмыс регламентімен белгіленген жұмыс уақыты аяқталуына дейін 1 сағат ішінде оның орындалуын міндетті түрде есепке алып анықталады.

100. ТҚК кезендік әдісі кезінде инженерлік-техникалық персоналды біркелкі жұмыспен жүктеу мақсатында жұмыс көлемін бүкіл мерзімге ТҚК бір атаулы түрлері арасында, ал еңбекті көп қажет ететін жұмыстар бөлінген ТҚК регламенті бойынша жұмыстарды орындау кезінде - ТҚК келесі түрлері арасында бөлу ұсынылады.

101. ТҚК жылдық кестесі негізінде объектінің инженерлік-техникалық персоналының тоқсандық жұмыс жоспарлары осы Қағиданың 13-қосымшасындағы нысанға сәйкес құрылады.

102. Объектінің ауысым персоналы бар ҰРТҚ және байланыс объектілерінде жұмыстар әр ауысымға біркелкі бөлінеді, ал автоматтандырылған объектілерде - жедел ТҚК орындау үшін объектіде болған күндерге бөлінеді.

103. ТҚК тиімділігін арттыру параметрлерге үздіксіз бақылау жасай отырып, техникалық қызмет көрсетуді пайдалану арқылы қол жеткізіледі.

104. Параметрлерге үздіксіз бақылау жасай отырып техникалық қызмет көрсетуді іске асыру үшін мынадай міндеттерді шешетін, қашықтан бақылау және басқару автоматтандырылған жүйелерін пайдалану қажет:

- 1) әр құрал мен жалпы объектінің жұмыс істеу қабілеттілігін бақылау;
- 2) ақаулықты автоматты түрде іздеу;
- 3) құралдар мен объектілерді қашықтан басқару;
- 4) құралдар мен объектілердің техникалық күйі туралы ақпаратты автоматты түрде құжаттандыру.

105. ҰРТҚ мен байланыс объектісінің жалпы элементтеріне (құрылғыларына) ТҚК бойынша операцияларды (жөндеу, жұмысты аяқтау, жабдықты ауыстыру), сондай-ақ объектіні толық сөндіруді талап ететін операцияларды орындау үшін объектіні жоспарлы тоқтату көзделген. Объектіні тоқтату деп оның (жабдықтың негізгі және резервтегі жиынтығын) электрмен жабдықтау көзінен толық сөндіріп, міндеттерді орындауды тоқтату түсініледі.

106. ТҚК орындау кезінде тоқтату ұзақтығы ҰРТҚ және байланыс объектісінің сөнуін талап ететін жұмыс көлемінің белгіленген регламентімен анықталады.

107. Жұмыс істеу қабілеттілігін тексеру үшін ҰРТҚ және байланыс объектілерін қысқа уақытқа тоқтату (ажырату, жұмыс істемейтін объектілерді қосу және резервтегі жиынтыққа қайта қосу) ТҚК орындау кезінде және 30 минутқа дейінгі ұзақтықпен жөндеу жүргізгенде ӘҚҚКҚ ұшулардың басшысымен (диспетчермен) келісіліп, РТЖБП қызметінің ауысым персоналының рұқсатымен жүргізіледі.

108. Көп еңбекті талап ететін мерзімді ТҚК орындау немесе жоспарлы жөндеу жүргізу үшін АА ұйымының басшысы бекіткен ТҚК және жөндеу кестесіне сәйкес өткізілетін ҰРТҚ және байланыс объектілерінің 8 сағатқа дейінгі жоспарлы тоқтатылуы ӘҚК қызметінің бастығына жұмыс басталуынан 8 сағат бұрын алдын ала хабарлап жүргізіледі.

109. ҰРТҚ және байланыс объектілерінің 8 сағаттан көп ұзақтықпен жоспарлы тоқтатылуы АА ұйымының басшысы бекіткен ҰРТҚ және байланыс құралдарын жөндеу кестесіне сәйкес, жабдықты жөндеу (қайта жаңарту) және ауыстыру жөніндегі жұмысты орындау үшін жүргізіледі. ҰРТҚ және байланыс объектілерінің 8 сағаттан көп ұзақтықпен жоспарлы тоқтатылуы туралы хабарламаны ажыратылу себебін көрсете отырып, жұмыс басталуынан жеті тәуліктен бұрын аэронавигациялық ақпаратты басқару қызметі арқылы таратады.

110. ҰРТҚ және байланыс объектілерінің 8 сағаттан көп ұзақтықпен жоспардан тыс тоқтатылуы туралы РТЖБП қызметінің бастығы АА ұйымының басшылығына баяндайды.

111. ҰРТҚ және байланыс объектілерінің тоқтатылуын қысқарту мақсатында жоспарлы кідірістер барлық дайындау жұмыстары толық аяқталғаннан кейін жүргізіледі. Зақымдану анықталған жағдайда кідіріс ұзақтығы зақымдануды жоюға қажетті жұмыс көлемі белгіленетін уақытқа ұзартылады.

112. ҰРТҚ және байланыс құралдарын жөндеу бойынша орындалған жұмыстар есебі бұйымның формулярында, осы Қағидалардың 14-қосымшасындағы Нысанға сәйкес келтірілген ҰРТҚ және байланыс құралдарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету журналында жүргізіледі.

113. Жұмыс басшысы (орындаушы) ТҚК орындауды аяқтағаннан кейін бұйымның формулярында техникалық қызмет көрсету журналында жұмсалған материалдарды көрсетіп ТҚК-ні толық көлемде өткізгені туралы жазады, параметрлерді өлшеу нәтижелерін тіркейді және жабдықтың жұмысқа қабілеттілігі мен оның жұмысқа дайындығы туралы қорытынды жасайды.

114. ТҚК уақтылы, толық және сапалы орындалуын бақылауды ҰРТҚ және байланыс объектісінің басшысы жүзеге асырады.

115. ҰРТҚ және байланыс құралдары, егер олардың қызмет көрсету мерзімі (ресурсы) аяқталмаса немесе ұзартылған болса, негізгі параметрлері сертификаттау талаптарына сәйкес келіп тұрса, жердегі және ұшу тексерулері уақтылы және толық көлемінде өткізілген болса, мақсатына сай пайдалануға жарамды болып саналады.

116. Объектіні сөндіруді талап ететін маусымдық техникалық қызмет көрсету, ТҚК және жөндеу операциялары ұшуға ауа райы неғұрлым қолайлы кезеңге жоспарланады.

117. Техникалық қызмет көрсетуді ҰРТҚ және байланыс объектілерінің инженерлік-техникалық персоналы және жабдыққа техникалық қызмет көрсету немесе техникалық қолдау туралы шарт жасасқан ұйымдар РТЖБП қызметінің инженерлік-техникалық персоналының бақылауымен орындайды.

3-параграф. ҰРТҚ және байланыс объектілерін электрмен жабдықтау жүйелеріне техникалық қызмет көрсету

118. ҰРТҚ және байланыс объектілерін электрмен жабдықтау жүйелеріне ТҚК талап етілетін беріктікті қолдау, белгіленген нормалар шегінде істен шығуларды ескерту және пайдалану сипаттамаларын қолдауды мақсатында ұйымдастырылады және жүзеге асырылады, оны АА ұйымының РТЖБП қызметі инженерлік-техникалық персоналы жүзеге асырады.

ҰРТҚ және байланыс объектілерін электрмен жабдықтау жүйелеріне ТҚК техникалық қызмет көрсету регламентіне және жабдықты дайындаушы зауыттың (жеткізушінің) пайдалану жөніндегі нұсқаулығына, осы қағидаларға және электр қондырғыларды пайдалануды регламенттейтін басқа да нормативтік құжаттарға сәйкес орындалады.

Техникалық қызмет көрсету регламенті болмаған жағдайда, аталған құжатты РТЖБП қызметі жергілікті пайдалану талаптарын ескере отырып әзірлейді және АА ұйымының (бөлімшесінің) басшысы бекітеді.

ҰРТҚ және байланыс объектілерін электрмен жабдықтау жүйелеріне ТҚК мыналарды қамтилуы тиіс:

- 1) жедел ТҚК-1;
- 2) апта сайынғы техникалық қызмет көрсету ТҚК-2;
- 3) жабдықты жеткізушінің пайдалану құжаттамасының талаптарына және ҚР нормативтік құжаттарына сәйкес техникалық қызмет көрсету;
- 4) маусымдық техникалық қызмет көрсету;
- 5) жыл сайынғы техникалық қызмет көрсету.

119. Жедел ТҚК-1 РТЖБП қызметінің ауысым персоналы орындайды және қашықтан бақылау жүйелері бойынша жұмыс істеу қабілеттілігін күн сайынғы бақылауды қамтиды. Осы Қағиданың 1-Қосымшасында белгіленген нысанға сәйкес РТЖБП қызметі ауысымдық персоналының журналында ҰРТҚ және байланыс жабдығы жұмысындағы бұзушылықтар тіркеледі.

ТҚК-2 кезінде, міндетті түрде мынадай жұмыстар орындалады:

- 1) контуры бар қорғаныш жерге қосулардың дәйектілігі, электр жабдығының және электр сымдарының көрінетін зақымдарының жоқтығы, аккумуляторлар түйіскен жерлерде тотығу мен токтың әсер етуінің болмауы, токтан қорғайтын балқығыш ендірмелердің номиналдары, қозғалтқыштың, генератордың

механикалық тораптарының, желдеткіш қондырғылардың электр қозғалтқыштарының сенімді бекітілуі дәйектілігі, дизель-генератордың салқындатқыш жүйесінде жанармайдың, майдың, салқындатқыш сұйықтығының ағуының болмауы, шығыстар мен қосымша сыйымдылықтарда жанармайдың белгіленген қорының болуы, майдың және салқындатқыш сұйықтықтың деңгейі сырттан қарап тексеріледі;

2) орталықтан электр энергиясымен қоректендіру көзінің кернеуі, аккумуляторлардың электролит кернеуі, деңгейі, тығыздығы (егер аккумуляторларға қызмет көрсетуге жататын болса), салқындатқыш жүйесіндегі салқындатқыш сұйықтықтың температурасы және деңгейі тексеріледі;

3) электр жабдығының және үй-жайдың (шаң, ағып түскен із) эстетикалық күйі тексеріледі;

4) барлық анықталған кемшіліктерді жою жөніндегі жұмыстар орындалады.

120. Жыл сайынғы ТҚК-6 жүргізу өзіне мыналарды қамтиды:

1) жедел ТҚК-2 көлеміндегі қарау мен тексеру;

2) өндірушінің пайдалану құжаттамасымен көзделген жұмыстар;

3) электр қондырғыларды пайдалануды регламенттейтін нормативтік құжаттармен көзделген жұмыстар.

121. Пайдалану құжаттамасы болмаған кезде, әзірленген ТҚК-6 регламенті толық көлемде жабдыққа техникалық қызмет көрсетуді қамтуға тиіс.

122. Осы Қағиданың 12-Қосымшасында көрсетілген нысанға сәйкес, ТҚК-6 кірмеген электр қондырғыларды пайдалануды регламенттейтін нормативтік құжаттарға сәйкес жұмыстар мен тексерулер техникалық қызмет көрсету бағанында бөлек белгіленеді.

123. Қорғаныш аппараттарын және байланыс қосуларды тексеру кезінде электр кәбілдері қосылған орындарда қорғаныш аппараттарының күш және көмекші байланыстарының жай-күйі, тотығудың болмауына, механикалық немесе электрлік таттанып тозуына, токпен температуралық әсер етудің іздеріне тексеріледі.

124. Резервтік дизель-генераторлар екі аптада бір рет 20 минуттан кем емес ұзақтықпен номиналды жүктеме бойынша тексеріледі, бұл ретте дизель-генератордың автоматты қосу құрылғысының дұрыс жұмыс істеуі, айналыстың жиілігі мен кернеуі тексеріледі.

125. Жұмыс аяқталғаннан кейін барлық жергілікті басқару органдарының жағдайы тексеріледі, анықталған және жойылған кемшіліктерді көрсете отырып, кемшіліктер жойылғанға дейінгі және одан кейінгі параметрлер шамасы, жұмсалған материалдар жөнінде техникалық қызмет көрсету журналында жазу жазылады және электрмен қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс істеу қабілеттілігі мен жұмысқа дайындығы туралы қорытынды жасалады.

126. АА ұйымының басшысы электр қондырғыларын пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі функцияларды тікелей орындау үшін электр шаруашылығына жауаптыны және оны алмастыратын тұлғаны тағайындайды.

4-параграф. ҰРТҚ және байланыс құралдарына ерекше жағдайларда техникалық қызмет көрсету

127. Ерекше жағдайларға қауіпті метеорологиялық және апатты құбылыстар жатады: 20 м/с жылдамдықпен және одан да жоғары жел, шаңды, құмды немесе қарлы боран, дауыл, ұзақ қарқынды жауын-шашын, бұршақ, қатты мұздану, температураның 30 С төмендеуі, жер сілкінуі.

128. Ауа райының қауіпті құбылыстары туралы ескертулер Қазақстан Республикасы Азаматтық авиацияны метеорологиялық қамтамасыз ету қағидаларына сәйкес жасалады және беріледі.

129. ҰРТҚ және байланыс құралдарына ерекше жағдайларда техникалық қызмет көрсету күткен қауіпті табиғат құбылысы басталғанда (күшейгенде) объектілерді уақтылы дайындауға, жабдықтың сақталуына, апатты құбылыстың салдарын жоюға бағытталған.

130. ҰРТҚ және байланыс объектілерінде қауіпті құбылыстар туралы ескерту алған кезде инженерлік-техникалық персоналдың әрекеттері туралы РТЖБП қызметінің басшысы қол қойған және АА ұйымның (бөлімшесінің) басшысы бекіткен нұсқаулар болады.

131. РТЖБП қызметінің ауысымы персоналы қауіпті құбылыс туралы ескерту алған соң қажетті шараларды қабылдау үшін РТЖБП қызметінің кезекші инженерлік-техникалық персоналға шұғыл түрде хабарлайды.

132. Қауіпті құбылыс өткеннен кейін ҰРТҚ және байланыс объектілерін, антенналы-фидерлік қондырғылар мен желілік-кәбілдік құрылыстар тексеріледі, зақымдануларды жою бойынша шаралар қабылданады және қажет болса, қалпына келтіру жұмыстары ұйымдастырылады.

5. ҰРТҚ және байланыс құралдарын жердегі және ұшу кезіндегі тексерулер

1-параграф. ҰРТҚ және байланыс құралдарын жердегі тексерулер

133. Жердегі тексерулер ҰРТҚ және байланыс құралдарының негізгі техникалық параметрлерінің пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкестігін бағалау үшін мынадай жағдайларда:

1) ҰРТҚ және байланыстың құрылысы аяқталған объектілерін қабылдауға дайындау кезінде;

- 2) ұшулар кезіндегі мерзімді тексерулер алдында;
- 3) ҰРТҚ және байланыс объектілерін қайта жаңартқаннан кейін;
- 4) ӘҚҰ қызметінің талаптары бойынша;

5) радиотаратушы құралдар куәлігінің жарамдылық мерзімі аяқталғанда жүргізіледі.

134. ҰРТҚ және байланыс құралдарын жердегі тексерулер мынадай жұмыстарды қамтиды:

- 1) жабдықтың жұмыс істеу қабілеттілігін тексеру;
- 2) жабдықты реттеуді және баптауды;
- 3) негізгі анықтауыш техникалық параметрлерін өлшеу;

4) баптау кестесі мен бақылау режимдері картасын осы Қағидаларға 15-қосымшаға және осы Қағидаларға 16-қосымшада көрсетілген жердегі тексеру мен баптау хаттамасына сәйкес жасау.

135. ҰРТҚ және байланыс құралдарын жердегі тексерулерді РТЖБП қызметінің инженерлік-техникалық персоналы жүргізеді. ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдалануға енгізу кезіндегі жердегі тексерулер жабдықтарды жасаушылардың (әзірлеушілердің) өкілдерімен бірлесіп жүргізіледі.

136. ҰРТҚ және байланыс құралдарын жердегі тексерулер әдістемелері мен бағдарламалары (көлемі мен мерзімділігі) Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға (1944 жыл, Чикаго қаласы) 10-қосымшаға және Радионавигациялық құралдарды сынау жөніндегі басшылыққа (Бос 8071 Халықаралық азаматтық авиация ұйымы) сәйкес уәкілетті органның басшысы бекітеді.

2-параграф. ҰРТҚ және байланыс құралдарын ұшулар кезіндегі тексерулер

137. ҰРТҚ және байланыс құралдарын ұшулар кезіндегі тексерулер нормативтік-пайдаланымдық құжаттаманың талаптарымен ҰРТҚ және байланыс құралдарын тактикалық сипаттамаларының сәйкестігін растау мақсатында жердегі тексеруден кейін жүргізіледі.

138. Ұшулар кезіндегі тексеруге арналған әуе кемесінің мынадай сипаттамалары болуы тиіс:

1) беріктік, үнемділік, қажетті жабдықтың және аспаптармен ұшу қағидалары бойынша ұшуды орындау құқығын беретін сертификаттың болуы;

2) ұшу экипажын орналастыру үшін жеткілікті түн көтергіштігі, қажетті электрондық және жазатын жабдық пен қосалқы компоненттері. Сондай-ақ жердегі персоналы мен жабдықты тасымалдауға арналған қосымша жүк көтергіштігі қажет етілуі мүмкін.

3) қайта техникалық қызмет көрсету үшін жерге қонусыз, қарапайым тапсырманы орындауға жеткілікті ұшу алыстығы мен ұзақтығы;

4) жылдамдықтың барлық диапазонында, әсіресе ұшулар кезінде тексеру сипатындағы жылдамдық кезінде әуеайлақтық орнықтылығы;

5) шуыл мен дірілдің төмен деңгейі;

6) электрлік шуылдардың қабылданатын дабылдарға кедергілер жасамау үшін олардың төмен деңгейі; мысалы, бұранда айналымына шарттасатын қабылданатын дабылдың амплитудалы модуляциясы ең төмен болуы тиіс;

7) штаттық борттық жабдықтың ғана емес, бірақ қажетті қосымша электрондық жабдықтың қоректендіруіне арналған жеткілікті қуаты бар электрмен қоректендірудің тұрақты жүйесі;

8) пайдаланушылар тап болатын жағдайлар сияқты жағдайларда мүмкіндігі бойынша ұшу тексеру жүргізуді қамтамасыз ететін жылдамдықтар мен ұшу биіктіктерінің жеткілікті кең диапазоны. Шағын жылдамдықтардағы жақсы ұшу сипаттамаларының әуе кемелерін теодолиттер көмегімен жердегі бақылаушылардың сүйемелдеуі кезінде елеулі маңызы бар.

9) радионавигациялық құралдардың жаңа түрлерін тексеру мүмкіндігін қамтамасыз ету немесе қолда бар навигациялық құралдарды тексеру кезінде алынатын деректердің нақтылығын немесе өңделу жылдамдығын арттыру мақсатында жабдықты одан әрі модификациялау немесе оның құрамын кеңейту үшін жарамдылығы;

10) ұшу тексеру кезінде қолданылатын аса сезгіш сынау жабдықтарында температура мен ылғалдылықтың зиянды әсерін болдырмайтын, және экипаждың ыңғайлы жұмыс істеуін қолдайтын экипаж кабинасындағы климаттық жағдайларды бақылау жабдығының болуы;

11) ұшу экипажының жұмыс жүктемесін төмендету үшін автоұшақтың болуы

139. ӘКЗ-сын қолдану арқылы өткізілетін ҰРТҚ және байланыс құралдарын ұшулар кезіндегі тексеруді ӘКЗ-ға ие болған азаматтық авиация ұйымы жүзеге асырады.

140. Міндеттерге байланысты ҰРТҚ және байланыс құралдарын ұшулар кезіндегі тексерулер мынадай түрлерге бөлінеді:

1) пайдалануға беру кезінде;

2) кезеңдік;

3) арнайы.

141. Пайдалануға беру кезіндегі ұшулар кезінде тексерулер құралдар жұмысының сапасы туралы толық және жан-жақты ақпарат алу мақсатында және жабдықтың пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкестігін анықтау үшін ҰРТҚ және байланыс құралдарының параметрлері мен сипаттамаларын жердегі

тексерулерден кейін жүргізіледі. Осы тексерулердің нәтижелері жердегі тексерулермен бір кешенде ҰРТҚ және байланыс құралдарының пайдалануға жарамдылығын анықтауға негіз болады.

142. Кезеңдік ұшулар кезіндегі тексерулер жердегі ҰРТҚ және байланыс құралдарының параметрлері мен сипаттамаларын пайдалану құжаттамаларының талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатында тұрақты негізде жүргізіледі.

143. Арнайы ұшулар кезіндегі тексерулер жердегі ҰРТҚ және байланыс құралдарының параметрлері мен техникалық сипаттамаларының пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкестігін растау мақсатында жүргізіледі және мынадай жағдайларда орындалады:

1) жабдықтың кеңістіктік сипаттамасына әсер ететін бюлетеньдер бойынша құралдарды жетілдіруді (жаңғыртуды) жүргізу - пайдалануға беру бағдарламасы бойынша;

2) алты айдан астам мерзімге регламенттен алынып тасталғаннан кейін жабдықтың жұмысын қалпына келтіру және оны пайдалануға беру - пайдалануға беру бағдарламасы бойынша;

3) жабдықтың антенналы-фидерлік қондырғысын ауыстыру, жөндеу немесе оның орнатылған орнын өзгерту - пайдалануға беру бағдарламасы бойынша;

4) әуе кемелерінің қонуға аспаптық кіруінің радиомаяк жүйесін (PMS/ILS/СП), азимуттық-алыстан өлшеуіш радиомаяктарды (PMA/VOR, PМД/DME), жетекті радиостанцияларды (PPC, NDB) жаңа жұмыс жиілігіне ауыстыру - жабдықтың негізгі және резервтік жиынтығын тексере отырып, кезеңдік бағдарлама;

5) әуе кемелерінің қонуға аспаптық кіруінің радиомаяктік жүйесі глиссадасының көлбеу бұрышын өзгерту - жабдықтың негізгі және резервтік жиынтығын тексере отырып, кезеңдік бағдарлама;

6) жердегі немесе ұшу кезіндегі бақылау нәтижелері бойынша құралдардың техникалық сипаттамаларының сәйкессіздігін анықтау - ҰРТҚ және байланыс құралдарын техникалық пайдалануды жүзеге асыратын ұйымдардың басшысы бекіткен бағдарлама бойынша;

7) авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тексеру - тексеру жөніндегі комиссияның басшысы бекіткен бағдарлама бойынша;

8) радиокедергілердің көздерін және құралдардың тұрақсыз жұмысының басқа да себептерін анықтау - ҰРТҚ және байланыс құралдарын техникалық пайдалануды жүзеге асыратын АА ұйымының басшысы бекіткен бағдарлама бойынша.

144. ҰРТҚ және байланыс құралдарын ұшулар кезіндегі тексерулер әдістемелері мен бағдарламалары (мерзімділігі мен көлемі) Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға (1944 жыл, Чикаго қаласы) 10-қосымша және Радионавигациялық құралдарды сынау жөніндегі басшылыққа сәйкес

азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның басшысы бекітеді (Doc 8071 Халықаралық азаматтық авиация ұйымы).

145. ҰРТҚ және байланыс құралдарын ұшулар кезіндегі кезекті тексерулерді өткізу мерзімі алдыңғы ұшулар кезіндегі тексерулер актісінің бекітілген күнінен бастап саналады.

146. ҰРТҚ және байланыс құралдарын ұшулар кезіндегі тексерулерді өткізу мерзімін өзгерту II және III санатты радиомаяк жүйесі (бұдан әрі - РМЖ) үшін 60 тәуліктен аспауы, ал қалғандары үшін алдыңғы ұшулар кезіндегі тексерулерден кейін 90 тәуліктен аспауы керек. ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдалануда ұшулар кезіндегі тексерулердің кезеңдігі бұзылуына жол берілмейді.

147. Жер үстіндегі ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдалануды қамтамасыз ететін ұйымдар келесі жылға ұшулар кезіндегі тексеруді өткізудің жоспарын құрады.

148. Кесте құру кезінде ұшулар кезіндегі тексерудің бағытталған санаттағы РМЖ қонуына бірінші кезекте қамтамасыз етіледі.

149. Ұшулар кезіндегі тексеруді өткізудің жоспары негізінде жер үстіндегі ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдалануды жүзеге асыратын ұйымдар мен ӘКЗ қолданатын АА ұйымдары арасында шарт негізінде ұшулар кезіндегі тексеру бойынша жұмыстар жүргізіледі.

150. Жер үстіндегі ҰРТҚ және байланыс құралдарының дайындығы мерзімінің расталуы негізінде, шарт жасасқан, ӘКЗ-ны қолданатын АА ұйымдарымен келесі айға ұшулар кезіндегі тексеруді өткізудің ай сайынғы жоспар-кестесі құрылады (түзетіледі) және жер үстіндегі ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдалануды жүзеге асыратын ұйым атына жіберіледі, сондай-ақ ӘКЗ-ның келген күнін растайтын телеграммалар (телефонограммалар, факс және басқалар) жіберіледі.

151. Жер үстіндегі ҰРТҚ және байланыс құралдары параметрін бағалауда ӘКЗ-ны қолдану қажет болмаған жағдайда, ұшулар кезіндегі тексеру арнайы бөлінген көлікпен, рейстік және жаттығатын ӘК-мен жүргізіледі.

152. АЖЖ ауқымындағы радиолокаторларды, жетекті радиостанцияларды және АВС арналарын ұшулар кезіндегі тексерулерді көліктік, рейстік және жаттығулық ұшуларды орындайтын ӘК жүргізеді. Азаматтық авиация әуесайлақтарында ҰРТҚ және байланыстың жердегі құралдарын ұшулар кезіндегі тексерулердің уақтылығын, толымдылығын және сапасын бақылауды азаматтық авиация ұйымының басшылары жүзеге асырады, ал осы құралдардың ұшулар кезіндегі тексерулерге даярлығының уақтылығы мен сапасын бақылауды РТЖБП қызметінің бастықтары жүзеге асырады.

153. Радиомаяк жүйесін (бұдан әрі - РМЖ), барлық бағыттағы АЖЖ радиомаякты (бұдан әрі - VOR), алыстан өлшеуіш жабдықты (бұдан әрі - DME)

және АРТ-ты ұшулар кезіндегі тексерулер арнайы ұшақ-зертханаларда жүргізіледі.

154. Жердегі ҰРТҚ және жөніндегі құралдарын пайдалануды жүзеге асыратын ұйым ӘКЗ экипажына мыналарды ұсынады:

- 1) әуеайлақтың аэронавигациялық паспорты (осы әуеайлақ/әуеоторап ауданында ұшуларды орындау жөніндегі нұсқаулық);
- 2) бұдан бұрынғы құралдарды ұшу тексеру материалдары;
- 3) РМЖ/ILS(ҚЖ), АРМ/VOR, ҚӨРМ/DME орнату орнының, радиопеленгатордың (АРП/VDF) орнатылған позициясының, ұшу-қону жолағы шегінің координаталары және әуе трассаларының (дәліздерінің) тізбесі;
- 4) координаталардың полярлық (азимут, қашықтық) жүйесіндегі бақылау бағдарларының географиялық координаталары;
- 5) азимуталды - қашықтық өлшеуіш радиомаяктарының тірек бақылау нүктелерінің координаталары (АРМ/VOR);
- 6) телеметр өлшемдерінің сызығы үшін байланыс арналарының жиілік мәні.

155. Әуе кемесі - зертханасының экипажы:

- 1) жер үсті ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдалануды жүзеге асыратын ұйыммен ұшу тексерулерді жүргізу бағдарламасын келіседі және алдыңғы ұшу тексерулердің қорытындысын талдайды;
- 2) әуеайлақтың аэронавигациялық паспортының талаптарын (әуеайлақ/әуеоторап ауданында ұшуларды орындау жөніндегі нұсқаулық) және басқа да ұшу кезіндегі жұмыстар бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттарды зерделейді және орындайды;
- 3) ұшу тексерулерге жататын жер үсті ҰРТҚ және байланыс құралдарының есептеліп шығарылған қызмет ету аймағын бағалайды;
- 4) қажеттілігіне қарай сол әуеайлақтағы жердегі ҰРТҚ және байланыс құралдарының орналасу схемасын нақтылайды, антенна-фидерлі құрылғылардың , ұшу-қону жолағы шегінің координаталарын және басқа да қажет мәліметтерді анықтайды;
- 5) жердегі ҰРТҚ және байланыс құралдарының көрсетілген параметрлерін және жердегі ҰРТҚ және байланыс құралдарының сипаттамаларын анықтау бойынша қажет есептерді жүргізеді;
- 6) ӘКЗ экипажы мен жердегі қызметтер арасындағы ақпарат тарататын және байланыс арнасын анықтайды;
- 7) белгіленген әдістерге сәйкес жердегі ҰРТҚ және байланыс құралдарының параметрлері мен сипаттамасын өлшеуді жүргізеді;
- 8) тексеру барысында алынатын нәтижелерге талдау жасап, бағалайды;
- 9) атқарылған жұмыс нәтижесін сапалы, дұрыс және уақтылы құжаттайды;

10) іс-әрекеттерін жер үсті ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдалануды жүзеге асыратын ұйымның ӘҚҚК қызметімен және инженерлік-техникалық персоналмен үйлестіреді;

11) ұшу кезіндегі тексерулерді орындағанда ұшудағы тағайындалған тәртіпті және қауіпсіздік шараларын қатаң сақтайды.

156. Ұшу тексерулерге қатысатын ӘКЗ экипажын, диспетчерлік құрамды және жердегі инженерлік-техникалық персоналды ұшу кезіндегі тексерулерге дайындау белгіленген тәртіпте жүргізіледі. Бұл ретте мынадай мәселелер пысықталады:

1) ұшу тексерулерді өткізу мерзімдері анықталады;

2) ұшу тексерулерді орындау тәртібі мен кезектілігі белгіленеді;

3) ұшу тексерулердің маршруты салынып зерделенеді, қажет есептер жүргізіледі;

4) әуедегі кеме-зертханасының экипажы, ұйымның ӘҚҚК қызметі мен инженерлік-техникалық персоналы арасындағы өзара іс-әрекеттері жөніндегі мәселелер анықталады;

5) ұшу тексерулерді өткізу маршруттарында ұшулар қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар және ерекше жағдайда қолданылатын іс-әрекеттер зерделенеді, бұл ретте әуеайлақ (әуеторап) ауданында кедергілердің болып қалуына ерекше назар аударылады;

6) метеожағдайдың бұзылуы бола қалған жағдайға қосалқы әуеайлақтар анықталады;

7) метеорологиялық және орнитологиялық жағдайлар, сондай-ақ ұшу тексерулердің бағытына ауа райы болжамы анықталады;

8) ұшулар ауданындағы әуе жағдайы, жер үсті және навигациялық жағдайлар, сондай-ақ ұшуларды басқару ерекшеліктері талданады;

9) ұшу тексерулері бойынша басқа да мәселелер пысықталады.

157. Жердегі ҰРТҚ және байланыс құралдарын ұшу кезіндегі тексеруге дайындау, ӘКЗ-ның ұшуына 30 минут қалғанда түгел қалыпты күйге келтіру жұмыстары тоқтатылатындай, аппаратура тексеріліп, осы жабдықты пайдалану бойынша басшылықта (нұсқаулықты) көзделген жұмыс режиміне қосылып дайын болатындай есеппен орындалады.

158. Ұшу кезіндегі тексерулерді жүргізгенде әуе кемелерінің қонуға аспаптық кіруінің радиомаяктік жүйесін өз тағайындалуы бойынша пайдалануға, курстық және глиссадалы радиомаяктардың дабылына әсер ететін аймақ аудандарында әуе кемелерінің және басқа да техникалардың тұруына тыйым салынады.

159. Жер үсті ҰРТҚ және байланыс құралдарын ұшу тексеруден өткізу үшін нақтылы әуежайдан ӘКЗ-нің ұшуы туралы шешімді, тексеру жүргізетін маршруттардың шын және болжамды метеожағдайларын талдау негізінде және

ұшатын зертхананың борт инженер-сынаушысының (борт инженер-операторының) жер үсті құралдарының, сондай-ақ жер үсті қызметтердің жұмысқа дайын болуы туралы хабарлауы негізінде ӘК командирі қабылдайды.

160. Жер үсті ҰРТҚ және байланыс құралдарын ұшу тексеру аяқталғаннан кейін атқарылған жұмыс туралы есеп жасалады.

161. Есепті уақтылы, сапалы түрде және дұрыс жасалған есепті, тексерілген құрал-жабдықтың параметрлері мен сипаттамасының нормативті-техникалық құжаттаманың талаптарына сай болуын бағалай отырып жер үсті ҰРТҚ және байланыс құралдарын ұшу тексеру нәтижелері анық көрсетілуді ұшатын зертхананың борт инженер-сынаушысы қамтамасыз етеді.

162. Жер үсті ҰРТҚ және байланыс құралдарын ұшу тексеру бойынша есепті жасау үшін:

1) құралдардың параметрлері мен сипаттамаларын жазатын борттағы және жердегі құрылғыларда көрсетілген;

2) ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдалану қызметтері персоналдарының техникалық пайдалануға жауапты ӘКЗ экипажы мүшелерінің, ӘҚҚК қызметінің, есептеп шығарулары, жеке бақылаулары мен тәжірибелік қорытындыларының нәтижесінде алынған;

3) радиолокаторлық станциялардың жұмыс істеу қабілеттілігін автоматтандырылған бақылау жүйесі аппаратурасында көрсетілген деректер пайдаланылады.

163. Ұшу тексеру актісі жер үсті ҰРТҚ және байланыс құралдарын ұшу кезіндегі тексеру бойынша есептің негізгі құжаты болып табылады. Ұшу тексеру актісінде:

1) жер үсті ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдалануды жүзеге асыратын ұйымның атауы;

2) тексерілетін құралдың атауы, үлгісі және зауыттық нөмірі;

3) әуе кемелерінің қонуға аспаптық кіруінің радиомаяктік жүйесі үшін және қону радиолокаторлары мен қону жүйесінің жабдықтары үшін қонудың магниттік курсы;

4) ұшу кезінде тексеру жүргізу мерзімі және үлгісі;

5) ӘКЛ-ді пайдаланатын авиациялық ұйымның атауы;

6) ӘКЛ-дің үлгісі және борт нөмірі;

7) АЗК-ның үлгісі және зауыттық нөмірі;

8) ӘК ұшуларын қамтамасыз ету үшін тексерілген құралды пайдалану мүмкіндігі:

әрекет ету аймағы шегінде белгіленген стандарттарға сәйкес кеңістікке дабыл шығаратын, шектеусіз пайдалануға жарайтын құрал;

кеңістікке әрекет ету аймағының барлық жағынан немесе барлық секторларында белгіленген стандарттарға сәйкес келе бермейтін, дабыл шығаратын, шектеулермен пайдалануға жарайтын құрал;

кеңістікке сапасы белгісіз, белгіленген стандарттарға сәйкес келмейтін сигналдар шығаратын, пайдалануға жарамайтын құрал.

164. Жер үсті ҰРТҚ және байланыс құралдарын ұшу кезінде тексеру актісіне мыналар қоса беріледі:

1) құралдардың параметрлері мен сипаттамаларын өлшеу нәтижелері көрсетілген кесте;

2) тексерілетін құралдардың параметрлері мен сипаттамаларын тіркейтін борт құрылғыларының шифры ашылып жазылған материалдары;

3) ӘКЗ-нің ұшу маршрутының және қырынан қарағандағы схемалары (қажеттілігіне қарай);

4) радиолокаторлардың экрандарынан (қажеттілігіне қарай) жасалған фотосуреттер (ақпарат көздерін тіркеу құрылғысының материалдары);

5) тексерілетін құралдардың өзгеше ерекшеліктерін көрсететін басқа да материалдар.

165. Шолу радиолокаторы, АРП және ҰЖЖ диапазонындағы авиациялық-әуе электр байланысының арналары үшін ұшу биіктігіне байланысты олардың әрекет ету қашықтығының кестелері жасалады.

166. Жер үсті ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдалануға енгізу кезінде ұшу тексеру актісі төрт данада толтырылады:

1) тексерілетін құралдардың параметрлері мен сипаттамаларын тіркейтін борт құрылғыларының шифры ашылып жазылған материалдары бар бірінші және екінші даналары, жер үсті ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдалануды жүзеге асыратын ұйым үшін;

2) ӘКЗ-ні пайдаланатын азаматтық авиация ұйымы үшін үшінші данасы;

3) дайындаушы үшін - төртінші данасы.

167. Жер үсті ҰРТҚ және байланыс құралдарын мерзімді тексеру кезінде ұшу тексеру актісі үш данада толтырылады:

1) тексерілетін құралдардың параметрлері мен сипаттамаларын тіркейтін борт құрылғыларының шифры ашылып жазылған материалдары бар бірінші данасы, жер үсті ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдалануды жүзеге асыратын ұйым үшін;

2) ӘКЗ-ні пайдаланатын азаматтық авиация ұйымы үшін - екінші данасы;

3) жердегі ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдалануды бақылауды жүзеге асыратын ұйымдар үшін - үшінші дана.

168. Авиациялық оқиғаларды (оқыс оқиғаларды) тексеру кезінде орындалатын жер үсті ҰРТҚ және байланыс құралдарын арнайы тексеру

кезіндегі ұшу тексеру актісі даналарының санын тексеруді ұйымдастыратын комиссия басшысы анықтайды.

169. Ұшу тексеру актісін жер үсті ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдалануды жүзеге асыратын ұйымның басшысы бекітеді.

170. Жер үсті ҰРТҚ және байланыс құралдарын ұшу тексеру актісі бекітілгеннен кейін тексерудің негізгі нәтижелері әуе қозғалысына қызмет көрсету барысында басшылыққа алу үшін ӘҚҚК қызметінің персоналына (диспетчерлік құрамға) хабарланады.

Ұшу тексеру нәтижелері ҰРТҚ және байланысты пайдалануды жүзеге асыратын инженерлік-техникалық персонал үшін қол жетімді болады.

171. Жер үсті ҰРТҚ және байланыс құралдарын ұшу кезінде тексеру актілері, тиісті қосымшаларымен бірге, бұл құралдарды пайдалануды жүзеге асыратын ұйымда осы жабдықтың өмірлік циклы бойы сақталады.

6. ҰРТҚ және байланыс құралдарын жөндеу

172. Жөндеу ҰРТҚ және байланыс құралдарын техникалық пайдаланудың құрамдас бөлігі болып табылады. Жөндеу ҰРТҚ және байланыс құралдарының қызмет ету мерзімін (ресурсын) ішінара қалпына келтіру арқылы жұмыс істеу қабілеттілігін және (немесе) жарамдылығын қалпына келтіру үшін орындалады.

173. ҰРТҚ және байланыс құралдарының құрамдас бөліктерін ауыстыру және (немесе) қалпына келтіру арқылы жөндеу мақсатына қол жеткізіледі және қалпына келтіру жұмыстарының көлемі мен күрделілігіне қарай құралдарды жөндеу ағымдық және жоспарлы болып бөлінеді.

174. ҰРТҚ және байланыс құралдарын ағымдағы жөндеу олардың техникалық жай-күйі бойынша орындалады. Тораптарды, блоктарды ағымдағы жөндеу: пайдаланушының күшімен орналасу орнында; жөндеу қорын пайдалану арқылы жасаушының шеберханасында (немесе жөндеу ұйымдарында); кепілдік жөндеу рәсімі бойынша немесе шарттардың негізінде жеткізуші-жасаушылардың күшімен пайдалану орнында жүзеге асырылады.

175. ҰРТҚ және байланыс құралдарын ағымдағы жөндеуді, пайдалану барысында істен шығып қалған жағдайда, пайдалану құжаттамасында көрсетілген технологияға сәйкес объектілердің инженерлік-техникалық персоналы немесе дайындаушы зауыттың, жөндеу ұйымдарының күшімен орындар.

176. ҰРТҚ және байланыс құралдарына ағымдағы жөндеуді орналасқан орнында жүргізу тәртібі жабдықпен бірге келген пайдалану құжаттамасында регламенттеледі.

177. Бұйымдарды жоспарлы жөндеу техникалық жай-күйі бойынша агрегаттық иесізденген әдіспен орындалады, бұл ретте техникалық жай-күйді бақылау нормативті құжаттамада белгіленген мерзімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

178. Қызмет көрсету мерзімі жеткенде (ресурсының бітуі) РТЖБП қызметінің комиссиясы бұйымның техникалық жағдайын тексеріп, осы Қағиданың 18-қосымшадағы нысанға сәйкес тиісті актіні ресімдейді.

179. Тексеру нәтижелері бойынша жөндеу жүргізудің орындылығы, көлемі және мерзімі белгіленеді.

180. Жоспарлы жөндеудің басталуы мен көлемі бұйымның техникалық жай-күйіне байланысты анықталады.

181. Жоспарлы жөндеуді, бұйымды жасаушыны не шарт негізінде бұйымды жасаушыдан (әзірлеушіден) өкілеттігі расталған басқа да ұйымды тарта отырып, РТЖБП қызметі жүргізеді.

7. Антенналы-фидерлі құрылғыларды және желі-кабельді құрылыстарды жөндеу

182. Антенналы-фидерлі құрылғылар және желі-кабельді құрылыстарды (бұдан әрі - ЖКҚ) жөндеу анықталған ақаулықтарды жою және олардың техникалық параметрлерін қалпына келтіру мақсатында жүргізіледі. АФҚ және ЖКҚ жөндеу ағымдағы және жоспарлы болып бөлінеді.

183. АФҚ және ЖКҚ ағымдағы жөндеу пайдалану процесінде табылған ақаулықтар анықталысымен дереу жүргізіледі.

184. АФҚ және ЖКҚ жоспарлы жөндеу техникалық жағдайына байланысты жүргізіледі және ТҚ деректері мен ақаудың болуы туралы акт негізінде жоспарланады.

185. АФҚ және ЖКҚ жоспарлы жөндеуді жобалық-сметалық құжаттама бойынша құрылыс-монтаж ұйымдары жүргізеді.

186. АФҚ және ЖКҚ жоспарлы жөндеу кезінде орындауға жататын жұмыс көлемін комиссия анықтайды.

8. ҰРТҚ және байланыс құралдарын түзету

187. ҰРТҚ және байланыс құралдарын түзету олардың тактикалық, техникалық және пайдалану сипаттамасын жақсарту, сенімділігін арттыру, сондай-ақ құрылымдық және өндірістік кемшіліктерін жою мақсатында жүргізіледі.

188. ҰРТҚ және байланыс құралдарын түзету әзірлеуші ұйымдар жасаған бюллетеньдер негізінде жүргізіледі.

189. ҰРТҚ және байланыс құралдарын түзету бюллетень үлгісіне байланысты АА ұйымының, жасаушының немесе жөндеу ұйымының күштерімен жүргізіледі. Жұмысты ұйымдастыру тәртібі бюллетеньмен анықталады.

190. АА ұйымының (бөлімшесінің) басшысы түзету үшін құралдарды (жеке блоктарды, құрылғыларды) жеткізуші жасаушыға немесе жөндеу ұйымдарына уақытылы жіберуді қамтамасыз етеді.

191. Бюллетеньде көзделген жұмыстар толық көлемде орындалғаннан кейін ҰРТҚ және байланыс құралдарының формулярына тиісті жазулар толтырылып, жұмыстарды басқарушының қолы қойылады және АА ұйымының мөрімен расталады. Түзету жұмыстары аяқталған кезде техникалық жай-күй актісі жасалады. ҰРТҚ және байланыс құралдарын техникалық жай-күй актісі осы Қағидалардың 18-Қосымшадағы нысанға сәйкес түзету бюллетеньдеріндегі нұсқауларға сәйкес ресімделіп таратылады.

9. ҰРТҚ және байланыс құралдарының қызмет ету мерзімін (ресурсын) ұзарту

192. Белгіленген қызмет ету мерзімі немесе ресурсы өтелген ҰРТҚ және байланыс құралдары олардың техникалық жай-күйін анықтау мақсатында тексеруден өтеді. ҰРТҚ және байланыс құралдарының техникалық жай-күйін тексеру нәтижесі осы Қағидалардың 18-қосымшадағы нысанға сәйкес техникалық жай-күй актісімен ресімделеді.

193. ҰРТҚ және байланыс құралдарының қызмет ету мерзімін (ресурсын) ұзарту жөніндегі жұмысты АА ұйымы басшысы тағайындаған комиссия жүргізеді. Комиссия төрағасы болып РТЖБП қызметінің бастығы тағайындалады. Комиссия құрамына осы құралдарды пайдаланушы мамандар және еңбекті қорғау жөніндегі мамандар енгізіледі. Оның құрамына кәсіпорын жасаушының өкілдері енгізіледі.

194. Тексеру нәтижелері бойынша жөндеу жүргізудің көлемі мен мерзімдері белгіленеді, жөндеу РТЖБП қызметінің күшімен және/немесе шарттар бойынша жеткізушілер жасаушылар жүргізеді.

195. ҰРТҚ және байланыс құралдарының шекті жай-күйін және қызмет ету мерзімін (ресурсын) ұзарту уақытының рұқсат етілген аралығын анықтау осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес орындалады.

196. Белгіленген ресурсын өтеген және шекті жай-күйге жеткен ҰРТҚ және байланыс құралдары қызмет ету немесе сақтау мерзімдері өткен соң ұйым балансынан есептен шығаруға жатады.

10. Авиациялық электр байланысына қойылатын талаптар

197. Авиациялық электр байланысы - электр байланысы желілерінде өзара байланысқан орталықтар, станциялар, шеткі қондырғылар, электр байланысының әр түрлі құралдарының жиынтығы.

198. Авиациялық электр байланысы мынадай негізгі міндеттерді орындаумен қамтамасыз етіледі:

1) әуе қозғалысын басқару (бұдан әрі - ӘҚБ) орталықтарының (пункттерінің) әуе кемелері экипаждарына әуе қозғалысының қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқауларын, өкімдерін және әр түрлі хабарламаларын беру және олардан ұшудың барлық кезеңдерінде мәліметтер мен хабарламалар алу;

2) әуе қозғалысын басқару, ұшуларды жоспарлау мен ұйымдастыру процесінде ӘҚБ орталықтарының (пункттерінің) өзара іс-қимылы;

3) азаматтық авиация ұйымдары қызметтерінің жедел өзара іс-қимылы;

4) әкімшілік-басқару және өндірістік ақпарат беру;

5) азаматтық авиацияның әр түрлі автоматтандырылған басқару жүйелерінің (бұдан әрі - АБЖ) деректерін беру.

199. Азаматтық авиацияның авиациялық электр байланысына қойылатын негізгі талаптар:

1) байланысты орнатудың уақтылығы;

2) байланыстың сенімділігі мен үздіксіздігі;

3) талап етілетін ақпарат беру жылдамдығын қамтамасыз ету;

4) талап етілетін ақпарат беру дұрыстығын қамтамасыз ету;

5) ақпарат беру кезінде қажетті жасырындылықты қамтамасыз ету;

6) жұмыс істеудің жоғары тиімділігі және үнемділігі.

11. Авиациялық электр байланысын ұйымдастыру және оның құрылымы жөніндегі негізгі ережелер

200. Қазақстан Республикасының авиациялық электр байланысы үш бөлікке бөлінеді:

1) авиациялық әуе электр байланысы;

2) жер үсті авиациялық электр байланысы;

3) авиациялық радиобағдар тарату.

201. Авиациялық әуе электр байланысы:

1) әуе қозғалысын басқару (ӘҚБ) орталықтарының (пункттерінің) диспетчерлері әуе кемелері экипаждарымен радиотелефондық байланысты тікелей жүргізу және рульдеу басталғаннан қонғанға дейін және рульдеу аяқталғанға дейін ұшудың барлық кезеңінде деректер беру;

2) әуе қозғалысын басқару (ӘҚБ) орталықтарының (пункттерінің) ұшып жүрген әуе кемелері экипаждарымен радиотелефондық байланыс, соның ішінде радиооператорлардың көмегімен радиотелефондық байланыс жүргізу;

3) ӘҚБ орталықтарының (пункттерінің) және байланыстың авариялық-құтқару қызметтерінің апатқа ұшыраған әуе кемелерінің экипаждарымен радиотелефондық байланыс жүргізу үшін ұйымдастырылады.

202. Жердегі авиациялық электр байланысы:

- 1) ӘҚБ орталықтарының (пункттерінің) өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;
- 2) азаматтық авиация ұйымдары қызметтерінің өзара іс әрекетін қамтамасыз ету;
- 3) азаматтық авиацияның өндірістік-диспетчерлік қызметтері мен әкімшілік басқару персоналының қызметін ұйымдастыру;
- 4) азаматтық авиация әуе кемелерінің ұшуларын қамтамасыз ету;
- 5) деректер беру үшін ұйымдастырылады.

203. Авиациялық радиохабарлау мыналар үшін ұйымдастырылады:

- 1) ұшып жүрген әуе кемелерінің экипажын жедел ұшу ақпараттық қызмет көрсету кезінде ақпараттандыру (AFIS);
- 2) әуеайлақ ауданында ақпаратты автоматты түрде беру (ATIS);
- 3) бағыттағы әуе кемелерінің экипаждары үшін метеоақпаратты автоматты түрде беру (VOLMET).

12. Авиациялық электр байланысы жұмысын ұйымдастыру жөніндегі жалпы талаптар

204. Авиациялық электр байланысы станциясы жұмысының уақытын(сағатын) қарамағында станция бар ұйымдардың басшылары анықтайды.

205. Ұшулардың аэронавигациялық ақпараттар жинақтарындағы "Жұмыс уақыты" бағанында қалыптасқан жұмыс режимі көрсетіледі.

206. Егер авиациялық электр байланысы органының (станцияның) жұмыс уақыты регламенттік, сынақтық жұмыстарды жүргізуге, аппаратураны алмастыруға, әуежайдың жұмыс уақытының (жұмыс режимінің) өзгеруіне байланысты қалыптасқан режимнен өзгерсе, онда Аэронавигациялық ақпараттар жинақтарына белгіленген тәртіппен өзгерістер енгізіледі және өзгертілген жұмыс уақыты басталғанға дейін 1 аптадан кешіктірмей NOTAM хабарламалары таратылады.

207. Авиациялық электр байланысы станциялары ұшулар жүргізуді қамтамасыз ету үшін қажетті трафикпен шартталған мөлшерде ұзартады.

208. Жұмысты тоқтату алдында станция ол туралы тікелей байланыстағы барлық басқа станцияларды хабардар етеді, жұмыс сағатын ұзартудың қажет

еместігін нақтылайды, егер әдеттегі жұмыстың басталуынан ерекшелігі болса, жұмысты қайта бастау уақыты туралы хабарлайды.

209. Станция желі құрамында тұрақты жұмыс істеген жағдайда жалпы тізбек бойынша қабылдау мен беруді қамтамасыз ете отырып, ол өзінің жұмысты тоқтату туралы ниетін, не бас станцияға, егер ондай болған жағдайда, не осы желі ішіндегі барлық басқа станцияларға хабарлайды. Станция кезекшілікті екі минут бойы жалғастырады, ал кейін егер осы кезең ішінде ол шақыру алмаса, жұмысты тоқтатуы мүмкін.

210. Тәулік бойы жұмыс істемейтін, апаттылық, шұғыл жағдайларда, заңсыз араласу немесе жол-жөнекей ұстау жағдайында іске қосылған немесе іске қосылуы мүмкін станциялар байланыс құралдарымен қажетті қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін өз жұмысының әдеттегі сағатын ұзартады.

211. Әрбір авиациялық электр станциясы өз жұмысын осы Қағидада көрсетілген талаптарға сәйкес жүзеге асырады.

212. Ережені жекелеген бұзушылықтар маңызды болып табылмаса, олар мүдделі тараптар арасында хат жазысу немесе жеке сөйлесулер арқылы шешіледі ;

213. Барлық авиациялық электр байланысы станциялары дүниежүзілік үйлестірілген уақытты (бұдан әрі - UTC) пайдаланады. Тәуліктің соңы болып түн ортасы саналады, яғни 24.00 сағатта, ал басталуы - 00.00 сағатта.

214 Жергілікті уақыт ретінде Қазақстан Республикасының үйлестірілген уақытының UTC (KZ) Ұлттық шкаласы уақыты пайдаланылады.

13. Авиациялық әуе электр байланысына қойылатын жалпы талаптар

215. Авиациялық әуе электр байланысы:

1) қозғалыс қызметі диспетчерлерінің радиотелефондық байланысын ұшудан қонғанға дейінгі барлық ұшулар бойы әуе кемелерінің экипаждарымен тікелей үздіксіз жүргізуді;

2) қозғалыс қызметі диспетчерлерінің радиотелефондық байланысын ұшудағы әуе кемелерінің экипаждарымен радиооператорлар арқылы жүргізуді;

3) қозғалыс қызметінің диспетчерлік пункттері (бұдан әрі - радиобюро) мен әуе кемелерінің экипаждары арасында хабарламалар алмасуға үздіксіз даярлықты;

4) жоғары сапалы байланысты;

5) іздеусіз және жалғастыру байланысын;

б) әуе кемелерінің экипаждарына хабарламаларды циркулярлық беру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

216. Авиациялық әуе электр байланысы Қазақстан Республикасының әуе қозғалысына қызмет көрсетудің қабылданған қағидаттарына сәйкес ұйымдастырылады.

217. Әрбір авиакәсіпорында әуе қозғалысын ұйымдастырудың қабылданған құрылымы негізінде авиациялық әуе электр байланысын ұйымдастыру схемасы әзірленеді.

218. Авиациялық әуе электр байланысын ұйымдастыру үшін диапазондары: ӨЖЖ, ЖЖ радиобайланыс құралдары пайдаланылады. ЖЖ диапазонының құралдары әуе кемелерінің экипаждарымен алыс байланысты және ӨЖЖ радио байланысы жоқ ұшу учаскелеріндегі байланысты қамтамасыз ету үшін пайдаланылады.

219. Әуе қозғалысын ұйымдастыру қызметінің әрбір диспетчерлік пунктінде авиациялық әуе электр байланысы құралдарының болуы, олардың радио мәліметтері, жұмыс режимі Әуе жолдары жөніндегі аэронавигациялық ақпарат жинақтарында және Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету құралдарының жұмыс регламентінде келтіріледі.

220. Авиациялық әуе электр байланысы жоғары сенімділікке ие болады. Әуе кемелерімен байланысты жоғалту ұшудың ерекше жағдайы ретінде қаралады. Егер радиобайланыстың бар арналарын пайдалана отырып 5 минут бойы бірнеше рет жасалған шақыруларда оның әрқайсысы бойынша экипаж (диспетчер) жауап бермесе, әуе кемесімен радио байланыс жоғалған деп есептеледі. Байланыс жоғалған кезде оны қалпына келтіру бойынша мүмкін болатын барлық шаралар шұғыл қолданылады.

221. Авиациялық әуе электр байланысы сенімділігін арттыру үшін әрбір радиостанция желісі белгіленген талаптарға сәйкес резервтеледі.

222. Хабарламаларды беру оларды беру үшін жердегі электр байланысын пайдалану болатын жағдайларда, авиациялық әуе электр байланысы жиілігінде жүргізілмейді.

223. Авиациялық станцияны бір уақытта бірнеше борттық станция шақырған жағдайда, әуе кемелерімен байланысты белгілеу тәртібіне қатысты шешімді авиациялық тіркелген станция қабылдайды.

224. Қажет болған жағдайда әуе кемелерімен қашықтықты ұлғайту және радиобайланыстың үздіксіздігі бойынша ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар жүргізіледі. Ондай іс-шаралар:

1) ұшу трассаларына шығарылған ӨЖЖ диапазонының қайта таратқыштарын ұйымдастыру;

2) биік жерлерді және биік құрылыстарды оларға ӨЖЖ диапазонындағы радиобайланыс құралдарын орналастыру үшін пайдалану;

3) жоғары қуатты және арнайы антенналық жүйедегі ӨЖЖ диапазонында радиобайланыс құралдарын қолдану;

4) пайдалануға жаңа радиобайланыс және спутниктік байланыс құралдарын енгізу;

5) ӨЖЖ арналары қабылдамаған (олар болмаған) немесе радиобайланыстың үздіксіздігі бұзылған кезде диспетчерлердің нұсқауларын және экипаждардың хабарламаларын беру үшін ЖЖ арналарын ұйымдастыру болуы мүмкін.

225. Авиациялық әуе электр байланысын ұйымдастыру кезінде:

1) қолданылатын радиоқұралдардың тактикалық-техникалық мүмкіндігін;

2) қолданылатын радиотехникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігін;

3) радиожиіліктерді іріктеуін;

4) радиотолқындардың өту жағдайын, атмосфералық, өнеркәсіптік және басқа да электр кедергілерін, авиациялық әуе электр байланысын оның жұмысы барысында жетілдіру бойынша ұйымдастырушылық-техникалық іс-шараларды жүргізу қажет.

226. ӘҚҰ үшін авиациялық әуе радиобайланысының үлгі схемаларын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

14. Авиациялық әуе электр байланысымен өңделетін хабарламалар

227. Авиациялық әуе электр байланысы өңдейтін хабарлар санаты және байланысты белгілеу кезектілігі мен хабарларды беру тәртібі осы Қағиданың 20-қосымшасында айқындалған.

228. Апат туралы хабарламалар 18-тараудың ережелеріне сәйкес өңделеді.

229. Шұғыл хабарламалар - әуе кемесінің немесе басқа да көлік құралының немесе борттағы не оның шегінде көрінетін, бірақ жедел көмек талап етпейтін, қандай да бір адамның қауіпсіздігіне жататын хабарламалар.

230. Ұшу қауіпсіздігіне қатысты хабарламалар:

1) Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ICAO) DOC4444 ATM/501 "Аэронавигациялық қызмет көрсету ережесі. Әуе қозғалысын ұйымдастыру (PANS-ATM)" құжатында нысаны анықталған қозғалыс пен басқаруға қатысты хабарламаларды;

2) ұшу-пайдалану агенттігі немесе ӘК бортында жасалған және ұшудағы немесе ұшуға дайындалған ӘК тікелей қатысы бар хабарламаларды;

3) ұшудағы немесе ұшуға дайындалған әуе кемесіне тікелей қатысы бар жеке (берілетін немесе радиохабарға арналған) метеорологиялық ақпаратты;

4) ұшудағы немесе ұшуға дайындалған ӘК қатысы бар басқа да хабарламаларды қамтиды.

231. Метеорологиялық хабарламалар - осы Қағидалардың 230-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген ақпаратты қоспағанда, ӘК бортына немесе бортынан берілетін метеорологиялық ақпарат.

232. Ұшу тұрақтылығына қатысты хабарламалар:

1) әуе кемелері ұшуының қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін аса маңызды құралдарды пайдалануға немесе техникалық қызмет көрсетуге қатысты хабарламаларды;

2) әуе кемелеріне қызмет көрсетуге қатысты хабарламаларды;

3) ұшу-пайдалану агенттіктерінің өкілдері беретін және әдеттегі кестеден ауытқуларға байланысты туындаған жолаушылар мен экипажға және жүктерге байланысты қажеттіліктердің өзгерістеріне қатысты нұсқауларды;

4) жоспарланбаған қонуға қатысты хабарламаларды;

5) әуе кемелерінің ұшуын қамтамасыз ету үшін шұғыл қажет бөлшектер мен материалдарға қатысты хабарламаларды;

6) ұшуды орындау кестелеріндегі өзгерістерге қатысты хабарламаларды қамтиды.

15. Әуеайлақ ауданындағы авиациялық әуе электр байланысы

233. Әуеайлақ ауданындағы авиациялық әуе электр байланысы осы әуеайлақ үшін қабылданған әуе қозғалысы басқармасының схемасына сәйкес ұйымдастырылады.

234. Әуеайлақ ауданындағы авиациялық әуе электр байланысы ӘЖЖ диапазонындағы радиобайланыс құралдарын пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

235. Әуеайлақ ауданында әуе қозғалысын басқару мен байланысты қамтамасыз ету үшін мынадай радиожелілер ұйымдастырылады:

1) "аудан";

2) "мұнара";

3) "жақындау" (секторлар саны бойынша);

4) "шеңбер";

5) "ұшу және қону";

6) "рельдеу";

7) авариялық-құтқару (ӘҚБ барлық пункттері үшін ортақ);

8) ATIS;

9) VOLMET.

236. Рөлдеу, ұшу және қону, шеңбер радиожелілерін біріктіруді осы әуеайлақ үшін ұшуларды жүргізу жөніндегі нұсқаулық пен аэронавигациялық ақпараттар жинақтарында міндетті түрде жазылатын қабылданған әуе қозғалысын басқару схемасына және әуе кемелерінің қозғалыс қарқындылығына байланысты ӘҚҰ қызметі жүзеге асырады. Бұл жағдайда радиобайланыстың жеке жиілігі белгіленеді.

16. Әуе трассаларында және жергілікті әуе желілерінде авиациялық әуе электр байланысын ұйымдастыру

237. Әуе трассаларында, жергілікті әуе желілерінде (бұдан әрі - ЖӘЖ) авиациялық әуе электр байланысы әрбір әуе трассасы мен ЖӘЖ-ге арналған әуе қозғалысын басқарудың белгіленген схемасына сәйкес ұйымдастырылады.

238. Әуе трассаларында және ЖӘЖ-де әуе қозғалысына қызмет көрсетуді қамтамасыз ету ӨЖЖ және ЖЖ диапазондарындағы радиобайланыс құралдарымен жүзеге асырылады.

239. ЖӘЖ әуе трассаларында ӘҚҰ қамтамасыз етудің негізгі құралдары берілген нақты жағдайларда ӘК ұшуына барлық тереңдігіне қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін таңдалған диапазондағы радиобайланыс құралдары болып табылады.

240. Әуе трассаларында және бірінші санаттағы ЖӘЖ-де ӘҚҰ мен байланысты қамтамасыз ету үшін мынадай радиожелілер ұйымдастырылады:

1) ӨЖЖ диапазонында секторлары саны бойынша әуе қозғалысына қызмет көрсету ауданы (бұдан әрі - ӘҚҚКА) аймағында басқару үшін;

2) ЖЖ диапазонында ӘҚҚКА аймағындағы әуе байланысы (ӨЖЖ өрісімен жабылмаған кезде);

3) ӨЖЖ диапазонында авариялық-құтқару байланысы.

241. ӘҚҚКА аймағындағы басқару үшін ӨЖЖ диапазонындағы радиожелілер саны осы ӘҚҚКА аймағында ұйымдастырылатын секторлар санымен анықталады. Метрлік радиотолқындардың таралу ерекшеліктерін ескере отырып, ӘҚҚКА-ның барлық аймағы (секторы) бойынша әуе қозғалысын үздіксіз басқаруды қамтамасыз ету үшін басқаруды тікелей ӘҚҚКА диспетчері жүзеге асыруы тиіс бір немесе бірнеше ӨЖЖ қайта таратушылар ұйымдастырылады, сондай-ақ көмекші аудандық орталықпен (бұдан әрі - КАО) ұйымдастырылады. ӨЖЖ қайта таратушылары мен КАО радиостанцияларының жұмысы ӘҚҚКА диспетчері радиостанцияларының жиіліктерінде немесе орнынан қозғалған негізгі жиіліктер әдісі бойынша жасалады.

242. ӘҚҚА аймағында авиациялық әуе байланысы үшін ЖЖ диапазонының радиожелілері бірнеше ӘҚҚА диспетчерлері үшін бір жиілікте, сондай-ақ " жиіліктер топтамасы" қағидаты бойынша ұйымдастырылады.

243. ӘЖЖ диапазонында ақпарат беру радиоарналары ӘК экипаждары мен:

1) қажетті коммерциялық ақпаратты алу үшін әуежайлар мен авиакомпаниялар;

2) әуе кемесінің материалдық бөлігінің жай-күйі туралы ақпарат, қосымша отын құю, жекелеген бөліктерді ауыстыру туралы өтінімдерді алу және басқа мақсатта авиациялық-техникалық орталықтар арасында байланыс үшін ұйымдастырылады.

244. Екінші санаттағы ЖӘЖ-де және ЖӘЖ әуеайлақтарының аудандарында әуе қозғалысын басқару мен байланысты қамтамасыз ету үшін мынадай радиожелілер ұйымдастырылады:

1) ӘҚҰ және ЖӘЖ-дегі байланыс;

2) ЖӘЖ әуеайлағы ауданында ӘҚҰ;

3) ЖӘЖ әуежайларымен байланыс.

245. ЖӘЖ-де ЖӘЖ әуеайлақтарының аудандарында әуе қозғалысына қызмет көрсету үшін радиожелілерін ұйымдастыру әрбір жергілікті диспетчерлік пункті (бұдан әрі - ЖДП) үшін белгіленген ӘҚҰ схемаларымен анықталады.

246. ЖӘЖ-дегі және ЖЖ мен ӘЖЖ диапазонындағы ЖӘЖ әуеайлақтарының аудандарындағы ӘҚҰ радиожелілері әрбір ЖДП үшін жекелеген жиіліктерде ұйымдастырылады.

17. Авиациялық жұмыстарды орындау кезіндегі авиациялық электр байланысы

247. Авиациялық жұмыстарды (бұдан әрі - АЖ) орындау кезіндегі авиациялық электр байланысын ұйымдастыру ӘК ұшуларын, авиациялық жұмыстарды және АА ұйымдарының өндірістік қызметін басқаруды қамтамасыз ету бойынша орындалатын міндеттердің сипатына сәйкес болады.

248. ӘК ұшуларын басқаруды қамтамасыз ету үшін электр байланысының қолданыстағы желілері (арналары) пайдаланылады. Электр байланысының жекелеген желілері (арналары), соның ішінде тұрақты немесе уақытша (ұтқыр) байланыс тораптарын құру, сондай-ақ басқа ведомстволардың, заңды және жеке тұлғалардың арналарын жалға алу немесе бөгеттеу жолымен ұйымдастырылады.

249. ӘК ұшуларын ұйымдастыру және электр байланысымен қамтамасыз ету АЖ орындау кезіндегі авиациялық электр байланысын ұйымдастыру жөніндегі

схема мен нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады. Авиациялық электр байланысын ұйымдастыру жөніндегі схема мен нұсқаулықты АА ұйымының (бөлімшесінің) басшысы бекітеді.

250. АЖ орындау кезіндегі авиациялық электр байланысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықта:

1) электр байланысының желілері мен арналарының тізбесі және олардың мақсаты;

2) желілер мен арналардың радиодеректері;

3) жұмыс уақыты;

4) ӘК экипаждарының жердегі корреспонденттермен байланысын орнату ерекшеліктері көрсетіледі.

251. ӘК экипаждарының тұрақты байланыс тораптары жоқ ұшуларды басқару пункттерімен тұрақты байланысты қамтамасыз ету үшін жылжымалы радиобайланыс тораптары пайдаланылады.

18. Авариялық-құтқару және іздестіру-құтқару жұмыстарына арналған авариялық электр байланысы

252. Авариялық радиожелілер әуе трассаларында және әуеайлақтардың аудандарында немесе ӘҚҰ қызметі анықтайтын кез келген басқа диспетчерлік пунктте ӘҚҰ қамтамасыз ететін диспетчерлік пункттер үшін ұйымдастырылады.

253. ӘҚҰ қызметінің диспетчерлік пункттері авариялық радиожелілерін үздіксіз тыңдауды және ӘК экипаждарымен байланыс жүргізуді қамтамасыз ететін құралдармен жабдықталады.

254. Авариялық радиожелілер олар ұйымдастырылған диспетчерлер пункттерінің жұмысы анықтайтын уақыт ішінде жұмыс істейді.

255. Авариялық радиожелілер тек:

1) негізгі радиожелі бойынша ақпаратты беру қиындығы;

2) мәжбүрлі түрде қонған ӘК және іздестіру-құтқару операцияларымен айналысқан ӘК арасында байланыс орнату қажеттілігі;

3) борттық радиомаяктардың жұмысын қамтамасыз ету жағдайларында;

4) негізгі радиожелісі бойынша радиобайланысты жоғалту кезінде пайдаланылады.

256. ӘК, сондай-ақ іздестіру-құтқару жұмыстарымен айналысатын ӘК мен жер үстіндегі қызметтердің арасындағы байланысты қамтамасыз ету үшін 123,1 МГц жиілігінде қосымша радиожелі ұйымдастырылады. Бұл ретте, жеке (резервтік) радиостанция пайдаланылуы тиіс.

19. Спутниктік электр байланысы

257. Спутниктік электр байланысы ӘҚҰ органдарының, электр байланысы станцияларының өзара әрекетесуін қамтамасыз ету, сондай-ақ ӘҚҰ органдарының ӘК байланысын қамтамасыз ету үшін ұйымдастырылады.

258. Спутниктік электр байланысы жердегі электр байланысы құралдарын пайдалануы қиын және мүмкін емес аудандарда пайдаланылады.

259. Спутниктік электр байланысы:

1) спутниктік байланыс арналарын жалға алу;

2) жергілікті жүйелерді құру;

3) өңірлік жүйелерді құру;

4) АА спутниктік байланысының республикалық немесе халықаралық жүйесін құру жолымен ұйымдастырылады.

20. Авиациялық жердегі электр байланысын ұйымдастыру жөніндегі талаптар

1-параграф. ӘҚҰ органдарының өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге арналған электр байланысы

260. Авиациялық жердегі радиобайланыс желілері (арналары) жердегі электр байланысы желілерін (арналарын) ұйымдастыру мүмкіндігінің болмауы кезінде ӘҚҰ органдарының өзара іс-қимылын қамтамасыз ету үшін және жердегі электр байланысы желілерін (арналарын) резервте сақтау үшін ұйымдастырылады.

261. ЖЖ радиобайланысының республикалық желісінің құрылымын (басты радиостанцияларын көрсетумен), радиожелі корреспонденттерінің құрамын әуе қозғалысын ұйымдастыру және ұшулар мен байланысты қамтамасыз етудің радиотехникалық құралдарын пайдалану жөніндегі мемлекеттік кәсіпорын анықтайды.

262. ӘҚҰ органдарының өзара іс-қимылын қамтамасыз ету үшін сөйлесу (телефондық) байланыс арналары ӘҚҰ органдарындағы диспетчерлердің жұмыс орындарына жедел байланыс аппаратурасын орната отырып, тікелей немесе коммутаторлық қосу қағидаты бойынша ұйымдастырылады.

263. Сөйлесу байланысының коммутаторлық арналары ӘҚҚКА өзара іс-қимылы үшін ӘҚҰ қызметімен келісім бойынша қолданылады.

264. Сөйлесу байланысының арналары ретінде тондық жиіліктегі байланыс арналары пайдаланылады. Тондық жиіліктегі байланыс арналарын пайдалану мүмкіндігі болмаған бағыттарда радиорелелік арналар, ЖЖ радиобайланыс арналары (желілері), спутниктік байланыс арналары, мәліметтер беру желілері ұйымдастырылады.

265. Сөйлесу байланысының арналары ӘҚҰ органдарының байланысты ұйымдастыру схемасына немесе ӘҚБ АЖ жердегі байланысты ұйымдастыру және деректер беру схемасына сәйкес ұйымдастырылады.

266. Авиациялық жердегі электр байланысын ұйымдастырудың үлгі схемаларын Қағиданың 21-қосымшасында көрсетілген.

2-параграф. Әуежай ішінің электр байланысы

267. Әуежай ішінің электр байланысы ӘҚҰ органдарының, әуежай мен авиакомпаниялар қызметтерінің өндірістік қызметін қамтамасыз етуге және олардың өзара іс-қимылына арналған.

268. Әуежай ішінің электр байланысының желілері жердегі жылжымалы станциялары бар радиобайланыс желілерін қоса алғанда, электр байланысы мен деректерді беру құралдарын пайдалана отырып, әуеайлақ аумағындағы электромагниттік үйлесімділік талаптарын орындауға жауапты кәсіпорын (бөлімше) қызметі әзірлеген және АА ұйымының (бөлімшесінің) басшысы бекіткен схемалар бойынша ұйымдастырылады.

269. Әуежай ішінің электр байланысы:

1) әуе кемелерінің рейстерін жоспарлау, дайындау және қызмет көрсету, тасымалдарды ұйымдастыру және жолаушылар мен жүктерге қызмет көрсету процестерінде ӘҚҰ органдарының, әуежайлар мен авиакомпаниялар қызметтерінің қызметін жедел басқару мүмкіндігін;

2) ӘҚҰ органдары мен әуежай қызметтерінің өзара іс-қимылын;

3) әуе көлігінің қызметтерін пайдаланатын кәсіпорындардың, жолаушылардың және басқа тұлғалардың қажетті ақпаратты алуын қамтамасыз етуі тиіс.

270. Жалпы пайдалану желілеріне қосылу тәртібі, жалпы пайдалану желілерінің трафигін өткізуді реттеу тәртібі және ведомстволық желілер мен жалпы пайдалану желілері арасындағы өзара іс-қимыл тәртібі байланыс саласындағы заңнамамен реттеледі.

271. Азаматтық авиация ұйымдарының жылжымалы жердегі станцияларымен технологиялық радио байланысы перрондағы жолаушыларға қызмет көрсетумен және әуе кемелерін дайындаумен, арнайы автокөліктердің жылжымалы перрондық механизация құралдарының қозғалысын басқарумен және т.б. шұғылданатын азаматтық авиация ұйымдары қызметкерлерінің жедел байланысын қамтамасыз ету үшін қуаттылығы аз диапазондағы (5 Ваттқа дейін) стационарлық, ұтқыр және қолмен алып жүрілетін ӘЖЖ радиостанциялардың көмегімен ұйымдастырылады.

272. Әуежай ішінің радиобайланысы қызметтердің жұмыс технологиясына сәйкес ұйымдастырылады.

273. Радиобайланысты ұйымдастыру схемасын, радиостанциялардың саны мен түрін АА ұйымының (бөлімшенің) басшысы анықтайды.

274. Әуежайдың, авиакомпанияның әрбір қызметі үшін тиісті шақыру белгілері бар жеке радиожелі (радиобағыт) ұйымдастырылады. Қажет болған жағдайда бірнеше желілерді жеке шақыру белгілерімен бір желіге біріктіруге жол беріледі.

275. Әрбір ұйымда онда барлық радио желілер (радиобағыттар) кескінделіп, радиостанциялар үлгілері, олардың жиілігі мен орнатылған шақыру белгілері көрсетіліп, әуежай ішінің радио байланысының жалпы схемасы әзірленеді.

276. Радиобайланысты жүргізу осы Қағиданың талаптарына, АА байланыс желілері бойынша ашық беруге рұқсат етілген мәліметтер тізбесіне және басқа да басқарушы құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

277. Рұқсат етілмеген жиіліктерде және бекітілмеген шақыру белгілеріндегі жұмысқа тыйым салынады.

278. Технологиялық, іздестіру және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізумен, табиғи апатты жоюмен, РТЖБП қызметінің объектілерінде жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты ерекше жағдайларды қоспағанда, тасымалданатын радиостанциялар АА ұйымының аумағынан шығарылмайды.

279. Радиостанцияларды техникалық пайдалану, оларды жөндеу, жұмыс істеу қабілетін тексеру, беру және алу, сақтау, жұмысын есепке алу, қызметтер қызметкерлерінің радиостанцияларды алулары мен жұмысқа жіберілуі және олардың жұмысын бақылау тәртібін осы желіні пайдаланушы ұйым әзірлейді.

3-параграф. Әуе кемелерінің халықаралық ұшуларын қамтамасыз етуге арналған электр байланысы

280. Әуе кемелерінің халықаралық ұшуларын қамтамасыз етуге арналған электр байланысы:

1) Қазақстан Республикасы мен шетел мемлекеттерінің өзара іс-қимыл ететін ӘҚҰ орталықтарын (пункттерін) сөйлеу байланысымен қамтамасыз ету;

2) аэронавигациялық ақпараттар және ұшуларды жоспарлау мен әуе кемелерінің қозғалысы бойынша ақпаратты, соның ішінде әуе кемелерінің экипажына беруді қамтамасыз ету;

3) деректерді беру;

4) метеорологиялық ақпаратты беру мақсатында ұйымдастырылады.

281. Қазақстан Республикасы мен шетел елдерінің тиісті ӘҚҰ органдарының өзара іс-қимылын қамтамасыз ету үшін тікелей сөйлеу байланысы арналары ұйымдастырылады.

282. Сымды байланысты ұйымдастыру мүмкіндігі болмаған кезде сөйлеу арнасы басқа құралдармен (радиоарнасы, байланыстың радиорелейлік желісі, спутниктік арна) ұйымдастырылады.

283. Сөйлеу байланысы арналары үшін резерв ретінде AFTN арналары, жалпы пайдаланудағы телекоммуникация желісі және басқа да байланыс жүйелері пайдаланылады. AFTN желісіндегі байланысты ұйымдастыру және жүргізу азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекітетін авиациялық тіркелген электр байланысы желісіндегі жұмыс технологиясында белгіленеді.

284. Өзара іс-қимыл арналарын ұйымдастыру тәртібі мен оларды пайдалану тәртібін мүдделі тараптар белгілейді.

285. Тараптар келісімге қол қояды, онда арналарды ашу мерзімдері мен тәртібі, арналарды алдын ала тексеру мен сынауды жүргізу тәртібі, ӘҚҰ органдары диспетчерлерінің арналарды пайдалану және олардың жұмысын бақылау, төлемдер мен өзара есеп айырысу тәртібі көрсетіледі.

286. Аэронавигациялық ақпарат және ұшуларды жоспарлау мен әуекемелерінің қозғалысы бойынша ақпарат AFTN арналары бойынша беріледі.

287. Қазақстан Республикасы мен басқа елдердің ӘК халықаралық ұшулары үшін қажетті метеоақпаратты беру мен қабылдау Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметін реттейтін заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

288. Авиакомпаниялар арасындағы коммерциялық және қызметтік ақпаратпен алмасу AFTN желісінің және халықаралық авиациялық электр байланысы (бұдан әрі - SITA) қоғамының деректерін беру арналары бойынша және халықаралық абоненттік телеграфтық байланыс желісі бойынша (бұдан әрі - ТЕЛЕКС) жүзеге асырылады.

289. Халықаралық желілердің және электр байланысы жүйелерінің (SITA, AFTN, ТЕЛЕКС, ТЕЛЕФАКС) арналарын пайдалану кезінде осы желілер үшін қабылданған электр байланысын белгілеу мен жүргізу ережелері сақталады.

21. Авиациялық бекітілген электр байланысының желісі

290. Авиациялық бекітілген электр байланысының желісі осы желі шегінде авиациялық электр байланысы станциялары арасындағы хабарлар алмасуға арналған.

291. Желі AFTN қайта тарату станцияларының жүйесін пайдалану негізінде халықаралық талаптарға сәйкес құрылған. Қазақстан Республикасының AFTN

желісіне байланысты ұйымдастыру және енгізу тәртібі "Авиациялық бекітілген электр байланысы желісіндегі технологиялық жұмыстармен" осы Қағиданың 23-қосымшасында көрсетілген.

292. Желіде халықаралық трафикке кіру/шығу нүктелері бар. Желі радиалды-торапты схема бойынша ұйымдастырылады және:

- 1) хабарлар коммутациясының бас орталықтарынан (бұдан әрі - ХКБО);
- 2) аймақтардың хабарлар коммутациясы орталықтарынан;
- 3) аудандардың хабарлар коммутациясы орталықтарынан;
- 4) хабарлар коммутациясының шеткі орталықтарынан;
- 5) шеткі AFTN станцияларынан тұрады.

293. Желіні жедел басқаруды КХБО жүзеге асырады.

294. Желіні ұйымдастыру үшін жалдау құқығындағы операторлар байланысы арналары және АА ұйымының меншікті электр байланысы арналары пайдаланылады.

295. Әрбір байланыс бағытындағы арналардың (телеграфтық немесе деректер беру) түрі және саны арналардың өткізу қабілеттілігі мен айналып өту жолдарын ұйымдастыру қажеттілігін ескере отырып, ақпараттардың көлеміне байланысты есептеумен анықталады.

296. AFTN станциялары арасында сымды немесе спутниктік арналарды резервілеу үшін барлық байланыс түрлері қолданылады.

22. Авиациялық электр байланысы станцияларында жеделхаттар (хабарлар) жазу, жіберу және беру

297. Жеделхаттар беруге арналған AFTN желісін есептемегенде, авиациялық электр байланысының желілерінде жеделхаттар жазу, жіберу және беру осы Қағида талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

298. Жеделхаттар мен хабарлар мыналарға бөлінеді:

1) оларды өңдеу, станциядан өту сатысына байланысты: шығыс -жіберушіден қабылданған және осы станциядан желіге берілетін; транзиттік - осы станция арқылы өтетін және онда өңделетін; кіріс - желіден осы станцияға келіп түскен және осы станцияның адресаттарына жеткізуге жататын;

2) жіберуші жазатын мекенжай жолына байланысты: бір мекенжайлы - желінің бір адресатына жіберілетін; көп мекенжайлы - желінің бірнеше адресатына жіберілетін; айналмалы - желінің барлық станцияларына жіберілетін;

3) мәтініне және өңдеу тәсіліне байланысты: нысандандырылғандар - қатаң белгіленген нысан бойынша жазылған мәтін; қарапайымдар, криптограммалар - шифрланған хабарлар; қызметтік - желінің жұмысқа қабілетін бақылауды қамтамасыз ету үшін станциялар алмасатын хабарлар.

299. Жедел санатына ие жеделхаттар беру кезектілігі желіде белгіленген кезектілікке сәйкес жүзеге асырылады. Жедел санаты жоқ жеделхаттар үшін кезектілігі станцияға жіберу уақытымен анықталады.

300. Хабарды желіге беру қолайлығын анықтау және мәтіннің жазылу дұрыстығы жеделхат жазған адамға жүктеледі.

301. Жіберуші желіге беру үшін дайындаған жеделхат мекенжай бөлігінен, дереккөзден, мәтін мен қызметтік мәліметтерден құрылады. Жеделхат осы желі үшін анықталған талаптарға сәйкес орыс немесе латын әліпбиінде құрылады.

302. Жеделхатты беру уақыты "күні-уақыты" 6 цифрлы топты құрады, бастапқы екі цифра айдың күнін, ал соңғы төртеуі UTC уақытының сағаты мен минутын білдіреді. Уақыт 24 сағаттық есептеулерді көрсетіледі.

Станция қызметкері жеделхат бланкісінде көрсетілген жіберу уақытының станцияның нақты уақытымен сәйкестігін тексереді. Уақыт арасында айырмашылық болатын кезде, станция қызметкері жеделхаттың жіберілу уақытын өзгерту үшін жеделхат жіберушіге кері қайтарады.

Жеделхатты станцияға жіберілу уақытын көрсетпей жіберуге рұқсат етіледі. Бұл жағдайда жеделхаттың жіберу уақытын станция қызметкері жазады және ол жеделхатты станцияға қабылданған уақытына сәйкес келеді.

303. Жеделхат мәтіні қарапайым жалпыға түсінікті сөз орамдарын, сондай-ақ, желі арқылы беруге рұқсат етілген белгілерді қолдана отырып, АА-да қабылданған шартты және кодтық сөйлемдерді қолдана отырып, қысқа, анық құрылады. Мәтін көлемі, қажет болған кезде оны бірнеше телеграммаларға бөлу, желі талаптарымен анықталады. Желіде белгіленген талаптар болмаған кезде, мәтін көлемі және оны бірнеше жеделхатқа бөлу осы жабдықты қолдану бойынша белгіленген талаптармен анықталады. Жеделхаттағы орысша сөздерді латын әріптерімен жазу қажет болған кезде латын әліпбиі әріптерінің сәйкестік кестесі қолданылады.

Жеделхаттар беруге арналған радиотелефон желілері бойынша жұмыс істеген кезде:

1) сөздер мен сөйлемдер радиотелефон арналары бойынша оңтайлы етіп таңдалуы қажет және дұрыс түсіндірмеу себебі болмайды;

2) жеделхат мәтінінде AFTN желісінде қолданылатын орыс немесе латын әліпбиін, цифрлар мен белгілерді қолданады. Радиотелефон желілері бойынша беру кезінде осы белгілер олардың атаулары бойынша айтылады.

304. Жіберу станциясы, осы мақсатта қолдану үшін рұқсат берілген, арна бойынша алынған немесе жіберуші бланкіде жеткізген жеделхаттарды желіге беру үшін қабылдайды.

305. Бланкідегі жеделхаттар жазу қағазының жартысынан кем емес қағазда немесе арнайы дайындалған бланкіде сиямен немесе реңді қанық қаламның

сиясымен анық жазылған немесе басылған, қол қою құқығы берілген лауазымды тұлғалар қол қояды. Мәтіннің әрбір белгісі бір мағыналы қабылданады. Жіберушіге жеделхат көшірмесі қажет болған жағдайда ол байланыс станциясына екі данада беріледі.

306. Жіберуші аталған ережелерден ауытқып жазған немесе түсініксіз жазған жеделхатты станция өңдеуге қабылдамайды.

307. Жеделхат мәтінінен кейін шектеу сызығының астына мынадай қызметтік мәліметтер көрсетіледі:

1) жіберушінің қолымен расталған жіберушінің лауазымы және тегі;

2) қажет болса басқа да қызметтік белгілер (жеделхат орындаушының тегі және телефоны, түзетулерді растау және түзету енгізген орындаушының немесе жіберушінің қолы және т.б.);

3) күні (күні, айы, жылы).

308. Жеделхат мәтінінің астында лауазымды тұлғаның тегі көрсетілетін болса, осы жеделхатқа қол қою құқығы тек сол лауазымды тұлғаға беріледі. Егер жеделхат мәтінінің астында бірнеше тектер көрсетілсе, онда шектеу сызығының астында жеделхат жіберушілердің барлығының қолы болады.

309. Станцияға жіберілетін жеделхаттарға қол қою құқығы берілген лауазымды тұлғалар қол қояды. АА ұйымында АА ұйымы (бөлімше) басшысы бекіткен, жеделхаттарға қол қою құқығы бар лауазымды тұлғалардың тізімі болады. Бұл тізім станцияда болады.

310. Жіберуші жеделхаттарға өзгерістер жасай алады, толықтырулар енгізе алады, жіберілуін кідірте алады немесе оларды жібермейді. Осы барлық әрекеттер жеделхаттың осы бланкісінде жіберушінің қол қоюымен расталады. Егер жеделхат жіберілген болса, оған түзетулер, толықтырулар енгізу немесе оның күшін жою үшін жіберуші мәтіннің басына "қайта түзетілген" деген белгі қою арқылы жеке жеделхат жібереді.

311. Станцияларда өңдеуге қабылданған жеделхаттардың түпнұсқалары жіберушіге қайтарылмайды.

312. Жеделхатты (хабарды) жібергеннен кейін станция қызметкері бланкіге мынадай жазбалар жазады:

1) хабарды (хабарларды) желіге беру уақыты;

2) станция қызметкерінің қолы.

313. Басқа желіден келген хабарды беру қажет болған кезде, ол станцияға осындай мақсаттарда қолдануға рұқсат етілген бланкіде немесе арна бойынша жіберіледі. Осы жағдайда мұндай хабарды желіге жіберген кезде алғашқы желі нысанының атрибуттары берілмейді.

314. Жеделдік индекстері жеделхаттармен бірдей көрсетілген криптограммалар бірінші беріледі.

315. Хабарларды адресаттарға уақтылы жеткізу ол лауазымдық міндеттеріне енгізілген тұлғаларға жүктеледі.

23. Радиобайланыс орнату және жүргізу қағидасы

316. Корреспонденттер, АА ӘК арасындағы радиобайланыс осы Қағидаға сәйкес жүзеге асырылады. АА ұйымында төмендегідей тәртіп белгіленеді:

- 1) радиобайланысты орнату;
- 2) радиogramмалар беру және қабылдау;
- 3) радиобайланыс арналары бойынша келіссөздер жүргізу;
- 4) радиogramмаларды ресімдеу және радиобайланыс бойынша есепке алу құжаттамасын жүргізу.

317. Радиобюрода (жеке радиостанцияларда) радиобайланыс орнату және жүргізу үшін мыналарды қамтитын радиодеректер болады: жиіліктер, шақыру белгілері, корреспонденттердің азимуттары, радиожелілердің (радиобағыттардың) жұмыс кестесі.

318. Қолданыстағы радиожелілер мен радиобағыттардың құрамына кіретін, әуе кемелері мен жердегі пункттердің радиостанциялары оларға белгіленген жиіліктерде үздіксіз тыңдаулар жүргізеді. Байланыс сапасының сипаты осы Қағидаға 20-қосымшаға сәйкес бағаланады.

24. Авиациялық радиобағар

319. ӘК экипаждарына метеорологиялық және ұшу ақпаратын беруді қамтамасыз ету үшін арнайы радиобағар желілері ұйымдастырылады.

320. Әуеайлақ ауданындағы ӘК экипаждарын ұшу және метеорологиялық ақпаратпен жедел қамтамасыз ету үшін ATIS радиобағар желілері ұйымдастырылады.

321. Ұшудағы ӘК экипаждарын метеорологиялық ақпаратпен қамтамасыз ету үшін ӘЖЖ немесе ЖЖ диапазондарындағы VOLMET радиобағарлар беру ұйымдастырылады.

322. ЖЖ диапазонындағы VOLMET радиобағар берудің ақпаратын сенімді қабылдауды қамтамасыз ету мақсатында бұл желілер 1500-3000 км шегінде бір уақытта бірнеше жиілікте жұмыс істейді.

323. Радиобағарлар беру желілеріне қосылмаған әуежайлардың ауа райы болжамын және нақты ауа райын ӘК экипаждары ӘҚҰ қызметінің диспетчерлерінен немесе осы әуежайлардың радиооператорларынан авиациялық әуе электр байланысы желілері бойынша сұратады.

324. Ұшуда радиобағарлар беру желілері бойынша ақпарат алу үшін ӘК экипаждары аэронавигациялық ақпараттар жинақтарын басшылыққа алады.

325. Метеорологиялық ақпаратты радиохабарлау кезінде гидрометеорологиялық қызмет белгілеген жеке терминология қолданылады. Радиохабарлау үшін метеорологиялық ақпарат радиобюроға коды ашылған түрінде түседі.

326. Халықаралық әуежайлардың және әуе трассаларының экипаждарын метеорологиялық ақпаратпен қамтамасыз ету үшін ағылшын тіліндегі радиохабарлар беру ұйымдастырылады.

327. Радиохабар материалдарының мәтіндерін жасаушы беруге қажет нысанда дайындайды.

328. Радиохабарлар беру көрсетілген жиіліктерде және көрсетілген уақытта жүргізіледі. Барлық радиохабар берілімдерінің бағдарламалары мен жиіліктері тиісті құжаттарда жарияланады. Жиіліктердің немесе беру уақытының кез келген өзгерістері НОТАМ көмегімен нақтылы өзгерістерге дейін кемінде екі апта алдын ала хабарланады. Бұдан басқа, егер ол іс жүзіне асырылатын болса, нақты өзгерістерге дейін 48 сағат бұрын барлық тұрақты берілетін радиохабарларда осындай кез келген өзгерістер туралы хабарланады және осындай хабарлама әрбір радиохабар берудің бір рет басында және бір рет соңында беріледі.

329. Бағдарламаларға сәйкес жүргізілетін радиохабарлар берілімі (белгіленген тәртіппен жүргізілетін ұжымдық берілімдерден басқа) жалпы шақырылымдағы бағдарламада белгіленген уақытта басталады. Егер радиохабарлар берілімі кешіктірілсе, белгілі уақытқа қысқа хабарландыру беріледі, онда абоненттерге күту ұсынылады және кешіктіру кезеңінің шамасы минуттарда көрсетіледі.

330. Берілімді бірнеше уақыт ішінде күту қажеттілігі туралы белгілі хабарландырудан кейін радиохабар берілімі көрсетілген күту уақыты аяқталмай басталмайды.

331. Радиохабар берілімдері бөлінген уақыт шегінде жүргізілген кезде әрбір станцияда берілім үшін бөлінген кезеңнің соңына барлық материалдардың берілімі бітуіне қарамай дереу аяқталады.

332. Белгіленген кезектілік тәртібімен ұжымдық радиохабар берілімін жүргізу кезінде әрбір станция өз берілімдерін белгіленген уақытта бастайды. Егер қандай да бір себеппен станция белгіленген уақытта өз радиохабар берілімін бастамаса, ол станциядан кейін беруі тиіс станция күтеді және өзінің радиохабар берілімін ол үшін белгіленген уақытта бастайды.

333. Радиохабар берілімін жүргізу үшін жауапты станцияның жұмысында үзіліс болған жағдайда, бұл берілімді алғашқы станцияның жұмысы қалпына келгенше басқа станция жүргізеді.

334. Радиотелефон бойынша жүргізілетін әрбір радиохабар берілімінің бастамасы жалпы шақырылымнан, станцияны тағайындаудан және UTC берілім уақытынан құралады.

25. Есепке алу және есептілік

335. Есепке алу және пайдалану құжаттамасына шығыс жеделхаттар, радиобайланыс арналарының журналдары, радиобайланыс арналарының борттық журналдары, магниттік, оптикалық және электрондық тасымалдағыштар (дискілер, дискеттер), бақылау орама және ленталық жазбалар, жеделхаттарды (хабарларды) есепке алу және жеткізу журналдары жатады.

336. Электр байланысының арналары бойынша тәулік сайынғы есепке алуға:

1) цифрлық, телеграфтық және телефон арналары бойынша - байланысты бұзушылықтың саны мен ұзақтығы;

2) радиоарналар бойынша - радиобайланыс арнасының аппараттық журналы бойынша берілген және қабылданған хабарлар саны жатады.

337. Магниттік (магнитофондық) жазбалар тасымалдағыштарын сақтау тәртібі осы Қағидаға 3-қосымшада көрсетілген.

338. Желі AFTN қайта тарату станцияларының жүйесін пайдалану негізінде халықаралық талаптарға сәйкес құрылған. Қазақстан Республикасының AFTN желісіне байланысты ұйымдастыру және енгізу тәртібі Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрі бекітетін "Авиациялық бекітілген электр байланысы желісіндегі технологиялық жұмыстармен" белгіленеді.

339. Байланыс станцияларында журналдарды сақтау мерзімдері соңғы жазбаның күні көрсетілгеннен бастап есептеледі.

340. Құжаттаманы тапсыру немесе жою қабылдау-тапсыру жүк құжатымен немесе жою туралы актілермен ресімделеді.

26. Екі жақты көзбен шолу радиолокаторы трассалық

341. Екі жақты көзбен шолу радиолокаторы трассалық (бұдан әрі - ЕШРЛ-Т) жауап бергіштермен жабдықталған ӘК координаттарын анықтауды және олардан қосымша ақпаратты алуды қамтамасыз етеді.

342. ЕШРЛ-Т радиолокациялық ақпараттың жаңару кезеңі 10 секундтан аспуға тиіс.

343. Көзбен шолу аймағында ӘК-ні табу мүмкіндігі кемінде 0,9 және қабылдағыштың өз шуы бойынша жалған қауіп мүмкіндігі 10^{-6} аспайды, жабылудың нөлдік бұрыштары кезінде ЕШРЛ-Т әрекет ету аймағы келесі параметрлермен анықталады:

көлденең жазықтықтағы көзбен шолу бұрышы - 360^0 ;
орынның ең кіші бұрышы – $0,5^0$ астам емес;
орынның ең үлкен бұрышы – кемінде 45^0 ;
ең кіші қашықтық – тиісінше 350 км болатын ең үлкен қашықтығы кезінде 2 км аспайды;
ең үлкен қашықтық – 350 км;
ең үлкен биіктік – 20000 м.

344. Өтінім дабылдарының қолданыстағы жиіліктері және А/С режиміне арналған өтінімдер бойынша басу $1030 \pm 0,2$ МГц болуға тиіс және бір-бірінен $0,2$ МГц-тан аспайтындау ерекшеленуге тиіс, S - $1030 \pm 0,1$ МГц редимі болған кезде бір-бірінен $0,1$ МГц-тан аспайтындай ерекшеленуге тиіс.

345. ЕШРЛ-Т S - 1090 ± 1 МГц режимі болған кезде А/С режимінде 1090 ± 3 МГц жиілігінде дабылдарды қабылдауды және өңдеуді қамтамасыз етуге тиіс.

346. А/С режимінің өтінім сигналы екі негізгі Р1 мен Р3 импульстерінен және бірінші Р1 импульсінен кейін берілетін Р2 басу импульсінен тұруы керек. Р1 мен Р3 импульстерінің арасындағы аралық $2,0 \pm 0,15$ мкс құрайды.

347. А/С/S режиміндегі жалпы шақырулар өтінімі үш импульстен: Р1, Р3 және Р4 ұзақ импульсінен тұрады. Тек А/С режиміндегі жалпы шақыру импульсі Р4 қысқа импульсі қолданылатынын қоспағанда, А/С/S режиміндегі жалпы шақыру импульсіне ұқсас келеді. Р3 және Р4 импульстері арасындағы аралық $2 \pm 0,05$ мкс құрайды.

348. S режиміндегі өтінім Р1, Р2 және Р6 үш импульстен тұрады. Р1 және Р2 импульстерінің алдыңғы шеттерінің арасындағы аралық $2 \pm 0,05$ мкс құрайды. Р2 импульсінің және Р6 фазаны синхрондық төңкерудің алдыңғы шетінің арасындағы аралық $2,75 \pm 0,05$ мкс құрайды. Р6 импульсінің алдыңғы шеті фазаны синхрондық төңкеруге дейін $1,25 \pm 0,05$ мкс-тен басталады. Р5 импульсі жалпы шақыру өтінімдерінде тек қана S режимінде, антеннаның бағыттылығы диаграммасының жанындағы және артындағы бағыттарымен сәулелендірілетін әуе кемелерінің жауаптарын алдын алу үшін қолданылады, бөлек антенна бағыттылығының диаграммасын қолана отырып, таратылады және фазаны синхрондық төңкеруге симметриялы түрде орналасады. Р5 импульсінің алдыңғы шеті фазаны синхрондық төңкеруге дейін $0,4 \pm 0,1$ мкс-тен басталады.

349. Р1 және Р3 импульстерінің арасындағы аралық мыналарға сәйкес келуге тиіс:

А режимі үшін $8 \pm 0,2$ мкс және С режимі үшін $21 \pm 0,2$ мкс;

350. Импульстрдің шеттеріндегі және төмендеуіндегі амплитудадан $0,5$ деңгейде өлшенген А/С режиміндегі Р1, Р2 және Р3 импульстерінің ұзақтығы $0,8 \pm 0,1$ мкс теу болуға тиіс.

351. А/С режиміндегі өтінім дабылдарының ең үлкен қайталау жиілігі 450Гц-тен аспауға тиіс.

352. S режиміндегі жауап импульстері бірінші берілетін импульстен $0,5 \text{ мкс} \pm 0,05 \text{ мкс}$ еселенген белгілі бір аралықтан басталуға тиіс. Преамбула төрт импульстен тұрады, әрқайсысының ұзақтығы $0,5 \text{ мкс}$ құрайды. Бірінші берілетін және екінші, үшінші және төртінші импульстердің арасындағы аралықтар тиісінше $1,3,5$ и $4,5 \text{ мкс}$ құрайды. Жауап деректері импульсінің блогы бірінші берілетін импульстің алдыңғы шетінен кейін 8 мкс өткен соң басталады.

353. Блоктауды алу негізінде тануды қолданатын Өтінім беруші таратқан тек S режиміндегі жалпы шақырудың ең үлкен жиілігі төмендегідеу жауап беру мүмкіндігіне байланысты:

1) 3 дБ сәулелену аралығына арналған өтінімнің $1,0: 3$ тең жауап алу мүмкіндігі кезінде немесе секундына 30 өтінім, қай мән кішірек екеніне қатысты;

2) 3 дБ сәулелену аралығына арналған өтінімнің $0,5: 5$ тең жауап алу мүмкіндігі кезінде немесе секундына 60 өтінім, қай мән кішірек екеніне қатысты;

3) 3 дБ сәулелену аралығына арналған өтінімнің $0,25$ или менее: 10 тең жауап алу мүмкіндігі кезінде немесе секундына 125 өтінім, қай мән кішірек екеніне қатысты.

354. Өтінім және жауап бойынша жанындағы бағыттардың дабылдарын басу қамтамасыз етілуге тиіс.

355. Негізгі ӘК-нің антанна бағыттылығының диаграммасындағы негізгі бағытта болуы кезінде және бөгет жасайтын өтінім сигналдары болмаған кезде қосымша ақпаратты алы мүмкіндігі кемінде $0,98$ болуға тиіс.

356. Цифрлық өңдеуден кейінгі радиолокатордың шығыуындағы қашықтықты өлшеу дәлдігі (ортаквadratты қате) мынадан төмен болмауға тиіс:

1) кәдімгі ЕШРЛ-Т үшін – 250 м ;

2) моноимпульсті ЕШРЛ-Т үшін – 100 м .

357. Цифрлық өңдеуден кейінгі радиолокатордың шығыуындағы азимутты өлшеу дәлдігі (ортаквadratты қате) мынадан төмен болмауға тиіс:

1) кәдімгі ЕШРЛ-Т үшін – $15'$;

2) моноимпульсті ЕШРЛ-Т үшін - $8'$.

358. Цифрлық өңдеуден кейінгі ЕШРЛ-Т-ның рұқсат ету мүмкіндігі мынадан төмен болмауға тиіс:

1) кәдімгі ЕШРЛ-Т үшін:

қашықтығы бойынша – 1000 м ;

азимуты бойынша - 5^0 ;

2) моноимпульсті ЕШРЛ-Т үшін:

қашықтығы бойынша – 400 м ;

азимуты бойынша - $1,5^0$.

359. Қосымша ақпараты бар ӘК-ден жалған белгі немесе жалған қосымша ақпараты бар ӘК-ден жалған белгі беру мүмкіндігі бір азимутте екі ӘК табылған және олардың ара қашықтығы 4 км құраған кезде 10^{-3} аспауға тиіс.

360. ЕШРЛ-Т ақпаратты радиолокатордың көзбен шолу уақытының 0,5 аспайтын уақытына оны өңдеу кезінде бөгемеуі керек.

361. ЕШРЛ-Т-ның жұмыс істеу режимі 120 секундтан аспайтын уақытта белгіленеді.

362. ЕШРЛ-Т-ны автоматты бақылау жүйесі оның техникалық жай-күйі туралы ақпаратты басқару пунктіне жіберуге тиіс.

363. ЕШРЛ-Т шкафтарының АЖЖ сәулелену қуаттылығының ағынының тығыздығы 25 мкВт/см^2 аспауға тиіс.

27. ADS-B жүйесін қолдана отырып бақылау

1-параграф. Жалпы ережелер

364. ADS-B жүйені білдіреді, оның шеңберінде әуе кемесі жер үсті станциясына тану индексі және ұшудың абсолюттік биіктігі туралы ақпаратты жібереді. Әуе кемесінің бортында әуе кемесінің орналасқан жері анықталады және ол туралы ақпарат жер үсті станциясына беріледі. Бұл деректер радио хабарлау режимінде беріледі және кез келген қабылдағыш (жерде немесе әуе кемесінің бортында) бұл деректерді қабылдай алады. Бұдан басқа, ADS-B хабарламаларға жол сызығының векторы, жылдамдығы және нормадан ауытқу туралы деректерді қамтиды.

365. ADS-B шеңберінде берілетін негізгі деректер (әуе кемесінің тану индексі, оның орналасқан жері және абсолюттік биіктігі) радиолокациялық бақылау кезіндегі сияқты.

366. Бұл деректер бөлек индикаторда көрсетілді немесе автоматтандырылған жүйеге енгізілуі, сол жерде өңделуі және радиолокациялық деректер сияқты бейнеленуі мүмкін. ADS-B жүйесі ӘҚҚ қамтамасыз ету мақсатында бақылау деректерінің көзі ретінде қызмет етуі мүмкін.

367. ADS-B деректері радиолокациялық бақылау деректері сияқты ескертулер желілерінің түрлі функцияларын орындауды қамтамасыз ету үшін қолданылуы мүмкін.

368. Радио хабарлау режиміндегі автоматты тәуелді бақылау жүйесі (ADS-B) маршрута және әуеайлақ маңында әуе қозғалысына қызмет көрсетуді (ӘҚҚ) қамтамасыз ету мақсатында қолданыла алатын электрондық бақылаудың қосымша нысаны болып табылады.

2-параграф. ADS-B хабарламалары деректерінің элементтері

369. ADS-B-мен жабдықталған әуе кемелері жер үсті станцияларға деректерді беру желісі бойынша бақылау деректері бар хабарламаларды автоматты түрде және жиі береді. Радио хабарлау режимінде берілетін хабарламалардағы деректердің негізгі элементі мыналар:

- 1) әуе кемесін тану индексі және 24-биттік мекенжайы;
- 2) орналасқан жері туралы дерктер (нақтылық және бүтіндік туралы тиісті ақпарат);
- 3) жылдамдық векторы (дәлдік векторы);
- 4) барометрлік биіктігі.

3-параграф. TIS-B out қойылатын талаптар

370. TIS-B мүмкіндігін қамтамасыз ететін жер үсті станциялар TIS-B хабарламаларды қалыптастыру функциясын және TIS-B хабарламаларымен алмасу (жіберу) функциясын қамтиды.

371. Аса ұзақ өздігінен өндіретін дабылды пайдаланатын жер үсті станциялар бақылаудың тиісті деректер көзіне қосылған кезде ғана TIS-B арналған аса ұзақ өздігінен өндіретін дабылдағы хабарламаларды береді.

372. TIS-B қамтамасыз ететін жер үсті станциялардың аса ұзақ өздігінен өндіретін дабылдарды беру мүмкіндігі болуға тиіс. Осындай жер үсті станциялардың сипаттамалары таратқыштың қуаттылығы, антеннаны қуаттандыру коэффициенті, тарату жылдамдығы тұрғысынан алғанда нақты жер үсті станциясының TIS-B ақпаратының қажетті көлеміне сәйкес болуға тиіс, бортты пайдаланушылар А1 сыныпты қабылдау жүйесімен (кемінде) жабдықталғаны болжанады.

4-параграф. Аса ұзақ өздігінен өндіретін дабылдарды қабылдау жүйелеріне қойылатын талаптар

373. Аса ұзақ өздігінен өндіретін дабылдарды қабылдау жүйелері хабарламалармен алмасу (қабылдау) функциясын және жеткізулерді қалыптастыру функциясын қамтиды.

374. Аса ұзақ өздігінен өндіретін дабылдарды қабылдау жүйелері ADS-B хабарламаларын аса ұзақ өздігінен өндіретін дабылдарда қабылдайды және ADS-B жеткізулерді пайдаланушыларға таратады.

375. Аса ұзақ өздігінен өндіретін дабылдарды қабылдау жүйелерінің талап етілетін функционалдық және пайдалану сипаттамалары пайдаланушылардың

камтамасыз етілуге жататын ADS-B және TIS-B-ты қолдануына және жүйелерді қолдануына байланысты.

376. Хабарламалармен алмасу функциясы 1090 МГц қабылдау антеннасының кіші функциясын және радиожабдықты камтиды (қабылдағыш/демодулятор/декодер/деректер буфері).

377. ADS-B аса ұзақ өздігінен өндіретін дабылды қабылдаудың жер үсті жүйесі кем дегенде аса ұзақ өздігінен өндіретін дабылдарда таратылатын, ӘҚҰ пайдаланушының жер үсті қолданыстары үшін талап етілетін барлық үлгідегі ADS-B жеткізулерді қалыптастыруға қажетті ақпаратты қамтитын хабарламалардың барлық үлгілерін қабылдауды және кодтауды алуды камтамасыз етеді.

378. Жер үсті станциясының аса ұзақ өздігінен өндіретін дабылдарын қолданатын борттық қабылдағыш/демодулятор/декодер борттық қабылдағыштың сыныбына байланысты қабылдау әдістерін қолданады және қосылудың ең төменгі шекті деңгейі (MTL) болады.

379. Қабылдау әдісі мен аса ұзақ өздігінен өндіретін дабылдарды қолданатын жер үсті қабылдағышының MTL ӘҚҰ пайдаланушының жер үсті қолданыстары үшін талап етілетін қабылдау сипаттамаларын (яғни деректердің қашықтығы мен жаңару жиілігі) камтамасыз ету есебімен таңдалады.

380. Қабылдау жүйелері ADS-B және TIS-B жеткізулердің әрбір нақты үлгісі үшін белгіленген қолданушылық уақытының хабарлама үшін негіз ретінде тірек уақытының жергілікті көзі ретінде қолданылады.

381. ADS-B және/немесе TIS-B жеткізулерін қалыптастыруға арналған қабылдау жүйелері жер бетінде орналасқан жері туралы, әуедегі орналасқан жері туралы және/немесе TIS-B туралы алынған хабарламалар негізінде алынған хабарламалардың төмендегі жағдайларында жеткізулерді қолдану уақытын қалыптастару мақсатында UTC GNSS өлшенген уақыты қолданылады:

1) навигациялық белгісіздіктің санаты (NUC) 8 немесе 9 құраған жағдайда, нөл (0) нұсқасындағы ADS-B хабарламалары;

2) навигациялық белгісіздіктің санаты (NIC) 10 немесе 11 құраған жағдайда, бір (1) нұсқасындағы ADS-B немесе TIS-B хабарламалары.

382. UTC өлшенген уақыт туралы деректердің 300 с. ең аз диапазоны және 0,0078125 (1/128) с. рұқсатылымы болады.

383. ADS-B және/немесе TIS-B жеткізулерін қалыптастаруға арналған қабылдау жүйелері үшін NUC немесе NIC критерийлеріне сай келетін ADS-B және/немесе TIS-B алынған хабарламалары негізінде дәл емес уақыт көздерін пайдалануға рұқсат етіледі. Бұндай жағдайда нақы уақыттың тиісті көздері болмаған кезде, қабылдау жүйесі 20мс. тең болатын тактілік цикл немесе есептеу уақыты бар тиісті ішкі сағатты немесе есептегішті орнатады. Орнатылған цикл

немесе еспетегіштің 300 с. ең аз диапазоны және 0,0078125 (1/128) с. рұқсатылымы болады.

28. Адами фактордың аспектілері

384. Радионавигация және бақылау жүйелерін жобалау және сертификаттау кезінде адами фактордың аспектілерін ескеру қажет. Адами фактордың аспектілеріне қатысты нұсқамалық материалдар Адами фактор саласында оқыту нұсқауында (ИКАО Doc 9683) және "Адами фактор", "CNS/АТМ жүйелеріндегі адами фактор" материалдар жинағы" ИКАО-ның № 249 нұсқауында қамтылған.

Азаматтық авиацияда ұшуды
және авиациялық радиобайланысты
радиотехникалық қамтамасыз
ету қағидаларына 1-қосымша

Нысан

РТЖБП қызметі ауысымдық персоналының журналы

20__ жылғы " __ " _____ басталды

20__ жылғы " __ " _____ аяқталды

(Азаматтық авиация кәсіпорны)

Күні	Объектінің (құралдың) атауы, қонудың МК-сы	Қосылу уақыты	Ажыратылу уақыты	Жұмыс ұзақтылығы	Ажыратылу себептері	ҰРТҚ және байланыс құралдарының жұмысы бойынша ескертулер	Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты

Журналды жүргізу тәртібі

1. Кезекшілікті тапсырған тұлға қонудың МК-сын, күнін, уақытын жазады; барлық бағандарға көлденең кезекшілікті тапсыру сәтіндегі ҰРТҚ және байланыс құралдары жұмысының қысқаша сипаттамасын, ауысым бойынша тапсырылуы тиіс басшылықтың өкімдерін көрсетеді: "Кезекшілікті тапсырдым" (қолын қояды), кезекшілікті қабылдаған тұлға - "Кезекшілікті қабылдадым" (қолын қояды) деген нысан бойынша жазулар жазылады.

2. Кезекшілік процесінде журналға ҰРТҚ және авиациялық радио байланысы құралдарының жұмысындағы барлық өзгерістер (қонудың МК ауысуы, автоматтандырылған объектілердің жұмыс істеу қабілеттігін тексеру, істен шығулар мен зақымданулар т.б.) объектінің (құралдың) атауын, қосылу, ажыратылу уақыттарын, ажыратылу себептерін, жұмысқа қабілетсіз жай-күйінің ұзақтығын, ҰРТҚ және байланыс құралдарының жұмысы туралы ұшқыш және

диспетчерлік құрамның ескертулерін, ауысым жұмысы жөніндегі ескертулерді, қабылданған шараларды көрсете отырып журналға жазылады.

3. UTC уақыт.

Азаматтық авиацияда ұшуды және авиациялық радиобайланысты радиотехникалық қамтамасыз ету қағидаларына 2-қосымша

Нысан

"Бекітемін"

Азаматтық авиация ұйымының
(бөлімшесінің) басшысы

_____ " " _____ 20__ ЖЫЛ

Істен шығуларды (байланыстың бұзылуын) тексеру актісі _____

(ҰРТҚ және байланыс объектісінің, авиациялық электр арнасының атауы)

Істен шығу күні (жылы, айы, күні) _____

Жұмыс істеу қабілеттігінің бұзылу уақыты ____ сағат ____ минут

Жұмыс істеу қабілеттігін қалпына келтіру уақыты ____ сағат ____ минут

Істен шығу ұзақтығы ____ сағат ____ минут

Істен шыққан құралдың (байланыс арнасының) атауы	Зауыттық нөмірі	Соңғы ТҚ-дан кейінгі атқарым	Пайдаланудың басынан бастап атқарым

200_ " " _____ № _____ бұйрықпен тағайындалған мынадай құрамдағы

Комиссия:

Төраға _____

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

мүшелері _____

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

_____ (ҰРТҚ және байланыс объектісінің, авиациялық электр арнасының атауы)
істен шығуларына тексеру жүргізді.

Тексеру барысында мыналар анықталды:

1. Жағдай (оқиға туралы ақпарат, істен шығудың сипаты мен оның салдары, техникалық персоналдың тегі, аты-жөні).

2. Талдау (себептер, тех. персоналдың қатесі, жұмысты ұйымдастырудағы кемшіліктер, және басқа да ауытқулар)

3. Істен шығуды сыныптау (объектінің немесе құралдың істен шығуы, эл. жабдықтаудың бұзылуы, байланыс желісінің зақымдануы, инженер-техник персоналының дұрыс емес іс-қимылы)

4. Әуе қозғалысына қызмет көрсетуге ықпал _____

5. Инженер-техник құрамның іс-қимылындағы бұзушылықтар _____

6. Қорытындылар _____

7. Ұсынымдар _____

Комиссия төрағасы _____

Комиссия мүшелері _____

Азаматтық авиацияда ұшуды
және авиациялық радиобайланысты
радиотехникалық қамтамасыз
ету қағидаларына 3-қосымша

Автоматты түрде құжаттауды (жазуды), ӘҚҚ сөз сөйлеу байланыс арналарының қадағалау жабдықтарының ақпараттарын пайдалану мен сақтауды ұйымдастыру және олардың мәліметтерін тарату жөніндегі нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1. Автоматты түрде құжаттауды (жазуды), ӘҚҚ сөз сөйлеу байланыс арналарының қадағалау жабдықтарының ақпараттарын пайдалану мен сақтауды ұйымдастыру және олардың мәліметтерін тарату бойынша нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) АА ұйымдарындағы ауызекі ақпараттарды және әуе қозғалысына қызмет көрсету бойынша мәліметтерді құжаттаудың, сондай-ақ оларды сақтау және қолданудың негізгі қағидастарын, әдісі мен тәртібін анықтайды.

2. Осы Нұсқаулық әуе кемелері ұшуы қауіпсіздігін және тұрақтылығын қамтамасыз етуші қызметтер мамандарына, сондай-ақ авиациялық оқиғаларға тексеру жүргізетін қызметтер мен органдарға арналған.

3. Нұсқаулық талаптарын орындау АА ұйымдарында авиациялық оқиғаларды тексеру кезінде және басқа да өндірістік мақсаттарда құжатталған ақпараттарды пайдаланатын, объективті бақылау құралдарын қолданумен айналысатын мамандар үшін міндетті болып табылады.

4. ӘҚҚ ауызекі ақпараттарын және мәліметтерін құжаттау үшін АА ұйымдарының техникалық жабдыкталуы деңгейіне қарай мынадай объективті бақылау құралдары қолданылуы мүмкін:

1) ақпараттарды таспалы магниттік тасымалдағыштарда сақтау арқылы ауызекі ақпаратты жазу үшін ұқсас магнитофондар;

2) ақпараттарды қатты дискілерде, магнит таспаларда және басқа да ақпарат тасымалдағыштарда сақтау арқылы ауызекі ақпаратты жазу үшін цифрлы магнитофондар;

3) ақпараттарды қатты дискілерде, магнит таспаларда және басқа да ақпарат тасымалдағыштарда сақтау арқылы берілетін деректерді, сондай-ақ бақылау деректерін жазуға арналған цифрлы құрылғылар;

4) радиолокациялық станция (кешен) және әуе қозғалысын басқарудың қазіргі заманғы автоматтандырылған жүйесі құрамына кіретін құрылғылар;

5) Объективті бақылау жабдығын техникалық пайдалану осы жабдықты өндірушілердің пайдалану-техникалық құжаттамасына және АА нормативтік құжаттарына сай жүргізілуі тиіс.

6) ӘҚҚ ауызекі байланыс арналары ақпараттарын, деректерді тарату және осы Нұсқаулыққа нұқсан келтірмейтін бақылау деректерін құжаттау, сақтау және қолдану барысында басқа да ерекшеліктерді анықтайтын қосымша талаптар АА ұйымы (бөлімшесі) жетекшісінің бұйрығы арқылы анықталады;

7) ӘҚҚ ауызекі байланыс арналары ақпараттарын, деректер тарату және бақылау деректердің құжаттау тәулік бойы немесе ақпарат көздерінің жұмыс уақыты кезінде жүзеге асырылуы тиіс;

8) Құжаттауды ұйымдастыру, ақпараттарды сақтау және қолдану үшін жауапкершілік АА ұйымы жетекшілеріне жүктеледі;

9) Құжаттауды техникалық қамтамасыз етуге, сақтау шарттарына, сапасына және ақпаратты жаңғыртуға жауапкершілік АА ұйымының радиотехникалық қызметі бастықтарына жүктеледі;

10) Ақпараттарды құжаттау радиотехникалық құралдарға, ӘҚҚ қамтамасыз ететін АА ұйымының лауазымдық тұлғалары жұмысына бақылау жасау үшін, іздеу және құтқару іс-шараларын жүргізу үшін авиациялық оқиғаларды тексеруге және АА ұйымының басқа да өндірістік мақсаттарында пайдалануға арналған.

2. Радиолокациялық, радиопеленгациялық және жоспарлы ақпараттарды құжаттау

11. Радиолокациялық, радиопеленгациялық және жоспарлы ақпараттарды құжаттаудың (бақылау құралдары) қазіргі заманғы құрылғылары, әдетте мыналардың құрамына кіреді:

1) Радиолокациялық кешендер және радиолокациялық станциялар;

2) ӘҚБ АЖ және ӘҚҚ диспетчерлерінің автоматтандырылған жұмыс орны (АЖО).

12. Радиолокациялық, радиопеленгациялық және жоспарлы ақпараттарды жазу ақпараттар түсіп жатқан уақыт бойы үздіксіз жүргізілуі тиіс.

13. Ақпарат жазумен бір уақытта ағымдағы кезең жазбалары жүргізіледі.

14. Уақыт көрсеткіші нақтылығын түзету автоматты түрде нақты уақыт дабылы құрылғысы арқылы жүргізіледі. Бірыңғай уақыт көрсеткішін автоматты түрде түзету дабылы жоқ болған кезде жүйелік уақыт барысы нақтылығына түзету шұғыл журналға жазба жазу арқылы төмендегідей нысан бойынша қолмен тәулігіне екі рет жасалады:

1) "07.00. Жүйелік сағат 1 минутқа кейін қалған. Ағымдық уақытқа түзету енгізілді. Қолы, күні".

2) "19.00. Ағымдық уақытқа түзету енгізу қажет емес. Қолы, күні".

15. Ақпараттарды тасымалдау немесе сақтау үшін қолданылатын барлық ақпарат тасымалдағыштар және жеке жазу құрылғыларының реттік нөмірлері болуы керек.

3. Ауызекі ақпараттарды құжаттау

16. Ауызекі ақпаратты құжаттау (жазу) аппараты бөгде адамдардың кіруіне шек қойылған және температура режиміне сай келетін және қолданыстағы техникалық құжаттама талаптарына сай келетін арнайы бөлмелерде орналасуы тиіс.

17. Ауызекі ақпараттарды құжаттау аппаратына жазатын арналар тізбесін АА ұйымының (бөлімшесінің) басшысы анықтайды және бекітеді.

18. Жазуға болатын байланыс арналарының әрқайсысына ауызекі ақпараттарды жазу аппаратының жеке арнасы бекітіледі.

19. Әрбір жазу құрылғыларында жазу арналарының нөмірі және оларда жазып жатқан байланыс арналарының қысқаша белгісі көрсетілген кесте болуы тиіс.

20. Ақпараттарды тасымалдау немесе сақтау үшін қолданылатын барлық ақпарат тасымалдағыштардың реттік нөмірлері болуы тиіс.

21. Бақылауға жататын ауызекі ақпараттарды жазу:

- 1) жұмыс орындарына байланыс арналарын тікелей жалғау орындарынан;
- 2) байланыс арнасы жұмысы сапасының төмендеуін болдырмайтын, сәйкес құрылғыларды қолдану арқылы жүргізіледі.

22. Ауызекі дабылдарды жазу кезінде ағымдағы уақыт автоматты түрде жазылуы тиіс.

23. Жазу аппаратының ішкі сағатын түзету бірыңғай уақыт дереккөзінен автоматты түрде жүзеге асырылуы тиіс.

24. Бірыңғай уақыт сигналдарын ретрансляциялау ұйымдастырылмаған ұйымдарда, жазу аппаратының ішкі сағатын түзету Қазақстан Республикасының бірыңғай уақытты радиотарату станциясының сигналы бойынша қолмен жүзеге асырылады.

25. Ақпараттарды жазу үздіксіз жүргізіліп отыруы тиіс.

26. Ақпаратты, ағымдағы уақытты жазудың болуы және сапасын тексеру шұғыл жағдайлар журналына жазу арқылы әрбір 4 сағат сайын жүргізіліп отыруы тиіс.

27. Әуе қозғалысын басқаруға қатысы жоқ жазба арналарында тексеру ауысымға бір рет жүргізіледі.

28. Уақытқа тексеру жүргізетін және түзетулер енгізетін тұлға, осы Нұсқаулықтың 14-тармағының 1) немесе 2) тармақшаларында көрсетілген нысан бойынша шұғыл тіркеу журналына тексеру жүргізілгені немесе уақытқа түзету енгізілгені жайлы жазба жазуы тиіс.

29. Ауызекі ақпаратты құжаттау, ауызекі байланыстың негізгі арналарындағы жазбалар тоқтап қалмауы арқылы, жазба құрылғыларының сандық құрамы мен техникалық жай-күйі параметрлеріне бақылау жасауға, жабдыққа техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүргізуге кедергісін келтірмейтіндей етіп ұйымдастырылуы қажет.

4. Ақпарат тасымалдаушыларды сақтау тәртібі, тыңдау (жаңғырту)

30. Ақпаратты тасымалдағыштарды сақтау ақпараттық бүлінуін немесе оған бөгде адамдардың қол жеткізуін болдырмауы тиіс.

31. Ақпарат құжаттау құрылғыларында қатты дискілерде жазылып, сақталады. Қатты дискілер толған кезде ондағы ескі ақпарат автоматты түрде өшіріледі және оның орнына жаңа ақпарат жазылады. Қатты дискілер көлемі кемінде 30 тәулік мерзімге сақталатын ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз етуі тиіс.

32. Ақпаратты қатты дискіде сақтайтын жазба құрылғылар ақпарат фрагменттерінің алмастырғыш тасымалдағыштарға көшірілуін қамтамасыз етулері тиіс.

33. Егер жазба құрылғысы жазбаларды және ақпараттарды сақтауды магниттік таспаларға немесе алмастырғыш ақпарат тасымалдағыштарда жазған болса, онда магниттік таспа және алмастырғыш ақпарат тасымалдағыштар көлемі кемінде 30 тәулік бойы сақталған ақпараттарға қол жететіндей қалыпта болады. Бұл мерзім аяқталған соң алмастырғыш ақпарат тасымалдағыштар қайтадан қолданылуына болады. Ауыстырғыш ақпарат тасымалдағыштарды қолданған кезде, әрбір ауыстырғыш ақпарат тасымалдағышын қолдану жағдайы тіркеліп

отыратын, осы Нұсқаулық қосымшаға сәйкес ақпарат тасымалдағыштарды тіркеу журналы жүргізіледі.

34. Алмастырғыш ақпарат тасымалдағыштар электрмагниттік өріс және күн көзі әсері тимейтіндей металл шкафтарда сақталуы тиіс.

35. Алмастырғыш ақпарат тасымалдағыштарды сақтауға арналған шкафтарда олардың бүлінбеуі үшін микроклимат қамтамасыз етілуі тиіс.

36. Ұстауға уақытша тыйым салынған алмастырғыш тасымалдағыштарды (магниттік таспаларды) сақтау үшін сүргі салуға лайықты арнайы металл қорапшалар болуы қажет.

37. Ұйым жетекшісінің немесе оның орнындағы тұлғаның өкімі бойынша авиациялық оқиғаларды зерттеу барысында РТЖБП және ӘҚҚ қызметі өкілдерінің қатысуымен қажетті ақпарат қатты дискіден алмастырғыш тасымалдағышқа көшіріліп жазылады да (егер жазба таспада жазылса онда магниттік таспа алынады), бұл жайында ақпарат тасымалдағыштарды тіркеу журналында тиісті түрде жазылуы тиіс.

38. Қолданыстан алынған ақпарат(-тар) тасымалдағыш(-тар)ға сүргі соғылып, АА ұйымы (бөлімшесі) жетекшісінің бұйрығымен бекітілген орында сақтауға беріледі.

39. Егер ақпарат тасымалдағыш осы Нұсқаулықтың 37-тармағында көрсетілгендей мақсатта түнгі уақытта, демалыс немесе мереке күндері алынған болса, онда қолданыстан алынған ақпарат тасымалдағышқа сүргі соғылып, әрі қарай 38-тармаққа сәйкес тапсырылу арқылы ААҚ-ға өткізіледі.

40. Ұстауға уақытша тыйым салынған ақпарат тасымалдағышты қолданыстан алуға өкім берген тұлғада сақталуына рұқсат етіледі.

41. Авиациялық оқиғаларға қатысты ақпараттар жазылған ақпарат тасымалдағышының сақталуына жауапкершілік АА ұйымы жетекшісіне жүктеледі.

42. Авиациялық оқиғаларға қатысы бар, қолданыстан алынған ақпарат тасымалдағышының сақталу мерзімі Қазақстан Республикасы АА өкілетті органы арқылы тағайындалған, авиациялық оқиғалар мен қақтығыстарды зерттеу бойынша құрылған комиссия арқылы анықталады.

43. Қолданыстан алынған ақпарат тасымалдағыштың қорабын ашу және тыңдау (жаңғырту), оның көшірмесін алу авиациялық оқиғалар мен қақтығыстарды зерттеу бойынша құрылған комиссия төрағасының нұсқауымен жүзеге асырылады.

44. Авиациялық оқиғаларға қатысы жоқ жағдайлар жөніндегі ақпарат тасымалдағыштарын тыңдау (жаңғырту), көшірмесін алу, АА кәсіпорны

жетекшісі бекіткен, Арнайы лауазымдық тұлғалар тізбесінде анықталған тұлғалар және жаңғырту аппаратында жұмыс істеуге үйретілген тұлғалар арқылы жүзеге асырылады.

45. Қажет болған уақыт кезеңінде ақпарат одан әрі қарай өңдеп, тыңдау үшін жазу құрылғысынан тікелей жаңғырту аппаратына көшіріледі.

46. Егер жазу құрылғысынан жаңғырту құрылғысына көшіру мүмкін болмаса, қажетті ақпарат жазу құрылғысынан жаңғырту құрылғысына алмастырғыш тасымалдағыштың көмегімен көшіріледі немесе магниттік таспа беріледі. Бұны беру ақпарат тасымалдағыштарын тіркеу журналына жазу арқылы жүзеге асырылады.

47. Алмастырғыш ақпарат тасымалдағыштар мен жазбасы бар магниттік таспа берілген күннен бастап 5 тәулік ішінде тұрақты сақтау орнына қайтарылуы тиіс.

48. Жазылған ақпарат фрагменттерін тыңдау (жаңғырту), егер ақпараттарды құжаттау аппаратының техникалық құжаттамасында айтылғандай басқа да жаңғырту тәсілдері қарастырылмаған болса, жазу құрылғысынан бөлек бөлмеде орналасқан, жаңғырту құрылғыларында жүзеге асырылады.

49. Жазылған ақпараттарды тыңдау (жаңғырту) немесе қарап шығу кезінде ақпараттар өшіріліп қалмауы (алынып тасталмауы) жағы көзделуі қажет.

50. Жазылған ақпаратты тыңдау үшін АА ұйымының ӘҚҚ қызметі және/немесе РТЖБП қызметінің осы жұмысты орындау үшін арнайы оқытылған және рұқсат алған мамандары жіберіледі.

Автоматты түрде құжаттауды (жазуды),
ӘҚҚ сөз сөйлеу байланыс арналарының
қадағалау жабдықтарының ақпараттарын
пайдалану мен сақтауды ұйымдастыру
және олардың мәліметтерін тарату
жөніндегі нұсқаулыққа қосымша

Нысан

Ақпаратты ауыстырғыш тасымалдағыштарды есепке алу журналы

(азаматтық авиация ұйымының атауы)

ж. " " басталды

ж. " " аяқталды

Жазу құрылғысының нөмірі	тасымалдағыштың нөмірі	Жазу күні мен уақыты		Күні, уақыты, лауазымды және тұлғаның қолы		
		басталуы	аяқталуы	өшіруді тоқтата тұру туралы	тыңдауға арналған	

				нұсқау берушінің	тасымалдағышты алушының	тасымалдағышты өшіруге нұсқау берушінің

Азаматтық авиацияда ұшуды және авиациялық радиобайланысты радиотехникалық қамтамасыз ету қағидаларына 4-қосымша

Нысан

Объектінің ауысымдық персоналының жедел журналы

(объектінің атауы)

20__ жылғы " __ " _____ басталды

20__ жылғы " __ " _____ аяқталды

Күні, уақыты	Мазмұны	Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты, қолы

Журналды жүргізу тәртібі

Журналға мынадай жазбалар жазылады:

- 1) объектіні және кезекшілікті қабылдағаны, объектінің жұмысқа дайындығы, кезекшілікті тапсыру (кезекші персоналы бар объектілер үшін) туралы;
- 2) жабдықты (кезекші персоналы бар объектілерде) қосу, ажырату уақыттары, жұмысындағы барлық бұзушылықтар және олардың себептері туралы;
- 3) кезекшілік кезінде лауазымдық тұлғалардан келіп түскен нұсқаулар мен өкімдер туралы;
- 4) лауазымдық тұлғалардың объектіні тексеру нәтижелері туралы;
- 5) қолданыстағы электр қондырғыларының жұмыс жасауы туралы;
- 6) объектіде тағылымдама жүргізу туралы;
- 7) объектілерді ашу және күзетуге тапсыру;
- 8) объектідегі жоспардан тыс жұмыстар мен жабдықты тексеру туралы.

Азаматтық авиацияда ұшуды және авиациялық радиобайланысты радиотехникалық қамтамасыз ету қағидаларына 5-қосымша

Нысан

РТЖБП қызметінің ауысым персоналының кезекшілікті қабылдау туралы ұшу басшысына электронды тасымалдаушыда жазылған баяндамасы

1. Баяндаушы ауысымдағы _____
(тегі)

Кезекшілікті _____ сағ. _____ минутта қабылдадым.

2. Ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету және байланыс резервтік барлық құралдары жұмысқа жарамды, РМЖ, ҚЖЖ нысандары қону курсы _____ (МКп, ЖӘК нөмірі) (қандай да бір құралдар істен шыққан болса, оларды қайта іске қосу жоспарланған уақытын көрсету) қосылған.

3. Жоспарланған техникалық қызметте тұрғандар (құралдар мен олардың жоспарланған қосылу уақытын көрсету).

4. Техникалық қызметке өшірілу жоспарланған (өшірілу уақытын көрсету, ұзақтығы және ұшу басшысының рұқсатын алу).

Азаматтық авиацияда ұшуды
және авиациялық радиобайланысты
радиотехникалық қамтамасыз
ету қағидаларына 6-қосымша

Нысан

Бекітемін

Азаматтық авиация ұйымының

(бөлімшесінің) басшысы

20__ жылғы " __ " _____

Объектінің электр қондырғыларының тиістілігі мен пайдалануға жауапкершілікті шектеу актісі

(объектінің атауы)

Энергиямен жабдықтаушы ұйым _____ (жабдықтаушы)
тұлғасында _____ және РТЖБП қызметі (тұтынушы)
тұлғасында _____ арасындағы

1. Тұтынушыны арғы бетінде көрсетілген схемаға сәйкес ТКС-тен электрмен жабдықтау жүзеге асырылады.

2. Жабдықтаушы мен Тұтынушы арасындағы пайдалану жауапкершілігінің шекарасы _____ схемада көрсетілген _____ арқылы өтетін сызық.

3. Тұтынушы Жабдықтаушыға тиесілі, бірақ жергілікті жағдайлар бойынша Тұтынушы персоналына қолжетімді электр жабдықтар мен кабельдің сақталуына, сондай-ақ Жабдықтаушыға тиесілі есік құлыптарын бұзылмауына жауапты болады. Жабдықтаушының құлыптары жабық: _____

4. Шек қою желісі бойынша байланыс жағдайын бақылауды персонал жүзеге асырады _____

5. Тұтынушыға (кВа) _____ вольт кернеу кезінде _____ кВт электр қуаты рұқсат етілген. Тұтынушының таратушы бөлу қалқасындағы жалпы қорғаныш фазалардың біркелкі жүктелімі кезінде рұқсат етілген _____ А кернеу қуатымен тоқ орналастырылған.

6. Жабдықтаушы жағынан қорғаныш _____ А тоқ орналастырылады, яғни Тұтынушының таратуындағы қорғаныштан бір саты жоғары болады.

7. Тұтынушы тоқ көзі жүретін желілерде жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жабдықтаушыдан бір тәулік бұрын ескерту алғаннан соң жылына _____ рет _____ сағатқа ток көзін береді.

8. Әр жылдың басында Тұтынушы Жабдықтаушыға электр шаруашылығын пайдалануға жауапты тұлға тағайындалған және Тұтынушымен шұғыл түрде келіссөз жүргізетін персонал тізімі көрсетілген бұйрықтың көшірмесін ұсынады.

9. Ерекше шарттар _____.

. Қалыпты электрмен жабдықтауға кедергі тудыратын барлық жағдайларда Тұтынушының кезекші персоналы Жабдықтаушының диспетчеріне мынадай телефон арқылы _____ шұғыл түрде хабарлайды.

11. Жоғарыда айтылған шарттар өзгерген жағдайда акт қайта ресімделеді.

12. Акт екі данада (әр тарапқа - біреуден) жасалған.

Қосымша,

Жабдықтаушы: Тұтынушы:

Энергиямен жабдықтаушы ұйымның РТЖБП қызметінің басшысы
басшысы

(қолы) (қолы)

Азаматтық авиацияда ұшуды
және авиациялық радиобайланысты
радиотехникалық қамтамасыз
ету қағидаларына 7-қосымша

Нысан

Байланыс резервтік арналарының сенімділік көрсеткіштері мен санын есептеуге арналған формулалар

1. Бұзылуға (зақымдануға) атқарым шамасын анықтау

$$T_b = \frac{T_{\text{жиын}}}{n}, \quad n = 1, 2, 3, \dots, \text{ болған кезде}$$

мұндағы, T_b - бұзылуға (зақымдануға) орташа атқарым, сағатпен;

Тжиын - белгілі бір уақыт кезеңіндегі құралдардың (бір үлгідегі құралдар тобының) атқарымы, сағатпен;

n - құралдардың (бір үлгідегі құралдар тобының) осы кезеңде бұзылу (зақымданулар) саны.

2. Қалпына келтірудің орташа уақытының шамасын анықтау

ТҚ жиын

$T_k = \frac{\dots}{n}$, n = 1, 2, 3, ..., болған кезде

мұндағы, T_к - құралдардың жұмыс істеу қабілетін қалпына келтірудің орташа уақыты;

ТҚжиын - құралдардың (бір үлгідегі құралдар тобының) жұмыс істеу қабілетін қалпына келтірудің есептік кезеңдегі жиынтық уақыты.

3. Резервтік құралдар санын анықтау

$K_{рез} = V K$ қбас,

мұндағы,

K_{рез} - резервтік құралдар саны;

K қбас - қолданыстағы байланыс арналарының саны.

Есептеу нәтижесі бүтін санға дейін артығымен дөңгелектенеді.

Азаматтық авиацияда ұшуды
және авиациялық радиобайланысты
радиотехникалық қамтамасыз
ету қағидаларына 8-қосымша

ҰРТҚ және байланыс құралдарына арналған формулярды жүргізу тәртібі

1. Формуляр ҰРТҚ және байланыс құралдарының жасаушы кәсіпорын кепілдік берген негізгі параметрлері мен техникалық сипаттамаларын куәландыратын, осы құралдардың жай-күйін көрсететін және оны пайдалану (жұмыс ұзақтығы мен жағдайлары, ТҚ, жөндеу түрлері, құрамдас бөліктері мен бөлшектерін ауыстыру және басқа да барлық пайдалану кезеңін қамтитын деректер) жөніндегі мәліметтерді қамтитын құжат болып табылады.

2. Жаңа жабдықтың формуляры болмаған жағдайда, формулярды пайдаланушы ұйым ашады, "Маңызды белгілер" бөлімінде РТЖБП қызметінің бастығы тиісті жазбаларды жазады.

3. Осы құрал бекітілген объект басшысы формулярдың сақталуына және оның дұрыс жүргізілуіне жауапты болып табылады.

4. Формуляр жоғалған жағдайда, оның төлқұжаты АА ұйым (бөлімше) басшысының рұқсатымен ашылып жүргізіледі.

5. Формулярды барлық бөлімдер бойынша жүргізу міндетті. Формулярдағы барлық жазулар анық және мұқият жүргізілуі тиіс. Өшірулерге және куәландырылмаған түзетулерге жол берілмейді.

6. Формулярдың барлық парақтары толтырылғанда қосымша парақтар жапсырылады. Қосымша парақтарды формулярға жапсыру мүмкін болмағанда, ол жаңасына ауыстырылады. Жаңа формулярға ескі формулярдың әрбір бөлімі бойынша қорытынды деректер енгізіледі. Бұл жазулар Азаматтық авиация ұйымы басшысының қолымен және елтаңбалық мөрмен бекітіледі. Ескі формуляр акті бойынша жойылады.

7. Құралдың істеген жұмысы туралы деректер санауыш көрсеткіштерінің немесе объектінің ауысымдық инженерінің (техниктің) жедел журналындағы жазулар негізінде ай сайын енгізіледі.

8. Құралдың негізгі параметрлерін бақылау өлшеулері бағанына жазулар өлшеулер нәтижесінде жүргізіледі.

9. "Құралдың техникалық жай-күйі" деген мәліметтерге белгіленген нормаларға сәйкес келмейтін техникалық параметрлер және анықталған негізгі ақаулықтар жазылады.

10. "Қорытындылар" деген бағанға анықталған кемшіліктерді жоюға арналған іс-шаралар жазылады.

11. Формулярға құралдарды жөндеу туралы жазуды жөндеу ұйымының басшылары жазады, олар жөндеу түрін, ол қашан және қайда жүргізілгенін көрсетеді.

12. Құралдың деталдарын ауыстыру және ағымдағы жөндеу туралы жазуларды жөндеуді жүргізген тұлғалар жатады. Бұл ретте олар ауыстырылған құрамдас бөліктердің атауын, децималдық (сызбалық) және схемалық нөмірлерін, олардың істеген жұмысын, оларды ауыстыру себептерін көрсетеді.

13. Сақтаудан шығару туралы жазулар құралды пайдалануға арнап орнату уақытында жазылады.

Азаматтық авиацияда ұшуды
және авиациялық радиобайланысты
радиотехникалық қамтамасыз
ету қағидаларына 9-қосымша

Құралдардың бұзылуы мен зақымдануының жинақтауыш-картасы

Құрал үлгісі _____, зауыттық нөмірі _____

Әзірленген күні _____, пайдалануға берілген күні _____

_____ объектіде, ұйымда орнатылған

күні	Істеген жұмысы	Бұзылу	Зақымдану	Бұзылулар мен зақымданулар саны, оның ішінде себептер бойынша

Пайдаланудың басынан бері	б і р бұзылуға	б і р зақымдануға				1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

(Бұйымның істен шығулары мен зақымдануларының жинақтауыш-картасының екінші беті)

Жинақтауыш-карта жылына бір рет 1 қаңтардағы жай-күй бойынша толтырылады.

Істен шығулар мен зақымданулардың себептері 1-11 цифрларымен көрсетіледі, олар мыналарды білдіреді:

- 1 – істен шығу – жабдықтың бұзылуы немесе метеожағдайлардың әсері;
- 2 - блок, модуль, платаның (АҮЭ) істен шығуы;
- 3 – бағдарламалық жасақтаманың істен шығуы/бұзылуы;
- 4 – электрмен қоректендіретін тізбек элементтерінің істен шығуы;
- 5 – мониторинг және басқару (RCMS) аппаратурасының, индикация панелінің істен шығуы;
- 6 – қабылдау-тарату блоктары/құрылғыларының істен шығуы;
- 7 – антенналы-фидерлік құрылғылардың бұзылуы;
- 8 – құрастыру жгуттары мен жиынтық қосқыш кәбілдер оқшауламасының бұзылуы, кәбілдік ағытпалардың бұзылуы;
- 9 – механикалық элементтердің (редукторлардың, тістегіштердің, мойынтіректердің) істен шығуы;
- 10 – пайдаланатын ұйымның жауаптылық шегінде (жалға алынған арналарды қоспағанда), ақпаратты тарату желілерінің (модемдер, MUX, PPS, ТОВЖ және басқа арна құратын аппаратуралар) істен шығуы;
- 11 – себебі анықталмаған бұзылу.

"Себептер бойынша бұзылу мен зақымдану саны" деген бағанды толтырған кезде бір түрдегі бұзылу мен зақымдану қосылады және бір санмен көрсетіледі.

Азаматтық авиацияда ұшуды
және авиациялық радиобайланысты
радиотехникалық қамтамасыз
ету қағидаларына 10-қосымша

Нысан

Келісілген Бекітемін

ӘҚҰ қызметінің бастышысы Азаматтық авиация

_____ ұйымының басшысы

20__жылғы " __ " _____ 20__жылғы " __ " _____

ҰРТҚ және авиациялық әуе байланысы объектілерін резервке ауыстырып қосудың (ауыстырудың) нормативтік уақыты

ҰРТҚ және байланыс объектілерінің авиациялық әуе байланысы арнасының атауы	Нормативтік уақыт (сек.)			
	Бастапқы қосылу	Резервтік құралға ауысу	Электр энергиясының резервтік көзіне ауысу	
			Электр энергиясының резервтік көзіне қайта қосу	Объектінің жұмыс істеу қабілетін қалпына келтіру
ҚКРМ-МК-68	45	45	15	60

Жердегі байланыс арналарын резервке ауыстырып қосудың (ауыстырудың) нормативтік уақыты

Жердегі байланыс бағытының, арнаның атауы (корреспондент)*	Резервтік арна (айналып өту жолы)	(Резервке қайта қосудың нормативті уақыты (айналып өту жолы)

*Арналардың, байланыс бағыттарының атауы олардың ұшу қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етудегі маңыздылығына қарай тәртіппен кестеге жазылады. Кестедегі арнаның реттік нөмірі оның резервпен қамтамасыз ету мен жұмыс істеу қабілеттілігін қалпына келтіру кезектілігін анықтайды.

РТЖБП қызметінің басшысы _____

Азаматтық авиацияда ұшуды және авиациялық радиобайланысты радиотехникалық қамтамасыз ету қағидаларына 11-қосымша

Пайдалану құжаттарының тізбесі

1. РТЖБП қызметінің пайдалану құжаттары

1. Азаматтық авиацияда ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету және авиациялық радиобайланыс қағидалары.
2. Радиосәулені таратушы құрылғылардың радиодеректерін есепке алу журналы.
3. РТЖБП қызметінің жылдық жұмыс жоспары.
4. РТЖБП қызметі жұмысының жылдық есебі.
5. ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдалануға қабылдау актілері.
6. Энергиямен жабдықтау ұйымы мен РТЖБП қызметі арасында объектінің электр қондырғыларының тиістілігі мен пайдалануға жауапкершілігінің аражігін ажырату актілері.
7. Жердегі тексеру және күйге келтіру хаттамалары.
8. Жердегі ҰРТҚ және байланыс құралдарын ұшу кезінде тексеру актілері.

9. Жердегі ҰРТҚ және байланыс құралдарының техникалық жай-күйі актілері
10. Істен шығуларды тексеру актілері.
11. Байланыс пен басқару кәбілдерінің тізімі.
12. Кәбіл кәрзінің схемалары.
13. Кәбіл желісінің паспорты.
14. Тұрақты ток кәбілінің электрлік өлшемдері хаттамалары.
15. Қорғаныш жерлендіруді өлшеу хаттамалары.
16. Электр кәбільдері мен электр өткізгіштерінің оқшаулама кедергісін өлшеу хаттамалары.
17. ҰРТҚ және байланыс объектілеріне санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды.
18. Тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану ережелері және электр қондырғыларын пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасының ережелерін білуін тексеру журналы.
19. Өлшеу және бақылау құралдарын есепке алу журналы.
20. ҚР АӘПЖН сәйкестік кестелері.
21. Құжаттарды оқу туралы тіркеу журналы.
22. АА ұйымдарының қызметтері араларындағы өзара іс-қимыл инструкциясы.
23. Көрсетілетін аэронавигациялық қызмет көрсету түрлеріне қатысты бөлікте, әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына енгізілген соңғы өзгерістер мен толықтыруларды қоса алғанда, персоналды таныстыру жөніндегі, сондай-ақ ұшу қауіпсіздігі бойынша ақпаратты (талдауды) жеткізу жөніндегі нұсқаулық.

2. ҰРТҚ және байланыс объектілерінің пайдалану құжаттары

24. РТЖБП қызметінің ауысым персоналының журналы (ауысым персоналының жұмыс орнында).
25. Объектінің жедел журналы.
26. ҰРТҚ және байланыс құралдарына техникалық қызмет көрсету мен жөндеу журналы.
27. Объектінің электрмен жабдықтау схемасы.
28. АФҚ жалғау жоспары мен схемасы (радиобайланыс объектілері үшін).
29. ҰРТҚ және байланыс объектілерін резервке ауыстырып қосу (ауыстыру) нормативтік уақытының жиынтық кестесі (РТЖБП қызметінің ауысым персоналының жұмыс орнында).
30. Резервтеу жөніндегі нұсқаулық.

РМП-200 (БПРМ-22)	00001		ТҚК- 3							МҚК ТҚК- 6	
--------------------------	-------	--	-----------	--	--	--	--	--	--	------------------	--

Ескертуге: 1. ЖКБ үшін "Объектінің (құралдың) атауы" бағанында - кәбіл үлгісі, "Жартылай жинақтың (құралдың) зауыттық шартты нөмірі" бағанында - жол учаскесі мен кәбіл нөмірі, "Ескерту" бағанында - кабельдің құжаттары бар папка нөмірі көрсетіледі.

2. "Техникалық қызмет көрсету түрі, жоспарлы жөндеу" бағанында техникалық қызмет көрсету түрі қысқартылып көрсетіледі; жоспарлы жөндеу - ЖЖ; атқарылған жұмыс көлемі бойынша ТҚ жоспарланған кезде қорытындысында ТҚ кездегі жоспарланып отырған жұмыс көлемі көрсетіледі.

Келісілді

Қозғалыс қызметінің басшысы РТЖБП қызметінің бастығы

(қолы) (қолы)

20__жылғы " __ " _____ 20__жылғы " __ " _____

Азаматтық авиацияда ұшуды және авиациялық радиобайланысты радиотехникалық қамтамасыз ету қағидаларына 13-қосымша

Нысан

Бекітемін

РТЖБП қызметінің бастығы

20__жылғы " __ " _____

Объектінің (топтың, кешеннің) инженерлік-техникалық персоналының тоқсандық жұмыс жоспары

_____ **20** _____ **жылғы**

Жұмыстың атауы	Орындалу мерзімі	Орындаушы	Еңбек көлемі (адам-сағат)		Орындалуы туралы белгі
			Жоспарланған	Нақты	

Объектінің басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты, қолы)

" __ " _____ жыл

Ескерту. Жұмыстар жоспарға бөлімдер бойынша енгізіледі:

1. Техникалық қызмет көрсету.

2. Жөндеу.
3. Қосымша және басқа жұмыстар.
4. Ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралар.
5. Техникалық оқу.

Азаматтық авиацияда ұшуды
және авиациялық радиобайланысты
радиотехникалық қамтамасыз
ету қағидаларына 14-қосымша

Нысан

ҰРТҚ және байланыс құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу журналы _____

(объектінің атауы)

(ұйымның атауы)

Басталды " __ " _____ ЖЫЛ

Аяқталды " __ " _____ ЖЫЛ

Күні	Құралдың атауы, зауыттық нөмірі	ТҚ немесе жөндеу түрлері	Орындалған жұмыс пен жұмсалған материалдардың тізбесі. Техникалық жай-күйі мен жұмысқа дайындығы туралы қорытынды.	ТҚ жүргізген тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты

Журнал РТЖБП қызметінің әр объектісінде жүргізіледі.

Азаматтық авиацияда ұшуды
және авиациялық радиобайланысты
радиотехникалық қамтамасыз
ету қағидаларына 15-қосымша

Бақылау режимдерінің картасы

1. Бақылау режимдерінің карталары әрбір құралға оларды пайдалануға берген кезде жасалады. Бақылау режимдерінің карталарындағы мәндерін жаңаруы ҰРТҚ және байланыс құралдарын айналып ұшқаннан кейін жүргізіледі. Бақылау режимдерінің картасында белгіленген параметрлердің шамалары, өлшенетін параметрлердің атаулы шамасы, өлшенетін мөлшер (ауытқу шегі) ауытқуының рұқсат етілген шамасы, бақылау құралдарының түзетулері мен әр жабдыққа өзгеше тағы басқа режимдер мен параметрлер көрсетіледі.

Бақылау режимдерінің картасында көрсетілген бақылау параметрлерін тексеру үшін ауыстырып-қосқыштар немесе арнайы өткізгіштер арқылы әртүрлі бақылау нүктелеріне қосылатын панельдегі өлшеу құралдары, жабдықтың өлшеу датчиктерінің көрсеткіштерін көрсететін панелі, сонымен қатар қосымша (

тасымалданатын) өлшеу құралдары қолданылады. Бақылау режимінің картасына бақыланатын параметр анықталатын қосымша өлшеу құралдарының түрі мен нөмірі жазылады.

Құралдың бақыланатын параметрлері бақылау режимінің карталарында көрсетілген шамаларына сәйкес келеді.

Жер үсті ҰРТҚ және байланыс құралдарын бақылау режимі картасының нысандары әрбір объектіде жабдықтың түріне қарай әзірленеді.

Азаматтық авиацияда ұшуды
және авиациялық радиобайланысты
радиотехникалық қамтамасыз
ету қағидаларына 16-қосымша

Нысан

Жер үсті тексеру және күйіне келтіру хаттамасы

(ҰРТҚ және АӘБ құралдарын пайдалануды жүзеге асыратын ұйымның атауы
)

ЖЕРДЕГІ ТЕКСЕРУ ХАТТАМАСЫ

(үлгісі, атауы, (қонудың магниттік курсы), тексерілетін құралды орнату орны)
Тексерілетін құрал параметрлерінің кестесі (кестелері)

ҚОРЫТЫНДЫ _____

(ұшу кезінде тексерудің қысқаша сипаты, басшылыққа алынған тізімі,
пайдалану талаптарына сәйкестігі, ұшуды қамтамасыз етуге жарамдылығы)

Жер үстінде тексеру актісіне қосымшалар тізбесі.

Жер үстінде тексеруді жүргізгендер:

(лауазым атауы) (күні) (қолы) (тегі, аты-жөні)

(лауазым атауы) (күні) (қолы) (тегі, аты-жөні)

Азаматтық авиацияда ұшуды
және авиациялық радиобайланысты
радиотехникалық қамтамасыз
ету қағидаларына 17-қосымша

Ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету және Авиациялық электрбайланыс құралдарын жерде және ұшу кезінде тексеру бағдарламалары мен әдістемесі

Ұшу кезінде тексеру барысында өлшеу жүргізілетін параметрлер процедураларының, әдістерінің, сондай-ақ рұқсат етілген мәндерінің сипаттамасы өндіруші зауыт жабдығының техникалық пайдалану құжаттамасында көрсетіледі.

Ұшу кезінде тексеру барысында өлшеу жүргізілетін параметрлер процедураларының, әдістерінің, сондай-ақ рұқсат етілген мәндерінің сипаттамасы Қазақстан Республикасының азаматтық авиация әуеайлақтарын (тікұшақ әуеайлақтарын) пайдалануға жарамдылық нормаларында, сондай-ақ ICAO Doc 8071 "Радионавигациялық құралдарды сынау жөніндегі нұсқаулық" құжатының "Авиациялық байланыс" 10-қосымшасында көрсетіледі.

1. Аспаптар бойынша қону жүйесі (ILS)

ILS курстық, глиссадалық және маркерлік радиомаяктарды жерде тексеру кезіндегі параметрлер жабдықты өндіруші зауыттың пайдалану-техникалық құжаттамасында келтірілген.

Жер үстінде тексеру кезінде тексеру жабдықтың негізгі және қосалқы жиынтығы үшін орындалады.

I, II және III санатты ILS курстық радиомаяктарының ұшу кезінде тексерілетін параметрлерінің тізбесі

№ р/ р	Параметр	Сипаттама, рұқсат	Тексеру түрі (таратқыш)
1	2	3	4
	Тану	КРМ тарататын кодталған тану сигналы тұтас қолданылу аймағының шеңберінде түрлі тексеру кезінде бақылануға тиісті. Егер кодтық белгілер (Морзе коды) дұрыс, анық ажыратылатындай болса және тиісті арақашықтықпен берілсе, тану қанағаттандырылғы болып саналады. Тану сигналын тарату КРМ негізгі функциясын орындауға ешбір кедергі жасамауға тиіс.	$C (tx1$ и $tx2)$, $P (tx1$ и $tx2)$
	Модуляция тереңдіктерінің сомасы	Модуляция тереңдігі ҰҚЖ шет жағы бағытына қарай курс бойынша ұшу кезінде айқындалады. Курс сызығы бойымен 90 және 150 Гц тондық жиілік сигналдарының негізгі жоғары жиілігі модуляциясының номиналды тереңдігі 20 % құрайды. Модуляция тереңдігі 18-22 % шегінде болады.	$C (tx1$ и $tx2)$,

	<p>Модуляция тереңдігінің қосындысы 36-44 % шегінде болады. Пайдалануға беру кезінде модуляция тереңдіктерінің сомасы 39-41 % шегінде болуға тиіс</p>	<i>P (tx1 и tx2)</i>
<p>Ауып кетуге сезгіштігі</p>	<p>Ауып кетуге сезгіштікті өлшеудің негізгі екі әдісі бар – курс секторының шекаралары бойынша қонуға кіру және ұшып өту немесе курс секторын ҰҚЖ ось сызығының жалғасына тура бұрышпен қиып өте отырып, орбиталық аралап ұшу. Пайдалануға беру кезінде қонуға кіру әдісі ұсынылады. Мерзімді тексеру кезінде курс секторын қиып өтумен аралап ұшу әдісі немесе орбиталық аралап ұшу әдісі қолданылады. Ауып кетуге сезгіштік төмендегі шектерде белгіленеді және қолданылады:</p> <p>I және II сан.: номиналды мәннен $\pm 17\%$;</p> <p>III сан.: номиналды мәннен $\pm 10\%$.</p>	<i>C (tx1 и tx2), P (tx1 или tx2)</i>
<p>Курстан ауып кету кезіндегі клиренс</p>	<p>КРМ клиренсі таратылатын сигналдың пайдаланушыны курстан ауып кету және жалған курстың жоқ болуы туралы дұрыс деректермен қамтамасыз етілетіндігін тексеру үшін тексеріледі. Тексеру КРМ орнатылған жерден 9-15 км радиуспен және антенна үстінен шамамен 460 м биіктікте орбиталық аралап ұшуды орындау арқылы жүргізіледі. Жергілікті жер бедері әсер еткен жағдайда әуе кемесі мен антенна арасында көру сызығы тура болатын биіктік таңдап алынуға тиіс. Клиренсті $\pm 35^\circ$ тура курстың әрбір жағынан қамтамасыз етілетін қолданылу аймағының бұрыш шектерінде тексеру қажет.</p> <p>РГМ негізінен РГМ 0-ге тең болатын алдыңғы курс сызығына қатысты бұрыштың ауып кету функциясы түрінде сызық заңы бойынша РГМ 0,180 (175 мкА) тең болатын алдыңғы курс сызығынан екі жағынан осындай бұрышқа дейін өсіп отырады.</p> <p>Осы бұрыштан $\pm 10^\circ$ бұрышқа дейін РГМ кемінде 0,180 (175 мкА) құрайды. $\pm 10^\circ$ бұрыштан $\pm 35^\circ$ бұрышқа дейін РГМ кемінде 0,155 (150 мкА) құрайды. Сектордан тыс $\pm 35^\circ$ қолданылу аймағын қамтамасыз ету талап етілген жағдайда, артқы курсты қоспағанда, осы аймақтағы РГМ кемінде 0,155 (150 мкА) құрайды</p>	<i>C (tx1 и tx2), P (tx1 или tx2)</i>
<p>Бұрыш үлкен болған жағдайдағы клиренс</p>	<p>Жердегі қоршаған орта жағдайы мен антенна биіктігінің белгілі бір үйлесімділігі аспаптар бойынша қонуға кірудің кейбір қалыпты биіктіктерінде байқалмай қалуы мүмкін нөлдер немесе жалған курстардың пайда болу себебі болуы мүмкін. Осы себепті бұрыш үлкен болған жағдайда клиренс талдауын төмендегі жағдайларда өткізу қажет:</p> <ol style="list-style-type: none"> алғашқы пайдалануға беру; антеннаның орналасқан жерінің өзгеруі; антенна биіктігінің өзгеруі; басқа үлгідегі антеннаны орнату. <p>Бұрыш үлкен болған жағдайда, клиренсті тексеру қамтамасыз етілетін қолданылу аймағының бұрыш шектерінде антенна арқылы өтетін горизонтальға қатысты 7° бұрышқа сәйкес келетін биіктікте курстан ауып кету клиренсін тексеру кезінде қолданылатын тәсілімен жүзеге асырылады. Егер 9-15 км радиуспен орбиталық аралап ұшу кезінде осы салыстырмалы биіктіктегі ең төменгі клиренс 150 мкА тең, 300 м биіктіктегі клиренс қанағаттанарлықтай болса, онда КРМ барлық аралы биіктіктерде талаптарға сай деп есептеледі. Егер жергілікті жағдай қонуға кіру биіктігі антенна биіктігіне қатысты 1800 м жоғары болуды қажет етсе, онда тиісті клиренстің бар болуын және ұшудың орындауына айтарлықтай ықпал ететін жалған курстардың жоқ болуын растау үшін тексеруді жоғары биіктіктерге жүргізген жөн.</p>	<i>C (tx1 и tx2)</i>

Курсты дәлдеу дәлдігі	<p>KPM беретін курстың дәлдемесін өлшеу және талдау кезінде курс сызығының қисаюын ескерген жөн. Шешімді қабылдаудың тиісті биіктігінен төмен келесі шекті аймақтарда орташа курс сызығының дәлдемесін белгілеу қажет:</p> <p>I сан. ILS B нүктесінің ауданында; II сан. –ILS B нүктесінен ILS тірек нүктесіне дейін; III сан. –ILS C нүктесінен D ILS нүктесіне дейін.</p> <p>Осы тексеруді жүргізу кезінде осы қамтамасыз етілетін глиссаданы қолданумен ILS жүйесі бойынша қалыпты қонуға кіру орындалады. Әуе кемесінің орналасқан жері туралы деректер ілеспе жүйе немесе орналасқан жерін анықтау жүйесінің көмегімен тіркеледі. Зерттелетін учаскеде қисайған курс сызығы бар болса жағдайда KPM орташа дәлдемесін есептеу үшін оларды талдаған жөн. Курстың орташа сызығы ILS тірек нүктесіндегі ҰҚЖ ось сызығынан төмендегідей ауып кету мәніне барабар шектерде белгіленеді және қолданылады:</p> <p>I санат: $\pm 10,5$ м; II санат: $\pm 7,5$ м; [$\pm 4,5$ м – сипаттамалары $\pm 4,5$ м. шегінде белгіленген және ұсталатын KPM үшін] III санат: ± 3 м.</p> <p>Бұл ретте II және III санаттарының KPM ILS жоғарыда көрсетілген шектерге өте сирек қол жеткізілетіндей етіп бапталатындығы және пайдаланылатындығы айтылады</p>	C (tx1 и tx2), P (tx1 и tx2)																												
Курс құрылымы	<p>Бұл тексеру курстың қисайған сызықтарын дәл өлшеуді білдіреді және дәлдеме мен ауып кетуге сезгіштікті тексерумен қатар орындалуы мүмкін. Курс құрылымын курс секторының қалыпты ендікте пайдалану кезінде өлшеу қажет. KPM ILS курс сызығының төмендегі мәндерден асатын қисаюы:</p> <table border="1" data-bbox="430 1071 1312 1999"> <thead> <tr> <th colspan="2"></th> <th colspan="2">Амплитуда (PGM) (95 % ықтималдық)</th> </tr> <tr> <th>Аймақ</th> <th>I санат</th> <th>II санат</th> <th>III санат</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Қолданылу аймағының сыртқы шекарасынан A ILS нүктесіне дейін</td> <td>0,031</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>ILS A нүктесінен ILS B нүктесіне дейін</td> <td>сызық заңы бойынша B нүктесінде 0,015 в мәніне дейін азая отырып, A нүктесінде 0,031</td> <td>сызық заңы бойынша B нүктесінде 0,005 в мәніне дейін азая отырып, A нүктесінде 0,031</td> <td></td> </tr> <tr> <td>ILS B нүктесінен ILS C нүктесіне дейін ILS тірке нүктесіне дейін</td> <td>0,015</td> <td>0,005</td> <td></td> </tr> <tr> <td>ILS тірек нүктесінен ILS D нүктесіне дейін</td> <td></td> <td></td> <td>0,005</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td>Сызық заңы бойынша E нүктесінде 0,010</td> </tr> </tbody> </table>			Амплитуда (PGM) (95 % ықтималдық)		Аймақ	I санат	II санат	III санат	Қолданылу аймағының сыртқы шекарасынан A ILS нүктесіне дейін	0,031			ILS A нүктесінен ILS B нүктесіне дейін	сызық заңы бойынша B нүктесінде 0,015 в мәніне дейін азая отырып, A нүктесінде 0,031	сызық заңы бойынша B нүктесінде 0,005 в мәніне дейін азая отырып, A нүктесінде 0,031		ILS B нүктесінен ILS C нүктесіне дейін ILS тірке нүктесіне дейін	0,015	0,005		ILS тірек нүктесінен ILS D нүктесіне дейін			0,005				Сызық заңы бойынша E нүктесінде 0,010	C (tx1 и tx2), P (tx1 и tx2)
		Амплитуда (PGM) (95 % ықтималдық)																												
Аймақ	I санат	II санат	III санат																											
Қолданылу аймағының сыртқы шекарасынан A ILS нүктесіне дейін	0,031																													
ILS A нүктесінен ILS B нүктесіне дейін	сызық заңы бойынша B нүктесінде 0,015 в мәніне дейін азая отырып, A нүктесінде 0,031	сызық заңы бойынша B нүктесінде 0,005 в мәніне дейін азая отырып, A нүктесінде 0,031																												
ILS B нүктесінен ILS C нүктесіне дейін ILS тірке нүктесіне дейін	0,015	0,005																												
ILS тірек нүктесінен ILS D нүктесіне дейін			0,005																											
			Сызық заңы бойынша E нүктесінде 0,010																											

	<p>ILS D нүктесінен ILS E нүктесіне дейін</p>		<p>мәніне дейін көбейе отырып, D нүктесінде 0,005</p>	
Қолданылу аймағы (қолданылатын қашықтығы)	<p>Осы тексеру КРМ өзінің тұтас пайдалану аймағы шегінде пайдаланушыны дұрыс ақпаратпен қамтамасыз ететіндігін растау үшін орындалады. КРМ қолданылу аймағының секторы КРМ антеннасынан төмендегі арақашықтықтарға дейінгі Айданды қамтуға тиіс:</p> <p>е) тура курс сызығына қатысты $\pm 10^{\circ}$ шеңберінде 46,3 км;</p> <p>ф) тура курс сызығына қатысты ір жағынан 10°-35° секторда 31,5 км;</p> <p>г) егер осындай қолданылу аймағы қамтамасыз етілсе, $\pm 35^{\circ}$ секторы шекарасынан тыс 18,5 км.</p> <p>Топографиялық жағдайлар талап еткен болса немесе оған пайдалану талаптары бойынша жол берілсе, басқа навигациялық құралдар қонуға кірудің аралық шектерінде қанағаттанарлықтай қолданылу аймағын қамтамасыз еткен жағдайда, аталған шектер $\pm 10^{\circ}$ секторының шегінде 33,3 км дейін және қолданылу аймағының басқа бөлігінің шегінде 18,5 км дейін азайтылуы мүмкін.</p> <p>Мәндердің қайсысының жоғары болуына қарай КРМ сигналдары көрсетілген арақашықтықтарда ҰҚЖ табалдырығына қатысты 600 м және одан жоғары биіктікте немесе қонуға кірудің аралық және ақырғы учаскелерінің шегінде ең жоғары салыстырмалы нүктеге қатысты 300 м, көлденең кеңістікке қатысты КРМ антеннасынан басталатын және 7° еңкіштігі бар бетке дейін қабылдануға тиісті. Мерзімді тексерулердің барысында КРМ сигналдары осы сала шегінен тыс пайдаланылатын жағдайларды қоспағанда, қолданылу аймағын курс сызығының әрбір жағынан 35° секторының шегінде тек 31,5 км арақашықтықта тексеру қажет.</p>			<p><i>C (tx1 и tx2), P (tx1 или tx2)</i></p>
- Өрістің кернеулігі	<p>Қолданылу аймағының жоғарыда көрсетілген барлық бөліктеріндегі КРМ өрісінің кернеулігі кемінде 40 мкВ/м (-114 дБВт/м^2) құрайды</p>			
Өрістеу	<p>Бұл тексеру жағымсыз тік бағытта өрістейтін сигналдың әсерін анықтау мақсатында жүргізіледі. Әуе кемесі тік бағытта ұшып өту кезінде талап етілетін жол сызығын (ҰҚЖ ось сызығының жалғасы бойымен) ұстанады және көлденең оське қатысты әрбір жаққа 20° қисаяды. Курс сызығындағы тік бағытты кеңістікте өрістеген сәуле мыналарға сәйкес келетін мәннен аспайды:</p> <p>I санат: 15 мкА;</p> <p>II санат: 8 мкА;</p> <p>III санат: 5 мкА.</p>			<p><i>C (tx1 и tx2)</i></p>
Бақылау жүйесі	<p>Бұл сынақтар бақылау жүйесінің іске қосу функциясын тексеру болып табылады және оның мақсаты бақыланатын рұқсаттардан тыс бағыттау сигналдарының сәуле шығаруын толығымен болдырмауда.</p>			
- Дәлдеу	<p>Бақылау жүйесі курстың орта сызығының төмендегі арақашықтықпен барабар немесе одан алыс ILS тірек нүктесінде ҰҚЖ-дан ауытқуы орын алған кезде дабыл сигналын қамтамасыз етуге тиіс:</p> <p>I санат: 10,5 м;</p> <p>II санат: 7,5 м;</p> <p>III санат: 6 м.</p>			<p><i>C (tx1 и tx2), P (tx1 или tx2)</i></p>
				<p><i>C (tx1 и tx2),</i></p>

- Ауып кетуге сезгіштік	Бақылау жүйесі ауып кетуге сезгіштік ILS барлық санаттары үшін номиналдан 17 %-ға айрықша мәнге дейін өзгеруі кезінде дабыл сигналын қамтамасыз етуге тиісті	<i>P (tx1 или tx2)</i>
-------------------------	--	------------------------

I, II және III санатты ILS глиссдалық радиомаяктарының ұшу кезінде тексерілетін параметрлерінің тізбесі

№ п/п	Параметр	Сипаттама, рұқсат	Тексеру түрі (таратқыш)
1	2	3	4
1	Көлбеу бұрышы - Дәлдеу	Бұл өлшеулер курс сызығы бойымен және глиссдада сызығында стандартты қонуға кіруді орындау кезінде жүргізіледі. ILS глиссдасының көлбеу бұрышын 3° тең етіп пайдалану ұсынылады. Глиссданың көлбеу бұрышы төмендегі шектерде белгіленеді және қолданылады: I және II санаттары: и мәнінен ±0,075 III санат: Θ мәнінен ±0,04. Пайдалануға беру кезінде глиссданың көлбеу бұрышы таңдап алынған номиналды бұрышқа барынша жақын орналастырылған болуға тиіс. Мерзімді тексеру кезінде глиссданың көлбеу бұрышы көрсетілген мәндер шегінде болуы керек.	<i>C (tx1 и tx2), P (tx1 и tx2)</i>
Ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету және авиациялық электр байланысы құралдарын жер үсті және ұшу кезінде тексеру бағдарламалары мен әдістемесіне 7-қосымша

NDB параметрлері (ұшу кезінде тексеру, пайдалануға беру, кезеңдігі)

№ р/ с	Параметрі	Рұқсаты	Таратқыш (tx)	
			tx1	tx2
1	2	3	4	5
	Тану сигналы	Нақты тарату, дұрыс синхрондау		
	Қолданылу аймағы, км			
	- Радиал, ұшу биіктігі	±10°		
	Күту аймағында ұшу схемасы, қонуға кіру схемасы	<i>Егер NDB осы схемаларда қолданылса, немесе ҚЖЖ құрамына кірсе</i>		
	- Ұшуға жарамдылығы	Ұшуға жарамды		
	- Пеленгтеу дәлсіздігі	±5°		
	NDB ұшып өту	NDB жалған ұшып өту белгілерінің болмауы, немесе ADF тілінің артық теңселуі		

Ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету және авиациялық электр байланысы құралдарын жер үсті және ұшу кезінде тексеру бағдарламалары мен әдістемесіне 8-қосымша

Трассалық MPM параметрлері (ұшу кезінде тексеру, пайдалануға беру, кезеңдігі)

№ р/с	Параметрі	Рұқсаты	Таратқыш (tx)	
			tx1	tx2
1	2	3	4	5
	Тану сигналы	Дұрыс манипуляция, жақсы естілу		
	Қолданылу аймағы, м	Пайдалану талаптарына сәйкес		
	- Ұшу биіктігі	Пайдалануға беру кезінде ±25% Кезеңдігі кезінде ±50%		

Ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету және авиациялық электр байланысы

GBAS параметрлері (ұшу кезінде тексеру)

№ р/с	Параметрі	Рұқсаты	Таратқыш (tx)	
			tx1	tx2
1	2	3	4	5
	Қолданылу аймағы, өріс кезеңділігі			
	Көлденең жазықтықта:			
	- т. LTP/FTP бастап ±140 м			
	- т. LTP/FTP бастап шамамен 37 км ±10°			
	- т. LTP/FTP бастап шамамен 28 км ±35°			
	Тік жазықтықта	>215 мкВ/м (-99 дБВт/м ²)		
	- 0,45 θ бастап 1,75 θ дейін	<0,350 В/м (-35дБВт/м ²)		
	- ҰҚЖ жазықтығының үстінен 3,7 м дейін			
	Орналасқан жер параметрлерінің нақтылығы			
	- Көлденең жазықтықта	16 м		
	- Тік жазықтықта	6 м		
	Хабарламалар параметрлері			
	GBAS идентификаторы			
	2 үлгідегі хабарлама:			
	- Жер үсті кіші жүйесінің дәлдік көрсеткіші (GAD)	0-3		
	- Жер үсті кіші жүйесінің үздіксіздік және бүтіндігінің көрсеткіші (GCID)	0-7		
	- Тірек станциясы деректерінің селекторы (RSDS)	0-48		
	- Ең үлкен қолданылатын қашықтық	2-510 км		
	- Локалды магниттік бейімдеу	±180°		
	- GBAS тіреу нүктесі			
	4 үлгідегі хабарлама:			
	- Операция үлгісі	0-15		
	- әуежай идентификаторы			
	- ҰҚЖ нөмірі	0-36		
	- ҰҚЖ литері	L, C, R		
	- конуға кіру сипаттамаларының анықтағышы	0-7		
	- маршрут индикаторы			
	- тіреу жолы деректерінің селекторы	0-48		
	- сигнализация қосылуының көлденең табалдырығы	10 м		

- сигнализация қосылуының тік табалдырығы	10 м		
- тіреу жолының идентификаторы			
- LTP/FTP ені	$\pm 90^\circ$		
- LTP/FTP бойлығы	$\pm 180^\circ$		
- LTP/FTP биіктігі	-512-6041,5 м		
- ДФРАР ені	$\pm 1^\circ$		
- ДФРАР бойлығы	$\pm 1^\circ$		
- конуға кіру кезінде табалдырықты кесіп өту биіктігі (ТСН)	0-1638,35 м		
- глиссада бұрышы (GPA)	0-90°		
- курстық ені	80-143,75 м		
- D-қашықтығының ауытқуы	0-2032 м		

Ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету және авиациялық электр байланысы құралдарын жер үсті және ұшу кезінде тексеру бағдарламалары мен әдістемесіне 10-қосымша

PAR параметрлері (ұшу кезінде тексеру, пайдалануға беру, кезеңдігі)

№ р/ с	Параметрі	Рұқсаты	Қабылдағыш-таратқыш (tx)	
			tx1	tx2
1	2	3	4	5
	Қолданылу аймағы			
	- ҰҚЖ шет жағына қатысты $\pm 20^\circ$	ҰҚЖ шет жағынан		
	- Орналасқан орынның бұрышына дейін 7°	\geq 20 км		
	Дәлдігі			
	- Азимут бойынша	Қашықтықтан бастап PAR антеннасына дейін 0,6% + ӘК-нің ҰҚЖ осінен ауытқу көлемінен 10%, немесе 9 м, үлкен көлемі алынады		
	- Орналасқан орынның бұрышы бойынша	Қашықтықтан бастап PAR антеннасына дейін 0,4% + ӘК-нің ҰҚЖ осінен ауытқу көлемінен 10%, немесе 6 м, үлкен көлемі алынады		
	- Қашықтығы бойынша	30 м + қашықтықтан бастап кону нүктесіне дейін 3%		

Ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету және авиациялық электр байланысы құралдарын жер үсті және ұшу кезінде тексеру бағдарламалары мен әдістемесіне 11-қосымша

PSR параметрлері (ұшу кезінде тексеру)

№ р/с	Параметрі	Рұқсаты	Қабылдағыш-таратқыш (tx)	
			tx1	tx2
1	2	3	4	5
	Бағдарлау	Нысана азимутын дұрыс айқындау		
	Антеннаның көлбеуі	Радиолокатор антеннасының көлбеу бұрышы		
	Қолданылу аймағы, км			
	Көлденең жазықтықта:			
	- Радиал, ұшу биіктігі			
	Тік жазықтықта:			
	- Радиал, ұшу биіктігі			
	Бейнелеу дәлдігі			
	- Нысананы табу мүмкіндігі	90%		
	- Азимут бойынша қателік	0,2°		
	- Қашықтық бойынша қателік	200 м		
	Қозғалмайтын нысаналарды сәйкестендіру			
	Қонуға кіру	Нысана туралы белгінің жоғалуы		
	Күту аймағы	Нысана туралы белгінің жоғалуы		

SSR параметрлері (ұшу кезінде тексеру)

№ р/с	Параметрі	Рұқсаты	Қабылдағыш-таратқыш (tx)	
			tx1	tx2
1	2	3	4	5
	Бағдарлау	Нысана азимутын дұрыс айқындау		
	Антеннаның көлбеуі	Радиолокатор антеннасының көлбеу бұрышы		
	Режимдер/кодтар	ПТҚ сәйкес		
	Қолданылу аймағы, км			
	Көлденең жазықтықта:			
	- Радиал, ұшу биіктігі			
	Тік жазықтықта:			
	- Радиал, ұшу биіктігі			
	Бейнелеу дәлдігі			
	- Нысананы табу мүмкіндігі	95%		
	- Азимут бойынша қателік	0,08°		
	- Қашықтық бойынша қателік	150 м		
	Қонуға кіру	Нысана туралы белгінің жоғалуы		
	Күту аймағы	Нысана туралы белгінің жоғалуы		

ADS параметрлері (ұшу кезінде тексеру)

№ p/c	Параметрі	Рұқсаты	Қабылдағыш-таратқыш (тх)	
			tx1	tx2
1	2	3	4	5
	Режимдер/кодтар	ПТҚ сәйкес		
	Қолданылу аймағы, км			
	Көлденең жазықтықта:			
	- Радиал, ұшу биіктігі			
	Тік жазықтықта:			
	- Радиал, ұшу биіктігі			
	Қонуға кіру	Нысана туралы белгінің жоғалуы		
	Күту аймағы	Нысана туралы белгінің жоғалуы		

Ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету және авиациялық электр байланысы құралдарын жер үсті және ұшу кезінде тексеру бағдарламалары мен әдістемесіне 12-қосымша

VDF параметрлері (ұшу кезінде тексеру, пайдалануға беру)

№ p/c	Параметрі	Рұқсаты	Тіреу пеленгі	Қабылдағыш	
				Пеленг	Дәлсіздік
1	2	3	4	5	6
	Пеленгтеу дәлсіздігі	$\pm 2,5^\circ$	0		
			5		
			10		
			...		
			350		
			355		
	Қолданылу аймағы, км				
	1000 м ұшу биіктігі үшін:				
	- радиал	80 км			
	3000 м ұшу биіктігі үшін:				
	- радиал	150 км			
	Орташа квадратты пеленгтеу қателігі	$\pm 1,5^\circ$			

VDF параметрлері (ұшу кезінде тексеру, кезеңдігі)

№ p/c	Параметрі	Рұқсаты	Тіреу пеленгі	Қабылдағыш	
				Пеленг	Дәлсіздік

1	2	3	4	5	6
	Пеленгтеу дәлсіздігі	$\pm 2,5^{\circ}$	0°		
			5°		
			10°		
			\dots°		
			350°		
			355°		
	Орташа квадратты пеленгтеу қателігі	$\leq 1,5^{\circ}$			

Ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету және авиациялық электр байланысы құралдарын жер үсті және ұшу кезінде тексеру бағдарламалары мен әдістемесіне 13-қосымша

АВС параметрлері (ұшу кезінде тексеру)

Азимут, градус	Ұшу биіктігі, м	Қашықтау, км	Сөз айқындығы, балл		Өзара әсері	
			Экипаждың бағасы	Диспетчердің бағасы	Экипаждың бағасы	Диспетчердің бағасы
1	2	3	4	5	6	7
Байланыс құралы (атауы, серия нөмірі, шығарылған күні), МГц жиілігі						

Азаматтық авиацияда ұшуды және авиациялық радиобайланысты радиотехникалық қамтамасыз ету қағидаларына 18-қосымша

Нысан
Бекітемін
Ұйым (бөлімше) басшысы
20__ ж " __ " _____

ҰРТҚ және байланыс құралдарының техникалық жай-күйі актісі _____

(пайдалану бөлімшесінің атауы)

жасалды

(жылы, айы, күні)

Бұйрықпен тағайындалған комиссия төрағасы _____

және мүшелері _____

—

_____ техникалық жай-күйіне қарау жүргізді.

(құралдардың атауы)

Жұмыс қорытындысында комиссия _____

—

(құралдардың атауы)

техникалық жай-күйі төменде келтірілген деректерге сәйкес келетінін анықтады

Зауыттық № _____, шығарылған күні _____

ҰРТҚ байланыс және ҰРТҚ құралдарының пайдалану басталғаннан бастап сағатпен өлшегендегі атқарымы _____

Қызмет мерзімі _____

Жөндеу жүргізілді (жөндеу түрі) _____

(қашан және жөндеу саны)

Жоспарлы жөндеуден кейінгі ҰРТҚ және байланыс құралдарының сағатпен өлшегендегі атқарымы _____

Негізгі тораптар мен агрегаттардың техникалық жай-күйі

—

ҰРТҚ және байланыс құралдарының техникалық жай-күйі туралы комиссияның қорытындысы:

Қызмет ету (ресурс) мерзімін ұзартуға жатады _____ жыл (сағат),

Жөндеуге (жөндеу түрі) _____,

Есептен шығаруға жатады _____

Комиссия төрағасы _____

Комиссия мүшелері _____

20__ ж. " __ " _____

Келісілді: _____

(қ о л ы , т . а . э .)

А з а м а т т ы қ

а в и а ц и я д а

ұ ш у д ы

ж ә н е

а в и а ц и я л ы қ

р а д и о б а й л а н ы с т ы

р а д и о т е х н и к а л ы қ

қ а м т а м а с ы з

ету қағидаларына 19-қосымша

Азаматтық авиацияның жердегі радиотехникалық жабдығы бұйымдарының шекті жай-күйін анықтау әдістемесі

1. Жалпы ережелер

1. Азаматтық авиацияның жердегі радиотехникалық жабдығы бұйымдарының шекті жай-күйін айқындау әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) Халықаралық нормалар мен ұсынылған практиканы есепке ала отырып, азаматтық авиацияның жердегі радиотехникалық жабдығы мен байланысын пайдалануды регламенттейтін нормативтік-техникалық құжаттардың негізінде әзірленген.

2. Осы Әдістеме қызмет ету мерзімін ресурсын ұзартуды техника-экономикалық негіздеу, жөндеу жүргізудің немесе есептен шығарудың орындылығын білу мақсатында радиотехникалық бұйымдардың техникалық жай-күйін тексеру және бағалау бойынша бірыңғай қағидаттарды белгілейді.

3. ҰРТҚ және байланыстың жердегі құралдарының техникалық жай-күйін тексеру және бағалау жөніндегі жұмыстар төмендегі жағдайларда жүргізіледі:

- 1) ресурстың бітуі (қызмет мерзімі);
- 2) пайдалану процесінде шекті жай-күйінің белгілерін анықтау.
4. Бұйымның шекті жай-күйінің белгілері төмендегілер болып табылады:
 - 1) тоқтаусыз қызмет етуінің төмендеуі;
 - 2) пайдалану жағдайында берілген параметрлердің нормативтік-техникалық құжаттамада (НТК) белгіленген рұқсат етілген шектерден жойылмайтын шығып кетуі;
 - 3) бұйымға немесе оның құрамдас бөлшектеріне орташа немесе күрделі жөндеу жүргізу қажеттігі;
 - 4) ең төменгі қол жеткізілген мәнмен салыстырғанда бұйымды пайдаланудың нақты шығындарының ұлғаюы;
 - 5) моральдық ескіру.

5. Егер өнеркәсіп жақсы техникалық және (немесе) тактикалық сипаттамалары бар жаңа бұйымдар шығарса және бұл ретте:

- 1) ескі бұйымның техникалық және (немесе) тактикалық сипаттамалары өсіп отырған талаптарға және пайдаланудың нақты шарттарына сай келмесе;
- 2) ескі бұйымды жаңа бұйымға ауыстыру ескі бұйымның қалған қызмет ету мерзімінде экономикалық нәтиже берсе;
- 3) осы бұйым үшін жинақтаушы элементтердің шығарылуы тоқтатылса, бұйым моральды түрде ескірген деп есептеледі.

2. Тексеруді ұйымдастыру

6. Бұйымның техникалық жай-күйін бағалауды АА ұйымының (бөлімшесінің) комиссиясы осы Әдістемеге сәйкес жүргізеді.

7. Комиссияның жұмысы Азаматтық авиациядағы ұшуды және авиациялық радиобайланысты радиотехникалық қамтамасыз ету қағидаларымен регламенттелген.

8. Объектінің қызмет көрсетуші персоналы:

1) жабдықты жердегі тексеру және бабына келтіру хаттамасын;

2) соңғы ұшу кезінде тексеру актісінен үзінді немесе актінің көшірмесі;

3) істен шығулар мен бұзылулардың жинақтаушы картасының көшірмесін;

4) тоқтаусыз қызмет етуінің көрсеткіштерін бағалауды;

5) бұйымның ақаусыздық бойынша шекті жай-күйінің басталу сәтін анықтау жөніндегі есептеулерді дайындайды;

6) жөндеу жүргізудің экономикалық орындылығын есептеуді дайындайды.

9. Осы Әдістеменің 8-тармағының 4), 5) және 6) тармақшалары бойынша материалдар тексеру бойынша қойылған міндеттерді шешуге қажетті көлемде дайындалады.

10. АА ұйымының (бөлімшесінің) комиссиясы бұйымның техникалық жай-күйіне тексеру жүргізеді және қорытындысы бар акті жасайды. Актіге осы Әдістеменің 8-тармағына сәйкес жасалған материалдар қоса беріледі.

3. Тоқтаусыздық көрсеткіштерін бағалау және бұйымның тоқтаусыз қызмет етуінің бойынша шекті жай-күйінің басталу сәтін анықтау

11. Бұйымның тоқтаусыз қызмет етуінің бойынша ескіру белгілерін анықтау үшін істен шыққанға (ақаулық) дейінгі атқарым тоқтаусыз қызмет етуінің көрсеткіші деп алынады. Пайдалану ережелері мен нормаларын бұзудан болған пайдалану кезіндегі істен шығулар (ақаулықтар) істен шыққанға дейінгі атқарымды бағалау (ақаулық) кезінде есептелмейді.

12. Бұйымның тоқтаусыз қызмет етуінің бойынша ескіру белгілерін анықтау үшін пайдаланудың барлық кезеңі бірнеше аралыққа бөлінеді. Осы аралықтарда істен шығуға (ақаулық) атқарым бағаланады және оның төмендеу үрдісі анықталады.

1-параграф. Тоқтаусыз қызмет етуінің бағалау үшін бұйымның атқарымы аралығының ұзақтығын анықтау

13. Бұйымның техникалық жай-күйін бағалау сәтіндегі атқарымы аралығы (t_n) шамамен тең келетін 3-4 атқарым (H_i) аралықтарына бөлінеді, мұнда $i = 1, 2, 3$ және 4.

14. НТҚ-да істен шыққанға дейінгі атқарым (HO_0) көрсетілген бұйымдар үшін техникалық жай-күйін (t_n) бағалау үшін атқарған жұмыс аралығы болып пайдалану басталғаннан бағалау сәтіне дейінгі атқарым алынады.

15. НТҚ-да істен шыққанға дейінгі атқарым (HO_0) көрсетілмеген бұйымдар үшін t_n келесі формула бойынша есептеледі:

$$t_n = t_n - H_2 \quad (1)$$

мұндағы:

t_n - бұйымның пайдалану басталғаннан бастап техникалық жай-күйді бағалау сәтіне дейінгі атқарымы - сағатпен берілген;

H_2 - бұйымның кепілді мерзім ресурс ішіндегі атқарымы - сағатпен берілген. Істен шыққанға (ақаулық) HO_0 дейінгі атқарым қалыпты пайдалану кезеңінде статистикалық түрде анықталады.

16. Техникалық жай-күйді тоқтаусыз қызмет етуінің бойынша бағалау үшін аралықтардағы H_i - атқарымның көлемі келесі шартты есепке ала отырып таңдалады:

$$H_i \geq 2HO_0 \quad (2)$$

Мұнда H_i - техникалық жай-күйді бағалау үшін бұйымдардың аралықтардағы атқарымның көлемі - сағатпен берілген;

HO_0 - істен шыққанға ақаулық дейінгі бұйымның атқарымы - сағатпен берілген.

17. Егер (2) шарт орындалса, тоқтаусыз қызмет етуінің бойынша техникалық жай-күйді бағалау осы Әдістеменің 20-тармағының 1, 3 немесе 2, 3-тармақшаларында өлшемдер бойынша НТҚ-да істен шыққанға дейінгі атқарым көлемі көрсетілуіне немесе көрсетілмеуіне байланысты анықталады.

18. Егер (2) шарт орындалмаса, тоқтаусыз қызмет етуінің бойынша техникалық жай-күй осы Әдістеменің 20-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген өлшемдер бойынша анықталады.

2-параграф. Істен шыққанға (ақаулық) дейінгі атқарымды бағалау

19. Істен шыққанға (ақаулық) дейінгі атқарымды пайдаланудың кез келген аралығында бағалау келесі формула бойынша орындалады:

$$HO_i = H_i/N_i \quad (3)$$

мұнда,

HO_i - қаралып отырған аралықтағы бұйымның істен шыққанға ақаулық дейінгі атқарымы - сағатпен берілген;

H_i - қаралып отырған аралықтағы бұйымның атқарымы - сағатпен берілген;

N_i - қаралып отырған аралықтағы бақыланған бұйымның істен шығу (ақаулық) сандары - сағатпен берілген.

3 параграф. Бұйымның шекті жай-күйінің басталу сәтін анықтау

20. Тоқтаусыз қызмет етуінің бойынша шекті жағдай өлшемдер төмендегілер болып табылады:

1) істен шыққанға ақаулық дейінгі атқарымның төмендеуі және бағалаудың соңғы екі аралығында НТҚ-да көрсетілген істен шыққанға (ақаулық (HO_0) дейінгі атқарым көлеміне қарағанда аз мәнге жету;

2) істен шыққанға (ақаулық) дейінгі атқарымның төмендеуі және бағалаудың соңғы екі аралығында көрсетілген статистикалық жолмен анықталған істен шыққанға (ақаулық (HO_0) дейінгі атқарым көлеміне қарағанда аз мәнге жету;

3) бағаланып отырған аралықтардағы істен шыққанға (ақаулық) дейінгі атқарымның жүйелі түрде төмендеуі.

21. Пайдалану кезеңінде тоқтаусыз қызмет етуінің бойынша техникалық жай-күйді бағалау үшін ұзақтығы осы Әдістеменің 13, 18 тармақтарына сәйкес анықталған 3, 4 аралықтар таңдалады.

22. Уақыт бойынша аралықтардың орналасуы 1 суретте көрсетілген:

$$0 \text{---} H_2 \text{---} H_{(i-3)} \text{---} H_{(i-2)} \text{---} H_{(i-1)} \text{---} H_{(i)}(t_n) \text{---} > H \text{ сағаттар}$$

мұнда

t_n - техникалық жай-күйді бағалау сәтіндегі бұйымның атқарымы;

H_2 - кепілді қызмет мерзімінің ресурсының аралығы;

$H_{(i-3)}$, $H_{(i-2)}$, $H_{(i-1)}$, $H_{(i)}$ - бағаланатын аралықтар.

1 сурет.

23. Әрбір аралықта осы Әдістеменің 19-тармағына сәйкес істен шыққанға дейінгі атқарым бағаланады.

24. Егер келесі екі шарт орындалса тоқтаусыз қызмет етуінің өлшемдер бойынша бұйымның шекті жай-күйі пайдаланудың i аралығында басталды деп есептеледі:

$$HO_i \leq HO_0 \quad (4)$$

немесе

$$NO_{i-1} < 0,5NO_0 \quad (5)$$

және

$$H_{(i-3)} > H_{(i-2)} > H_{(i-1)} > H_{(i)} \quad (6)$$

25. (6) теңсіздігі пайдаланудың кезекті 3 немесе 4 аралықтарында істен шыққанға (ақаулық) дейінгі атқарым жүйелі түрде төмендеуін сипаттайды. Бұл бұйымның шекті жай-күйінің басталуы туралы қабылданған шешімнің дұрыстығын көтереді.

26. (6) теңсіздіктің орындалуына немесе орындалмауынан тәуелсіз екі кезекті аралықтардағы (4) немесе (5) теңсіздіктердің орындалуы тоқтаусыз қызмет етуінің бойынша бұйымның шекті жай-күйінің басталуының басқа шарты болып табылады, яғни:

$$NO_{(i)} < NO_0 \text{ және } NO_{(i-1)} < NO_0 \quad (7)$$

немесе

$$NO_{(i)} < 0,5NO_0 \text{ және } NO_{(i-1)} < 0,5NO_0 \quad (8)$$

4-параграф. Бұйымның құраушы бөліктері бойынша істен шығуларды (ақауларды) бөлу

27. Тексеріліп отырған пайдалану кезеңінде істен шығу ақаулық саны бұйымның әрбір құрамдас бөлігі бойынша анықталады.

28. Бұйымның құрамдас бөліктері олардың функционалдық мақсатына байланысты анықталады: антенналық құрылғылар, таратқыш құрылғылар, қабылдағыш құрылғылар, бақылау құрылғылары және бұйымның формуляры бойынша блоктар деңгейіндегі т.б.

29. Бұйымның құраушы бөліктерінің тоқтаусыз қызмет етуінің көрсеткіштерін бағалау (3) формула бойынша жүргізіледі.

30. Бұйымның және оның құрамдас бөліктерінің тоқтаусыздығын талдау негізінде ауыстырылуы қажет құрылғылар анықталады.

4. Бұйымдарды есептен шығарудың экономикалық негіздемесі.

1-параграф. Орташа және күрделі жөнделулер жүргізудің экономикалық орындылығын анықтау

31. Жөнделу жүргізудің экономикалық орындылығы бұйымды пайдаланудың жалпы кезеңіндегі орташа жылдық шығындары жөнделу жүргізілгеннен кейін өспеуі тиіс өлшемдер бойынша анықталады.

32. Егер бұйымды пайдаланудың жалпы кезеңіндегі орташа жылдық шығындар $C_{(k+1)}$ өссе, яғни төмендегі шарт орындалса, жөндеу жүргізу экономикалық орынсыз:

$$C_{(k+1)} > \min_k C_k \quad (9)$$

33. (9) шарт орындалған кезде C_k шамасы бұйымды пайдаланудың жалпы кезеңіндегі орташа жылдық шығындардың минимумын анықтайды.

34. Жөндеу жүргізудің экономикалық орындылығын анықтау үшін келесі деректер болуы қажет:

1) Бұйымның теңгерімдік құны:

$$C_0 = C_1 + C_2 \quad (10)$$

мұнда

C_1 — бұйымның бастапқы бағасы;

C_2 — бұйымды алғаш пайдалануға беру кезіндегі құрылыс-монтаж, іске қосу-баптау және шығындар, көлік және басқа да шығыстар.

2) Күрделі жөндеу жүргізу сәтіне бұйымның ресурсы (қызмет ету мерзімі) Tr_k :

$$Tr_k = \sum_{i=1}^k tp_i$$

(11)

мұнда

tp_i - (i-1) және i жөндеулер арасындағы бұйымның ресурсы (қызмет ету мерзімі).

3) i жөндеуін жүргізуге жиынтық шығындар:

$$C_i = \sum_{j=1}^n C_{ji}$$

(12)

мұнда

C_{ji} - i жөндеуді орындау кезіндегі j шығындарының құны;

n - i жөндеу кезіндегі шығындар баптарының саны.

j шығындарына:

- жөндеу құны;

- көлік шығыстары;

- АМБ-ны толықтыру құны;
- іске қосу-баптау жұмыстарының (демонтаж, бабына келтіру, монтаж, аралап ұшу) құны және басқа шығын түрлері кіреді.

C_i шығындар шамасы бұйымды бұрын өткізген жөндеулер тәжірибесінен немесе балама радиотехникалық жабдықты жөндеу тәжірибесінен жөндеудің талап етілетін көлеміне (түріне) тәуелді анықталады.

4) К жөндеуді жүргізгеннен кейін бұйымның ресурсы:

$$T_{(k+1)} = T_k + tp_{(k+1)} = \sum_{i=1}^{(k+1)} tp_i$$

(13)

К және (К+1) жөндеулері арасындағы ресурс мына формула бойынша анықталады:

$$tp_{(k+1)} = tp_k^*$$

α

(14)

мұнда

tp_k - (К-1) және К жөндеулері арасындағы бұйымның ресурсы;

α

- жөндеу аралық ресурстардың (қызмет ету мерзімінің) қысқару коэффициенті.

α

Есептеу үшін коэффициент шамасын мынадай шекте таңдау ұсынылады:

$$\alpha = 0,6 + 1,0$$

(15)

5) К жөндеуін жүргізгеннен өткізгеннен кейін $C_{(k+1)}$ орташа жылдық пайдалану құны (К+1) жөндеуінен кейінгі ресурстың соңына анықталады:

$$C_{(k+1)} = \frac{1}{T_{p_{k+1}}} * (\sum_{i=1}^k C_{p_i} + C_b)$$

(16)

мұнда

$k = 0, 1, 2, 3, \dots$:

C_b - бұйымның бастапқы теңгерімдік құны;

C_{p_i} - жөндеу құны;

$T_{p(k+1)}$ - К жөндеуін жүргізгеннен кейін бұйымның ресурсы (қызмет ету мерзімі).

2-параграф. Ағымдағы жөндеулерді ғана отжүргізу кезінде бұйымдарды пайдалануды жалғастырудың немесе есептен шығарудың экономикалық орындылығын анықтау

35. Орташа және күрделі жөндеулер жүргізілмейтін бұйымдарды пайдалануды жалғастырудың немесе есептен шығарудың экономикалық орындылығын анықтау нақты пайдалану шығындарын жыл сайын есепке алу кезінде мүмкін болады.

36. Бұйымның C жыл сайынғы пайдалану шығындары мына формула бойынша анықталады:

$$C_i = \frac{C_0}{i} + \sum_{j=1}^n C_{ij}, \quad i = 1, 2, 3, \dots, j = 1, 2, 3, \dots, \quad (17)$$

(17)

мұнда

i - шығындары анықталатын пайдалану жылы;

j - шығыстар бабының нөмірі;

C_0 - бұйымның бастапқы теңгерімдік құны;

C_{ij} - j шығыстар бабы бойынша i пайдалану жылындағы жылдық шығындар;

n - бұйымды пайдалануға шығыстар баптарының саны.

37. Осы бұйымды пайдалануға шығыстар баптарына мыналар жатады:

1) егер техникалық персонал бірнеше бұйымдарға қызмет көрсетсе, осы бұйымға қызмет көрсетудің нақты еңбекті қажетсінуіне пропорционалды ескерілетін техникалық персоналдың жалақысы (есептеулермен);

2) шығыс материалдарының құны;

3) қосалқы бөлшектердің құны;

4) осы бұйымның жұмысына электр энергиясының құны;

5) бұйымды ұшу кезінде тексерудің құны;

6) осы бұйымға арналған жалпы мақсаттағы бақылау-өлшеу аспаптарын тексеру және жөндеу құны;

7) үстеме шығыстар (іссапарлар).

38. Егер i пайдалану жылында:

$$C_k > C_{(k-1)} \quad (18)$$

болса, пайдалануды жалғастыру экономикалық орынсыз емес.

39. (18) шарты орындалған кезде $C_{(k-1)}$ бұйымды пайдаланудың ең төмен орташа жылдық құнын анықтайды.

5. Бұйымның техникалық жай-күйі бойынша қорытындылар

40. Егер:

1) бұйымның тактикалық және техникалық сипаттамалары бұйымның нормативтік техникалық құжаттамасында белгіленген талаптарға сәйкес келсе;

2) істен шықпау бойынша шекті жай-күйі басталмаса;

3) орташа немесе күрделі жөндеу талап етілмесе ресурсты (қызмет ету мерзімін) ұзарту мүмкін болады.

41. Егер бұйымның жеке параметрлері мен тактикалық сипаттамалары талаптарға сәйкес келмесе, онда актіде осы сәйкессіздіктерді жою бойынша қажетті іс-шаралар көрсетіледі және ресурсты (қызмет мерзімін) арттыру жөніндегі шешім актіде көрсетілген іс-шаралар орындалғаннан кейін қабылданады.

42. Ресурс (қызмет мерзімі) арттырылатын шаманы комиссия осы Әдістеменің 45- 54-тармақтарына сәйкес анықтайды.

43. Бұйымдарды орташа немесе күрделі жөндеу ол техникалық негізделген және экономикалық орынды болса жүргізіледі.

44. Шекті жай-күйі басталған кезде бұйым есептен шығаруға жатады.

6. Қызмет ету мерзімін ұзартудың рұқсатты уақыт аралығын есептеу әдістемесі

45. Қызмет ету мерзімін ұзартудың жол берілетін уақыт аралығын есептеу үшін мынадай деректер пайдаланылады:

$n = 6$ — бақылау жылдарының саны;

$$B_1 = \sum_{i=1}^n x_i$$

— бақылау кезеңіндегі барлық ақаулықтар сомасы;

$$B_2 = \sum_{i=1}^n t_i$$

— бақылау кезеңіндегі барлық атқарымдар сомасы;

$$B_3 = \sum_{i=1}^n x_i \cdot t$$

- нақты жылындағы ақаулықтар санының атқарымдар шамасына көбейтінділер сомасы;

$$B_4 = \sum_{i=1}^n t_i^2 \text{ - атқарым квадраттарының сомасы;}$$

$$B_5 = nB_4 - B_2^2$$

m_x - бақылау кезеңіндегі бір жылғы ақаулықтар санының орташа мәні;

T_k - есептеуден бастап бағалау сәтіне (белгіленген қызмет ету мерзімінің аяқталуына) дейінгі уақыт;

k - пайдалану қорының коэффициенті ($k=0,8$);

$X_{\text{анық}}$ - анықтаушы параметр (егер $t_x \leq 5$, онда $X_{\text{анық}} = 10$; егер $t_x \leq 10$, онда $X_{\text{анық}} = 20$; егер $t_x \leq 15$, онда $X_{\text{анық}} = 30$).

46. Анықтаушы параметр ретінде пайдалану процесіндегі жабдықтың ақаулықтар саны алынады.

47. Есептеуді жүргізу үшін бастапқы деректер істен шығу және зақымданудың жинақтауыш картасынан алынады.

48. Бастапқы деректер бойынша регрессия сызықтарын құру үшін a_0 , a_1 коэффициенттері анықталады:

$$a_0 = (B_1 B_4 - B_3 B_2) / B_5 \quad (19)$$

$$a_1 = (n B_3 - B_2 B_1) / B_5 \quad (20)$$

49. Жылына шекті ақаулықтар саны мына формула бойынша сағаттармен шартты белгіленеді:

$$X_{\text{шек.рұқ.}} = j m_x, \quad j = 1, 2, 3, 4 \quad (21)$$

50. Жылына шекті жол берілетін ақаулықтар санына жету уақыты мына формула бойынша сағаттармен анықталады:

$$T_{nj} = \frac{X_{\text{шек.рұқ.},j} - a_0}{a_1}$$

(22)

51. Жылына ақаулықтар санының таңдалған шекті мәндері кезінде құрал атқарымының жол берілетін уақыт аралығының шамасы анықталады:

$$T_{поkj} = (T_{пj} - T_x) * k$$

(23)

52. Бақылау кезеңіндегі құралдың жылына орташа атқарымы есептеледі:

$$t_{орп} = \frac{T_x}{n}$$

(24)


53. Регрессия сызығын құру үшін қызмет ету мерзімін ұзарту аралығы жылдармен анықталады:


$$T_j = \frac{T_{поkj}}{t_{cp}}$$

(25)

54. (21) және (25) формулалары бойынша бұйымды пайдаланудың уақыт кесіндісінде (регрессия сызығында) график салынады. Осы графиктің көмегімен анықтаушы параметрдің белгіленген мәніне (ақаулықтардың жылына жол берілетін санына) қарай қызмет ету мерзімін ұзартудың жол берілетін аралығы жылдармен анықталады.

Бұйымның істен шықпау бойынша шекті жай-күйін анықтау алгоритмі





Қызмет ету мерзімін ұзартудың жол берілетін уақыт аралығын есептеу мысалы

Қызмет ету мерзімін ұзартудың жол берілетін уақыт аралығын есептеуді қондыру жүйесінің глиссадалық радиомаягы (ГРМ) үшін жүргіземіз. Пайдалануға беру жылы 1993 жыл, белгіленген қызмет ету мерзімі 10 жыл.

Анықтаушы параметр ретінде ГРМ аппаратурасының пайдалану процесіндегі ақаулықтар санын қабылдаймыз. Бақылау кезеңін 6 жылға тең деп тандаймыз.

1-кестеге 1998 жылдан бастап 2003 жыл аралығындары ГРМ істен шығулары мен зақымдану жинақтауыш картасынан алынған атқарым уақыты және параметр ақаулықтар саны жөніндегі бастапқы деректерді жылдар бойынша енгіземіз.

1-кесте

Жыл	Пайдалану басталғаннан бергі атқарым (сағ.)	Бір жылдағы атқарым (сағ.)	t _i бақылау басталғаннан бергі атқарым (сағ.)	x _i ақаулар саны
1998	70360	-	0	0
1999	77360	7000	7000	3
2000	84321	6961	13961	4
2001	91631	7310	21271	16
2002	94491	2860	24131	3
2003	96871	2380	26511	6

Бастапқы деректер бойынша және формулалар бойынша мыналарды анықтаймыз:

- 1) бақылау жылдарының саны $n = 6$;
- 2) бақылау кезеңіндегі барлық ақаулықтар сомасы

$$B_1 = \sum_{i=1}^n x_i = 32 ;$$

- 3) бақылау кезеңіндегі барлық атқарымдар сомасы

$$B_2 = \sum_{i=1}^n t_i = 92874 ;$$

- 4) ақаулықтар санының нақты i жылдағы атқарым шамасына көбейтінділерінің сомасы

$$B_3 = \sum_{i=1}^n x_i \cdot t_i = 648639 ;$$

- 5) атқарымдар квадраттарының сомасы

$$B_4 = \sum_{i=1}^n t_i^2 = 1981503244 ;$$

6) коэффициент

$$B_5 = nB_4 - B_2^2 = 3263439588;$$

7) бақылау кезеңіндегі жылына ақаулықтар санының орташа мәні

$$m_x = B_1/n = 5,33;$$

8) өйткені $m_x < 10$, то $X_{\text{анық}} = 20$;

9) есептеу басынан бағалау сәтіне дейінгі атқарым уақыты (жылдық атқарымдар сомасы)

$$T_k = 26511;$$

10) пайдалану қорының коэффициенті ($k = 0,8$ деп қабылдаймыз);

11) Жылына ақаулықтардың шекті жол берілетін саны шартты түрде

$$X_{\text{шек.рұқ.}j} = jm_x, j = 1,2,3,4,$$

$$X_{\text{шек.рұқ.}1} = jm_x = 1*5,33 = 5,33,$$

$$X_{\text{шек.рұқ.}2} = jm_x = 2*5,33 = 10,66,$$

$$X_{\text{шек.рұқ.}3} = jm_x = 3*5,33 = 16,$$

$$X_{\text{шек.рұқ.}4} = jm_x = 4*5,33 = 21,33$$

12) регрессия сызығын құру үшін a_0 , a_1 коэффициенттері

$$a_0 = (B_1B_4 - B_3B_2)/B_5 = 0,970266259,$$

$$a_1 = (nB_3 - B_2B_1)/B_5 = 0,00028187;$$

13) анықтаушы параметрдің шекті жол берілетін мәніне жету уақыты сағатпен

$$T_{nj} = \frac{X_{\text{шек.рұқ.}j} - a_0}{a_1}$$

$$T_{n1} = \frac{X_{\text{шек.рұқ.}1} - a_0}{a_1} = 15479,$$

$$T_{n2} = \frac{X_{\text{шек.рұқ.}2} - a_0}{a_1} = 34400,$$

$$T_{n3} = \frac{X_{\text{шек.рұқ.3}} - a_0}{a_1} = 53321,$$

$$T_{n4} = \frac{X_{\text{шек.рұқ.4}} - a_0}{a_1} = 72243;$$

14) жылына ақаулықтар санының таңдалған шекті мәндері кезінде құрал атқарымының жол берілетін уақыт аралығының шамасы

$$T_{\text{нок}j} = (T_{nj} - T_k) * k,$$

$$T_{\text{нок}1} = (T_{n1} - T_k) * k = -8826,$$

$$T_{\text{нок}2} = (T_{n2} - T_k) * k = 6311,$$

$$T_{\text{нок}3} = (T_{n3} - T_k) * k = 21448,$$

$$T_{\text{нок}4} = (T_{n4} - T_k) * k = 36585;$$

15) бақылау кезеңіндегі құралдың жылына орташа атқарымы

$$t_{\text{cp}} = \frac{T_x}{n} = 4418,5 ;$$

16) регрессия сызығын құру үшін нүктелер

$$T_j = \frac{T_{\text{нок}j}}{t_{\text{cp}}}$$


$$T_1 = \frac{T_{\text{нок}1}}{t_{\text{cp}}} = -1.99 ,$$

$$T_2 = \frac{T_{\text{нок}2}}{t_{\text{cp}}} = 1.42 ,$$

$$T_3 = \frac{T_{\text{нок}3}}{t_{\text{cp}}} = 4.85 ,$$

$$T_4 = \frac{T_{\text{нок}4}}{t_{\text{cp}}} = 8.28 ;$$

17) График (регрессия сызығы) салынады және оның көмегімен, анықтаушы параметрдің белгіленген мәніне (ақаулықтардың жылына рұқсатты санына) тәуелді қызмет мерзімін ұзартудың рұқсатты аралығы жылдармен анықталады



Ендеше, $X_{\text{анық}}$ ескере отырып, қызмет ету мерзімі 2011 жылға дейін, яғни 7,5 жылға ұзартылуы мүмкін.

Азаматтық авиацияда ұшуды және авиациялық радиобайланысты радиотехникалық қамтамасыз ету қағидаларына 20-қосымша

Хабарламалардың санаты мен кезектілік тәртібі

- 1) авариялық шақырулар, апат туралы хабарлар
- 2) жедел хабарламалар
- 3) ұшу қауіпсіздігіне қатысты хабарламалар
- 4) метеорологиялық хабарламалар
- 5) ұшу тұрақтылығына қатысты хабарламалар

NOTAM хабарламасы 2) - 5) тармақшаларда аталған кез келген санатқа жатуы мүмкін. Санат әуе кемесі үшін NOTAM хабарламасының мазмұны мен маңыздылығымен белгіленеді.


Азаматтық авиацияда ұшуды және авиациялық радиобайланысты радиотехникалық қамтамасыз ету қағидаларына 21-қосымша

Байланыс сапасының сипаттамасы








Тілдесу сапасын бағалау	Байланыс сапасының сипаттамасы
1	Байланыс мәтінінің толықтай анық еместігі (байланыстың үзілуі)
2	Беріліп жатқан сөзді қатты зейінмен, қайта сұраумен және қайталаумен түсіну.
3	Беріліп жатқан сөзді қатты зейінмен қайта сұраусыз және қайталаусыз түсіну.
4	Беріліп жатқан сөзді қиындықсыз түсіну.
5	Беріліп жатқан сөзді қиналмай түсіну.

Азаматтық авиацияда ұшуды және авиациялық радиобайланысты радиотехникалық қамтамасыз ету қағидаларына 22-қосымша

Әуе қозғалысына қызмет көрсету өңірлік орталығының авиациялық жер үсті электр байланысын ұйымдастырудың



Авиациялық электробайланыс құралдарының шартты белгілері

№ №	Байланыс құралдары мен нысандарының атауы	Шартты белгілері
1	Радиостанция	
2	Бас радиостанция *)	
3	Жылжамалы радиостанция (автомобилдік)	
4	Қайта таратушы	
5	Қатты дауыс шығаратын байланыс (ҚДБ) аппаратурасы	
6	Телефон аппараты, жалпы міндет	
7	Телеграфтық аппарат, АФТН соңғы станциясы, жалпы міндет	

*) - үшбұрыш қара түспен боялады

Пайдаланылатын қысқартылған сөздер:

АФТН - (англ. Aeronautical Fixed Telecommunication Network, AFTN);

ӘК - әуе кемесі;

ЖЖ - жоғары жиілік;

ӘҚЖ БО - Әуе қозғалысын жоспарлаудың бас орталығы;

ЖӘЖ - жергілікті әуе желілері;

ЖДП - жергілікті диспетчерлік пункт;


ӘҚҚ - әуе қозғалысына қызмет көрсету;

ӨЖЖ - өте жоғары жиілік;

ЖНП - жеке навигациялық пункт;

ӨО - өңірлік орталық.

Жергілікті диспетчерлік пункттің авиациялық электробайланысын ұйымдастырудың үлгілік сұлбасы



Авиациялық электробайланыс құралдарының шартты белгілері

№ №	Байланыс құралдары мен нысандарының атауы	Шартты белгілері
1	Радиостанция	
2	Бас радиостанция *)	
5	Қатты дауыс шығаратын байланыс (ҚДБ) аппаратурасы	
6	Телефон аппараты, жалпы міндет	
7	Телеграфтық аппарат, АФТН соңғы станциясы, жалпы міндет	

*) - үшбұрыш қара түспен боялады

Пайдаланылатын қысқартылған сөздер:

АФТН - (англ. Aeronautical Fixed Telecommunication Network, AFTN);

ЖЖ - жоғары жиілік;

ЖӨЖ - жергілікті әуе желілері;

ЖДП - жергілікті диспетчерлік пункт;




ӨЖЖ - өте жоғары жиілік;

Әуе трассаларында және жергілікті диспетчерлік пункт аудандарында әуе қозғалысына қызмет көрсету үшін авиациялық әуе радиобайланысын ұйымдастырудың үлгілік сұлбасы



	Аукым	Жиілік, МГц	Жабдық	Радиожелінің атауы
	ӨЖЖ		ӨО, ЖДП	ӨО аймағы, ЖДП
	ЖЖ		ОО, ЖДП	ӨО аймағы, ЖДП
	ЖЖ		ӨО	ЖЖ аумағындағы ӨО өзара әрекет ету радиожелісі
	ӨЖЖ	124,0	ӨО, ЖДП	Арнайы байланыс (басқа ведомстволардың ӘК-мен)
	ӨЖЖ	121,5	ӨО, ЖДП	Апаттық-құтқару

Авиациялық электрбайланыс құралдарының шартты белгілері




№ №	Байланыс құралдары мен нысандарының атауы	Шартты белгілері
1	Радиостанция	
2	Бас радиостанция *)	
3	Әуе кемесіндегі радиостанция	

- *) - үшбұрыш қара түспен боялады
 Пайдаланылатын қысқартылған сөздер:
 ӘК - әуе кемесі;
 ЖЖ - жоғары жиілік;
 ЖДП - жергілікті диспетчерлік пункт;
 ӘҚҚ - әуе қозғалысына қызмет көрсету;
 ӨЖЖ - өте жоғары жиілік;
 ӨО - өңірлік орталық.

Әуеайлақ аудандарында әуе қозғалысына қызмет көрсету үшін авиациялық әуе радиобайланысын ұйымдастырудың үлгілік сұлбасы

Аукым	Жиілік, МГц	Жабдық	Радиожелінің атауы
ӨЖЖ		ЖДП-1,2,3	Жақындау (секторлар саны бойынша)
ӨЖЖ		ШДП	Шеңбер
ӨЖЖ		Мұнара	Үшу, Қону
ӨЖЖ		РДП	Рулдеу
ӨЖЖ	124,0	ЖДП, РДП	Арнайы байланыс (басқа ведомстволардың ӘК-мен)
ӨЖЖ	121,5	ЖДП	Апаттық-құтқару
ӨЖЖ		Метеоорталық	Метеохабарлау (АТИС)

Авиациялық электрбайланыс құралдарының шартты белгілері

№ №	Байланыс құралдары мен нысандарының атауы	Шартты белгілері
1	Бас радиостанция *)	
2	Радиотаратқыш	
3	Әуе кемесіндегі радиостанция	

*) - үшбұрыш қара түспен боялады

Пайдаланылатын қысқартылған сөздер:

АТИС - (англ. Automatic Terminal Information Service, ATIS);

ӘК - әуе кемесі;

ЖЖ - жоғары жиілік;

ШДП - "Шеңбер" диспетчерлік пункті;

РДП - "Рулдеу" диспетчерлік пункті;


ДПП - "Жақындау" диспетчерлік пункті;

ЖДП - жергілікті диспетчерлік пункт;

ӘҚҚ - әуе қозғалысына қызмет көрсету;

ӨЖЖ - өте жоғары жиілік;

Әуе қозғалысына қызмет көрсету бойынша азаматтық авиация кәсіпорнының авиациялық жерүсті электробайланысын ұйымдастырудың үлгілік сұлбасы



Ескертпе: белгі арқылы бөгде опреторлар жалға алатын байланыс арналары көрсетілген

Авиациялық электробайланыс құралдарының шартты белгілері

1. Радио және радиорелелі байланыс құралдары








№ №	Байланыс құралдары мен нысандарының атауы	Шартты белгілері
1	Радиостанция	
2	Бас радиостанция *)	
3	Автомобилдегі радиостанция	






4	Шағын радиостанция (алып жүретін)	
5	Радиотаратқыш	
6	Радиоқабылдағыш	
7	Радиорелелі станция	
8	Радиорелелі станция (бір жартылай жинақ)	
9	Спутникті байланыстың жердегі станциясы (СБЖС)	

*) - үшбұрыш кара түспен боялады

Авиациялық электробайланыс құралдарының шартты белгілері

2. Сымдық байланыс құралдары

№ №	Байланыс құралдары мен нысандарының атауы	Шартты белгілері
1	Телефон аппараты, жалпы міндеті	
2	Телеграфтық аппарат, АФТН соңғы станциясы, жалпы міндеті	
3	Деректерді беру аппаратурасы (ДБА)	
4	Қатты дауыс шығаратын байланыс (ҚДБ) аппаратурасы	
5	Факсимилді аппарат	
6	Автоматты телефон станциясы (АТС)	
7	Диспетчерлік дауыстық байланыс аппаратурасы *)	

8	АФТН Хабарларын таратудың бас орталығы (ХТБО)**)	
9	АФТН хабарларын тарату орталығы (ХТО)	
10	Арналарды уақытша бөлу мультиплексоры	
11	Дыбыстық ақпаратты құжаттау аппаратурасы	
12	Шартты белгісі жоқбайланыс арналарын ұйымдастыруға арналған жабдық ***)	

*) - шеңбер қара түске боялады

**) - алтыбұрыш қара түске боялады

***) - тікбұрышта жабдықтың атауы көрсетіледі

Пайдаланылатын қысқартулар:

АТИС - (англ. Automatic Terminal Information Service, ATIS);

АФТН - (англ. Aeronautical Fixed Telecommunication Network, AFTN);

ТОБЖ - талшықты-оптикалық байланыс желісі;

ӘІБ - әуежай ішіндегі байланыс;

КГЖ - курстық-глиссадтық жүйе;

ӘҚБ АҚК - әуе қозғалысын басқарудың автоматтандырылған құралдарының кешені;

ЖНП - жеке навигациялық пункт;

ОРЛ - шолу радолокаторы;

ЖҚЖ - жеке қондыру жүйесі;

ӘҚҚ - әуе қозғалысына қызмет көрсету;

ӨЖЖ - өте жоғары жиілік;

ӘҚҚА - әуе қозғалысына қызмет көрсету ауданы.

Азаматтық авиацияда ұшуды және авиациялық радиобайланысты радиотехникалық қамтамасыз ету қағидаларына 23-қосымша

Тіркелген авиациялық электр байланыс желісінде жұмыс істеу технологиясы

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының тіркелген авиациялық электр байланыс желісінде (бұдан әрі - AFTN) жұмыс істеу технологиясы (бұдан әрі - Технология) халықаралық стандарттардың және "Авиациялық электр байланыс, Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға 10-қосымша, II том" аэронавигациялық қызмет көрсету қағидаларының негізінде әзірленген.

2. Технология Қазақстан Республикасының AFTN желісінде байланысты ұйымдастыру және жүргізу тәртібін айқындайды.

3. AFTN желісінде төмендегі хабарламалар өңделеді:

- 1) апат туралы;
- 2) шұғыл;
- 3) ұшу қауіпсіздігіне қатысты;
- 4) метеорологиялық;
- 5) ұшу тұрақтылығы туралы;
- 6) аэронавигациялық ақпарат қызметтері (бұдан әрі - ААҚ);
- 7) авиациялық әкімшілік;
- 8) қызметтік.

4. Барлық AFTN станциялары Дүниежүзілік үйлестірілген уақытты (бұдан әрі - UTC) қолданады. Түн жарымы тәуліктің соңы – 24 00, ал тәуліктің басы - 00.00 болып саналады.

5. "Күн-уақыт" тобы төрт цифрдан тұрады; алғашқы екі цифр айдың санын, ал соңғы төртеуі – сағат пен минуттарды (UTC) білдіреді.

AFTN желісіне хабарлама мәтінің жіберуге дайындағанда келесіні сақтаған қажет. Ақпараттарды, индекстерді, қысқаруларды, әріптерді, белгіленген белгілер тырнақшаға алынбайды.

6. AFTN желісіне хабарлама мәтінің жіберуге дайындағанда келесіні сақтаған қажет. Ақпараттарды, индекстерді, қысқаруларды, әріптерді, белгіленген белгілер тырнақшаға алынбайды.

2. AFTN желісін ұйымдастыру

7. Желіні жедел басқаруды кәсіпорынның Бас хабар тарату орталығы жүзеге асырады.

8. Желі Хабар тарату орталықтары мен шеткі станциялар кәсіпорынның филиалдары орналасқан жерге байланыстырылған тұрақты сипатқа ие.

3. AFTN станциясына жеделхаттарды толтыру және тарату **1-параграф. Хабарлама түрлері**

9. Хабарламалар өңдеу (AFTN станциясы арқылы өту) сатысына қарай төмендегілерге бөлінеді:

1) шығыс – жіберушілерден қабылдап алынған және осы станциядан желіге таратылатын хабарламалар;

2) транзиттік – осы станция арқылы өтетін және сонда өңделетін хабарламалар;

3) кіріс – желіден осы станцияға келіп түскен және осы станция адресаттарына жеткізілуге тиіс хабарламалар.

10. Жіберуші жасайтын адрестік тармаққа қарай хабарламалар төмендегідей бөлінеді:

1) бір мекенжайлы – адрес тармақ құрамында бір адресат индексі болады;

2) көп мекенжайлы – адрестік тармақ құрамында екі не одан көп адресат индексі немесе алдын ала анықтап таратуға арналған адрес индексі болады.

11. Мәтініне және өңдеу тәсіліне қарай хабарламалар төмендегідей бөлінеді:

1) нысандалған – қатаң белгіленген нысан бойынша құрастырылған мәтін;

2) қарапайым (мағыналық).

2-параграф. Хабарлама санаттары

12. AFTN желісінде төмендегі санаттағы хабарламалар өңделеді:

1) апаттар туралы ("СС" шұғылдық индексі). Хабарламалардың бұл санатына тікелей қауіптің төніп тұруы туралы хабарлайтын жылжымалы станция хабарламалары, сондай-ақ апатқа ұшыраған жылжымалы станцияға қажет шұғыл көмекке қатысты басқа хабарламалар жатады;

2) шұғыл ("ДД" шұғылдық индексі). Хабарламалардың бұл санатына әуе кемесінің, немесе басқа көлік құралдарының, немесе ӘК бортындағы не көзге көрінетін жердегі қандай болмасын тұлғаның қауіпсіздігіне қатысты хабарламалар жатады;

3) ұшу қауіпсіздігіне қатысты хабарламалар ("ФФ" шұғылдық индексі) төмендегілерді қамтиды:

ICAO PANS-ATM (Doc 4444) құжатында белгіленгендей, қозғалыс пен басқару туралы хабарламалар;

ұшып бара жатқан әуе кемесіне немесе ұшып шығуға дайындалып жатқан әуе кемесіне тікелей қатысы бар ұшу-пайдалану агенттігі толтырған хабарламалар;

"SIGMET" ақпаратымен, борттан келіп түскен арнайы хабарламалармен, "AIRMET" хабарламаларымен, вулкан күлі мен тропикалық циклондар туралы ақпаратпен және нақтыланған болжамдармен шектелген метеорологиялық хабарламалар.

4) метеорологиялық ("ГГ" шұғылдық индексі) мына хабарламаларды қамтиды :

ауа райы болжамы, мәселен, әуеайлақ, аудан, маршруттар бойынша болжамдар туралы;

бақылаулар мен хабарламаларға қатысты, мысалы, METAR, SPECI;

5) ұшу тұрақтылығы туралы хабарламалар ("ГГ" шұғылдық индексі) мына хабарламалардан тұрады:

салмақтық және орталықтандыру параметрлерін анықтау үшін әуе кемелерінің тиелуі туралы;

әуе кемелерінің ұшу кестесіндегі өзгерістер туралы;

әуе кемелеріне қызмет көрсету туралы;

қалыпты кестеден ауытқу себебінен жолаушылар, экипаж және жүкпен байланысты ұжымдық қажеттілік туралы;

жоспарланбаған қону туралы;

ӘК тұрақты емес ұшуына аэронавигациялық және пайдалану қызметтерін көрсетуге қатысты ұшу алдындағы шаралар туралы. Мысалы, ұшып өтуге рұқсат сұрау;

ұшу-пайдалану агенттіктері құрастырған, әуе кемесі ұшып келген немесе ұшып шыққан уақыты көрсетілетін хабарламалар;

әуе кемесінің ұшуын қамтамасыз ету үшін шұғыл түрде қажет қосалқы бөлшектер мен материалдарға қатысты хабарламалар;

6) ААҚ хабарламалары ("ГГ" шұғылдық индексі) мына хабарламаларды қамтиды:

а) NOTAM-ға қатысты хабарламалар;

б) SNOWTAM-ға қатысты хабарламалар;

7) авиациялық әкімшілік хабарламалар ("КК" шұғылдық индексі) мына хабарламаларды қамтиды:

қауіпсіздікті, әуе кемелерінің ұшу тұрақтылығын қамтамасыз етуге арналған құралдарды пайдалану немесе оларға техникалық қызмет көрсетуге қатысты;

аэронавигациялық ақпарат қызметінің жұмысына қатысты;

азаматтық авиацияның өкілетті органдары алмасатын және аэронавигациялық қызмет көрсетуге қатысты;

шұғылдық дәрежесіне қарай авиапошта немесе басқа желілер арқылы жіберілмейтін хабарламалар;

8) қызметтік хабарламалар (жағдайға қатысты қолданылатын шұғылдық индексімен). Хабарламалардың бұл санатына ақпаратты немесе AFTN станциясы дұрыс таратпады деп болжанған басқа хабарламаларға қатысты растауларды, арналардағы нөмірлер ретінің растауын және т.б. алу мақсатында AFTN станциялары құрастырған хабарламалар.

AFTN станциялары қызметтік хабарламаларды орыс тілінде де, латын тілінде де жасауды және тануды қамтамасыз етеді. Қызметтік хабарламалар тіркелімі шектес AFTN станцияларының келісуі арқылы белгіленеді.

"СС" ("SS") шұғылдық индексі бар хабарламалардың алғандығын растайтын хабарламаларды қоспағанда, басқа қызметтік хабарламалар мәтіндегі бірінші топ секілді СЖЦ (SVC) қысқарған сөзімен белгіленеді.

Қызметтік хабарламадағы алынған хабарламаға сілтеме жасау тиісті таратылымды белгілеу топтарының немесе дереккөздің көмегімен жүргізіледі.

Хабарламаны кешіктіру немесе алмау себептерін анықтауға қатысты қызметтік хабарламалар осы Технологияның 1-қосымшасына сәйкес хабарламаларды кешіктіру немесе алмау себептеріне тексеру жүргізу ретімен сұралған хабарлама сонда өңделген AFTN станцияларына жіберіледі.

3-параграф. Таратылым кезектілігі

13. AFTN станциялары хабарламалардың бұрмалаусыз өтуін қамтамасыз етеді.

14. Көлемі 160 белгіге дейінгі шығыс жеделхаттар үшін желіге таратудың төмендегі уақыт нормативтері белгіленген:

- 1) "СС" ("SS") шұғылдық индексмен кезектен тыс, кідірмей;
- 2) "ДД" ("DD"), "ФФ" ("FF") шұғылдық индекстерімен 5 минутқа дейін;
- 3) "ГГ" ("GG") шұғылдық индекстерімен 10 минутқа дейін;
- 4) "КК" ("KK") шұғылдық индексмен 30 минутқа дейін.

Көлемі 160 белгіге дейінгі жеделхаттарды тарату уақыты әрбір қосымша 100 белгіге 1 минутқа көбейеді.

Көп мекенжайлық жеделхаттарды тарату уақыты осы Технологияның 26-тармағына сәйкес белгіленеді.

15. Транзиттік хабарламалар үшін AFTN станцияларында хабарламалар таратылымының (қайта таратылуының) төмендегідей кезектілігі белгіленеді:

Таратылым Шұғылдық

кезектілігі индексі

1 "СС";

2 "ДД ФФ";

3 "ГГ КК";

Бірдей шұғылдық индексі бар хабарламалар AFTN станциясына келіп түскен ретпен таратылады.

4-параграф. Жеделхаттарды құрастыру және AFTN станциясына беру

16. Технологияның 12-тармағында көрсетілген санатқа жататын хабарламалар ғана AFTN желісіне тарату үшін қабылданады.

17. Хабарламаларды желіге таратудың тиімділігін анықтау және мәтіннің дұрыс жазылуы хабарламаны құрастырған жіберушіге жүктеледі. AFTN станциясының қызметкерлері желіге тарату үшін станцияға жеткізілген жеделхаттың мәтінін өзгертпейді және түзетпейді.

18. AFTN желісіне таратуға арналған жеделхатты жіберуші құрастырады және адрестік жолы, дереккөз, мәтін және қызметтік мәліметтер болуы және олар төмендегі нысанға сәйкес келуіді:

"00 XXXXXXXX";

"000000 YYYYYYYYY";

"МӘТІН"

— лауазымды тұлғаның лауазымы, аты-жөні және қолы

Орынд.: тұлғаның лауазымы, аты-жөні;

Телефон № (міндетті емес);

Күні (саны, айы, жылы);

ондағы, "00 XXXXXXXX" – адрестік жол (00 – шұғылдық индексі, "XXXXXXX" – адрес индексі). Адрестік жолда бірнеше адресаттың индексі болуы мүмкін;

"000000 YYYYYYYYY" – дереккөз ("000000" – жеделхатты беру уақыты, "YYYYYYYY" – жіберушінің индексі);

"Мәтін" – жеделхаттың мәтіндік бөлігі. Мәтіндік бөлігі қызметтік мәліметтерден тұтас көлденең сызықпен бөлінеді.

19. Хабарлама төмендегідей құрастырылуға тиіс:

1) егер адрестік жолдағы адресаттардың барлық индекстері "У" ("U") әрпінен басталса, орыс немесе латын әліпбиінде;

2) егер адрестік жолдағы адресаттардың біреуі болса да "У" ("U") әрпінен басқа әріптен басталатын болса, латын әліпбиінде.

Жеделхатта латын әріптерімен орыс сөздерін жазу қажет болса, осы Технологияның 2-қосымшасына сәйкес хабарламаларда латын әріптерімен орыс сөздерін жазу үшін пайдаланатын орыс алфавитінің латын әріптеріне сәйкестік кестесі қолданылады.

20. AFTN жіберу станциясы желіге тарату үшін желіге төмендегі жеделхаттарды қабылдайды:

1) осы мақсатта пайдалануға рұқсат етілген тізбек арқылы алынған;

2) жіберуші станцияға жеткізген және осы Технологияның 18-тармағында көрсетілген нысанға сәйкес келетін, көлемі жазу парағының жартысынан кем

болмайтын қағазға немесе арнайы дайындалған бланкіге сиямен немесе қара түсті пастамен қолдан жазылған, немесе басып жазылған және қол қою құқығы берілген лауазымды тұлғалар қол қойған.

AFTN станциясын басқаратын азаматтық авиация ұйымымен (филиалмен) келісу белгісі бар хабарламаларға қол қою құқығы бар лауазымды тұлғалар тізімінің түпнұсқасы осы Технологияның 3-қосымшасына сәйкес жіберушіге қызмет көрсететін станцияда сақталады.

21. Қызметтік мәліметтердегі қолтаңба жеделхатта көрсетілген лауазымды тұлғаға сәйкес болуға тиіс.

Лауазымды тұлға уақытша болмаған жағдайда оған рұқсат берілген шұғылдық санаты мен жіберушінің индексі бар жеделхатқа оның міндетін атқаратын тұлға қол қоя алады. Бұл жағдайда жеделхат бланкісінде жеделхатқа қол қоятын тұлғаның уақытша лауазымы көрсетіледі.

